

Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті

ӘОЖ: 339.543.4 (47757)

Қолжазба құқығында

ЖАМКЕЕВА МАХАББАТ КАНГОЖИЕВНА

Қазақстан Республикасының астық өнімдеріне тарифтік және баға саясатын жетілдірудің экономикалық аспектілері

6D050600 –Экономика

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
экон. ғыл.докт., проф.
Турекулова Д.М.
PhD докторы
Е.Kuduz

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2014

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 МЕМЛЕКЕТТІҢ ТАРИФ ЖӘНЕ БАҒА САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	9
1.1 Мемлекеттің тариф және баға саясатының мазмұны, қағидаттары және бағыттары.....	9
1.2 Астық өнімдеріне тарифтік және баға саясатын жүзеге асырудың теориялық және әдіснамалық негіздері.....	14
1.3 Астық өнімдеріне тарифтік және баға саясатын қалыптастыру мен жүзеге асырудың шетел тәжірибесі.....	24
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АСТЫҚ ӨНІМДЕРІНЕ ТАРИФ ЖӘНЕ БАҒА САЯСАТЫН ЗЕРТТЕУ	42
2.1 Қазақстан Республикасының тауар айналымындағы баға мен кеден тарифтерінің динамикасын талдау.....	42
2.2 Астық өнімдеріне бағаны қалыптастыруда кедендік тариф белгілеудің экономикалық тиімділігін талдау.....	62
2.3 Астық өнімдері бағасын қалыптастыруға әсер ететін салыстырмалы артықшылықтарды талдау.....	69
3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСТЫҚ ӨНІМДЕРІНЕ ТАРИФ ЖӘНЕ БАҒА БЕЛГІЛЕУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	82
3.1 Астық өнімдеріне бағаны қалыптастыруда кедендік тарифтерді тиімді пайдалану жолдары.....	82
3.2 Экспортқа бағытталған астық өнімдерді дамытудың сауда саясаты механизмдерінің қолданылуы.....	97
3.3 Қазақстанның Кеден Одағы аясында астық өнімдеріне кедендік тариф пен баға саясатының болашағы.....	103
ҚОРЫТЫНДЫ.....	126
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	129
ҚОСЫМШАЛАР.....	133

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы
БЭЖ – Біртұтас экономикалық кеңістік
ДСҰ – Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕО – Еуропалық одақ
ЕурАзЭҚ – Еуразиялық экономикалық қауымдастық
ЖІӨ – Жалпы ішкі өнім
КО – Кеден одағы
КО ЖО – Кеден одағының Жоғарғы органы
СЭҚ – Сыртқы экономикалық қызмет
ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ЕСЖ – Еурази ялық сауда жүйесі
ХВҚ – Халықаралық валюталық қор
ЖПР – Жалпыға пайдалы режим
СЭҚ ТН – Сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасы
ҚҚС – Қосылған құн салығы
т.б. – тағы басқалары
ЮНКТАД – Біріккен ұлттар ұйымының сауда мен даму бойынша конференциясы
ТСБК – тарифтер мен сауда бойынша бес келісім
БСК – Бірінғай сауда кодексі
ТБИ – Тұтынушы бағалар индексі
Имп. – импорт
Эксп. – экспорт
РКА – Ресейлік кеден академиясы
ГФР – Германиялық федеративтік республика
т.с.с. – тағы сол сияқты
БР – Беларусь Республикасы
ҚР – Қазақстан Республикасы
РФ – Ресей Федерациясы
АСЗХИ – Азық-түлік саясатын зерттеудің халықаралық институты
СРТ – Фрахт/ тасымалдау ... дейін төленді
DAF – шекараға дейін жеткізу
FOB – Франко борт
ҚР КҚ БААЖ – Қазақстан Республикасының кедендік қызметін басқарудың автоматты ақпараттық жүйесі

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы астық өнімдерін зерттеуге және кешенді реттеу жүргізу негізінде аталған сала бойынша тариф және баға саясатын жетілдірудің экономикалық тетіктерін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар беруге арналады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасы Президенті еліміздің алдына 2050 жылға дейін әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру жөнінде басты мақсат қойды. Мұнымен экономикалық өсуге әсер ететін негізгі факторларды бағалайтын әдістемеде Қазақстанның әлемдегі рейтингтер жүйесіндегі өзектілігі анықталады және әрбір елдің бәсекеге қабілетін көтеру жолдары анықталады. Шаруашылықтың нарықтық жүйесінің әлсіз тұстарына экономикада жиі қайталанып тұратын дағдарыстар, соңғы уақытқа дейін орын алып келе жатқан мемлекеттің жеке сектормен серіктестік қарым-қатынастарының жоқтығы жатады. Мұның басты себебіне басқарудың нарықтық механизмдерінің толық-қанды іске асырылмауы, ұсыныс пен сұраныс арасындағы балансты қамтамасыз ететін жоспарлы-болжамды әдістердің қолданылмауы жататыны сөзсіз. Бұл жерде тұрақты түрде мониторинг жүргізу арқылы экономиканың даму шығындары мен нәтижелерін талдау және бағалау маңызды мәнге ие болады. Экономикалық өсу өндірістік кәсіпорындардың шаруашылық және экономикалық қызметінің оң нәтижелерінен туындайтыны анық. Отандық өндіріс көлемінің нақты өсімі халықтың өмір сүру деңгейі мен оның сапалық көрсеткіштерін арттыруға ықпалын тигізеді. Соңғы кездері бірінші орынға экономикалық өсудің жоғары қарқыны емес, оған қол жеткізудегі экономиканың алғышарттары мен шығындары, өнім шығаратын кәсіпорындардың баға саясаты мен олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары қойылады. Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылуға ұмтылысы екі кезеңді қамтиды.

Бірінші кезең ХХІ ғасырдағы «мүмкіндіктер көзін» пайдалана отырып, жаңғыру серпілісін жасау қажет болатын 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтыса, Қазақстан осы мерзімде дамыған елдердің өткен жүзжылдықтағы индустриялық дүмпу кезінде жасағанын жүзеге асыруы қажет. Мұны іске асыру үшін Оңтүстік Корея, Сингапур сияқты елдердің тәжірибесін пайдаланған жөн. Бұл кезеңде отандық экономика дәстүрлі салалардың қарқынды өсімін қамтамасыз етіп, қуатты индустриялық өңдеуші секторды құруы тиіс.

Екінші кезеңде 2030-2050 жылдар аралығында еліміздің ғылыми қамтымды және жасыл экономика қағидаттарына негізделген орнықты дамуын қамтамасыз ету қажет. Біз қуатты өңдеуші өнеркәсіп қалыптастырамыз. Дәстүрлі салаларда жоғары өңделген өнімдер шығаруға көшу жүзеге асырылып, ғылыми қамтымды экономиканың базасы ретінде инжинирингтік қызметтер дамиды [1].

Қазақстан мемлекеті қосылған құны жоғары өнімдерді өндіру мен экспорттауға несие берудің және сақтандырудың тетігін қалыптастырумен

айналысып келеді. Осы бағытта несие беруді дамыту мен Қазақстандық экспорттерлердің әлемдік нарыққа шығуларын оңайлату мақсатында экспорттық-импорттық құрылымын жасау, сонымен бірге кейбір жекелеген елдер мен аймақтарға қатысты іріктемелі сыртқы экономикалық саясатты жүргізу көзделінуде.

Сыртқы сауда экспортпен импортты қамтиды. Өндірістің қазіргі қалыптасып отырған құрылымына байланысты Қазақстан экспортының едәуір үлесі әзірше шикізатқа, түсті металдарға, материалдарға, отынға, астыққа және шала фабрикаларға тиіп отыр.

Сонымен бірге қазіргі кезде өндірістің қалыптасқан құрылымына байланысты Қазақстан экспортының едәуір үлесі минералдық өнімдерге – 50% тиеді, оның үстіне мұнай мен газ конденсатының үлес салмағы 50% құрайды. Металлургия өнеркәсібінің өнімі 22,4 %, химия өнеркәсібінің өнімі 5%, азық-түлік тауарларымен оларды өндіруге арналған шикізат 7% алады. Агроөнеркәсіп кешенінің негізгі баптары мақта талшығы, астық және былғары шикізаттар болып қалуда.

Бүгінгі таңда экономиканы тұрақты дамыту жолына өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары өнімдерін барынша кеңейту арқылы ішкі және сыртқы нарық сұраныстарын қанағаттандыру арқылы бюджетті толықтыру жатады. Ұлттық байлығының денін осы саладан құрап отырған елдер қаншама. Демек, осындай әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдер қатарына жету үшін еліміздегі осы саланы дамытуға жан-жақты қолдау көрстеілуі өажет. Оған қол жеткізу үшін баға және тариф реттеу саясатын ұтымды жүргізу маңызды мәселелер қатарына жатады. Осы тұрғыдан алғанда таңдалып алынған тақырып өзінің өзектілігімен ерекшеленеді.

Мәселенің зерттелу дәрежесі. Көпжақты және күрделі мәселе болып табылатын мемлекеттің астық өнімдеріне баға мен тарифті реттеудің теориялық және экономикалық аспектілерін зерттеуге отандық және шетелдік ғалымдардың көптеген еңбектері арналады.

Ресейлік ғалымдардың ішінде кедендік тарифтерді реттеу және олардың сыртқы экономикалық байланыстағы алатын орны жөніндегі мәселелер бойынша келесі ғалымдардың еңбектері зерттеу жұмысы үшін маңызды болды: Разумов Я., Кулишер И., Данильцев А.В., Авдокушин Е.Ф., Козырин А.Н., Трошкина Т.Н. және т.б. Қазақстанның сыртқы экономикасы мен Кеден одағының теориялық-әдістемелік аспектілерін зерттеген: Қожамқұлов Қ., Мұсатаев М., Текенов У.А., Байзаков С., С.Т.Алибеков, Д.М.Мадиярова, Үмбетәлиев А.Д., Керімбек Ғ.Е., Шеденов Ө.Қ., Байжомартов Ү.С., Жүнісов Б.А., Есентугелов А. және т.б.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты - астық өнімдеріне баға мен кедендік тариф белгілеудің экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған. Астық өнімдеріне бағаны қалыптастыруда кедендік тарифтерді тиімді пайдалану жолдары мен Қазақстанның Кеден Одағы аясында астық өнімдеріне баға мен кедендік тариф белгілеу саясатының болашағын айқындау.

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес келесі **міндеттерді** шешу көзделген:

- мемлекеттің баға және кедендік тариф белгілеу саясатының теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу,
- салыстырмалы артықшылықтар теориясының бағаны қалыптастырудағы рөлін анықтау;
- тауар бағасын қалыптастырудағы кедендік тарифтің алатын орнын теориялық тұрғыда негіздеу;
- Қазақстан экономикасында астық өнімдеріне баға мен кедендік тарифті белгілеу саясатына баға беру;
- астық өнімдеріне баға мен тарифтік реттеудің экономикалық тиімділігін арттыру жолдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі болып Қазақстанның астық өнімдеріне баға мен тарифті қалыптастыру механизмі алынды.

Зерттеу пәні– астық өнімдеріне тариф және баға саясатын жетілдірудің экономикалық аспектілерін қалыптастырудан туындайтын өндірістік – экономикалық қатынастар жиынтығы

Зерттеудің әдістемелік негізі. Зерттеу барысында жүйелік талдау, салыстыру, жалпылау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері. Зерттеудің әдістемелік негізін отандық және шетелдердің экономист- ғалымдарының тариф және баға саясатына қатысты жазған ғылыми және тәжірибелік еңбектері, халықаралық және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттары мен заңнамалық актілері құрайды. Диссертацияда пайдаланылған зерттеу әдістеріне салыстырмалы әдіс, жалпылау және графикалық әдістері кірді. Қолданбалы зерттеулер барысында классификациялау, топтарға бөлу, экономикалық-статистикалық талдау әдістері, зерттеліп жатқан үрдістердің құрылымы мен динамикасын талдау әдістері пайдаланылды. Зерттеудің теориялық негізін Қазақстан Республикасы статистика Агенттігінің статистикалық материалдарымен қатар мерзімді басылымдар, газеттер, журналдар құрайды.

Зерттеудің ақпараттық негізі ретінде мыналар пайдаланылды: Ашық баспада жарық көрген экономикалық зерттеулер нәтижелері; Отандық экономистер еңбектерінде жарық көрген фактілік материалдар, мерзімді басылымдар; ҚР Президенті тарапынан қабылданған құжаттар, стратегиялық шешімдер.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

- Мемлекеттік тариф пен баға жүйесінің теориялық - әдіснамалық негіздерін зерттеу негізінде оның экономикалық мазмұны ашылып, қағидалары, көрсеткіштері мен әдістері бір жүйеге келтірілді;

- Әлемдік экономикада тариф пен баға жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері мен озық үлгілері сараланып, жалпы мемлекеттік және аймақтық деңгейде пайдалану мүмкіндіктері анықталды;

- Астық өнімдері мысалында тариф пен бағаны қалыптастыру жүйесіне талдау жасалып, оның нәтижелеріне баға берілді;

- Астық өнімдеріне бағаны қалыптастырудағы тиімді кедендік тарифтерді айқындау жолдары ұсынылды;

- Қазақстанның Кедендік одақ аймағындағы астық өнімдеріне баға мен кедендік тарифтерді қалыптастыру бойынша нақты ұсыныстар берілген.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар

- Қазақстан Республикасы жаһандануы жағдайындағы тариф пен баға саясатының жүйесін талдау нәтижелері;

- Астық өнімдері мысалында кедендік тариф пен бағаны қалыптастырудың оңтайлы нысандары;

- Кедендік тарифтерді айқындау нәтижесінде тиімді бағаны қалыптастыру бойынша ұсыныстар;

- Кедендік одақ шеңберіндегі қазақстандық астық өнімдеріне кедендік тариф пен бағаны қалыптастыру жүйесін болашақта дамытудың басты бағыттары мен экономикалық аспектілерін жетілдіру жолдары.

Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы Кеден одағы жағдайында сыртқы экономиканы жетілдіру үрдісін дамыту жөніндегі нақты ұсыныстарды жасаудан тұрады. Зерттеудің нәтижелері мемлекеттік сыртқы сауда саясатын жасау кезінде қолданылуы мүмкін. Жұмыста көрсетілген жағдайлардың тәжірибелік мәні бар және Қазақстан Республикасы сыртқы экономикасының қызмет етуінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын ары қарай зерттеу жолдарын анықтауға негіз бола алады. Сондай-ақ диссертациялық зерттеу жұмыс мәліметтері бірқатар экономикалық пәндерді оқыту үрдісінде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және ендіру. Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен қорытындылары халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен форумдарда, оның ішінде: «Кедендік тарифті айқындаудың шетелдік тәжірибесі» (Тенденции и приоритеты развития мировой и казахстанской экономики в XXI веке, «Customs and tariff regulations within the introduction in the Customs union» (1st International conference «European Applied Sciences: modern approaches in Scientific researches»), «Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты даму жағдайындағы кедендік реттеу» (Салық, бюджет және экономика саласында кадрларды дайындау жүйесінің өзекті мәселелері), «The analysis of the export markets and pricing in the world markets of grain» («Новое слово в науке и практике: гипотезы и апробация результатов исследования» атты XII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция маатриалдарының жинағы, «Features of pricing in the market of grain and products of its processing» («Экономика и управление в XVII веке» атты XII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция маатриалдарының жинағы) сонымен қатар ғылыми зерттеу журналдарында «Транзиттік экономика» (№ 3, 2010 г.), «Транзиттік экономика» (№5-6, 2011), «Экономика и статистика» (№4, 2013), «ACTUAL PROBLEMS OF ECONOMICS» (National Academy of Management, Украина, қыркүйек 2012).

Басылымдар. Зерттеу тақырыбы бойынша 10 жұмыс жарияланған, соның ішінде 1 ғылыми мақала Thomson Reuters компаниясының мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда жарияланған, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы экономикалық басылымдарда жарияланған, 5 тезистік баяндамалар халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларда талқыланды, соның ішінде 3 мақала шетелдік конференцияларда.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, қосымшадан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 МЕМЛЕКЕТТІҢ ТАРИФ ПЕН БАҒА САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Мемлекеттің тариф және баға саясатының мазмұны, қағидаттары және бағыттары

Кез-келген елдің мемлекеттік бюджеті салықтық және кедендік төлемдерден негіз алатындығы туралы белгілі. Кедендік төлем деп Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы тауар және көлік құралдарын тасымалдау процесіне қатысатын тұлғалардан алынатын ақша құралдарын атаймыз. Бұл төлемдерді төлеу сыртқы саудамен байланысты операциялардың ең негізгі шарттары болып табылады.

Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасының Кеден ісі туралы” Кодексі кедендік төлемдерді есептеу және төлеу тәртібін, негізгі ережелерін, тарифтік жеңілдік пен тарифтік преференцияларды, тауардың шыққан елін анықтау мәселелерін реттейтін бөлімдерден тұрады.

Кедендік төлемдерді төлеу мерзімі тауарлармен жүзеге асырылған операцияларға байланысты болады. Тауарды Қазақстан Республикасы кедендік аумағына сырттан әкелген кезде кедендік төлем кедендік декларация тапсырылған күнге дейін төленуі керек. Егер кедендік декларация белгіленген уақытта табыс етілмесе, онда кедендік төлемдер декларация тапсырылған күн өтіп кеткен күннен бастап есептеледі.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткен тауарларды өткізген кезде кедендік төлемдердің төлеуін бақылауды кедендік орган жүзеге асырады. Кедендік төлемді өндіріп алу және төлеу кезінде кедендік заңнамаларды бақылау бұл сала бойынша тәуекелділік басқару жүйесін дамыту мен енгізуді қажет етеді. Тәуекелділікті басқару жүйесінің мақсаты – Қазақстан Республикасы кедендік заңнамасының бұзылуына жол бермейтін тиімді кедендік бақылауды жүзеге асыратын кедендік реттеу жүйесінің пайда болуына көмектесу болып табылады. Өйткені кедендік заңнамадағы бұзушылықтар кедендік төлемдер мен салықтардың үлкен көлемде төленбеуіне, мемлекеттің кедендік органдарға тапсырылған өзге маңызды міндеттерінің жүзеге аспауына, отандық тауарды өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігінің әлсіреуіне себеп болды.

Кедендік төлемдерді төлеудің шарттары ұлттық заңнама бойынша анықталады. Кедендік төлемдер бойынша міндеттің пайда болуы және бұл міндеттемелердің қай кезеңде тоқталатындығы Қазақстан Республикасының Кеден Кодексінде көрсетілген.

Кеден декларациясы тапсырылғанға дейін тауарларды шығарған кезде кедендік баждар мен салықтар тауарлар кедендік органға ұсынылғаннан бастап он бес күннен кем емес мерзімде төленуі тиіс. Егер мұндай тауарлар алдын ала декларацияланса, кедендік баждар мен салықтар тауарлар шыққан күннен кешіктірілмей төленуі тиіс [2].

Қазақстан Республикасының Кедендік Кодексіне сәйкес кедендік төлемді төлеу міндеті пайда болатын процедураларының шарттары не талаптары

бұзылған жағдайда кедендік төлемді төлеу күні деп бұзылған күн болып есептеледі. Егер ондай күн бекітілмесе төлем күні болып бұл кедендік процедура басталған күн саналады. Кедендік төлемді алдын ала төлеуге де болады.

Кедендік төлемдерді төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Кедендік Кодексінде анықталған. Соған сәйкес кедендік баждар мен салықтар Қазыналық Қорына аударылады. Егер тауарлар жеке мақсатта пайдалану үшін шекарадан өткізілсе, олар жеке тұлғалар арқылы кедендік орган кассасына не Қорға жиынтық кедендік төлем ретінде аударылады [3].

Қазақстан Республикасы аумағында келесі кедендік төлемдер қолданылады: кедендік әкелу бажы, кедендік әкету бажы, тауарларды кедендік декларациялау үшін, алып жүру үшін кедендік алымдар, алдын ала шешім үшін төлем.

Кедендік төлемдер мен салықтарға мыналар жатады:

1. Әкелу бажы;
2. Кедендік әкету бажы;
3. Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу кезіндегі өндіріп алынатын қосылған құн салығы
4. Кеден одағының кедендік аумағына тауарларды әкелу кезінде өндіріп алынатын акциз;
5. Кедендік алымдар (тауарларды кедендік декларациялау үшін, алып жүру үшін кедендік алымдар, алдын ала шешім үшін алымдар).

Бұдан көрінетін жайт, кедендік төлемдерге келесі міндетті жарналардың түрлері жатады: салық, алым, баж және төлем.

С.Байзақовтың айтуынша «Кедендік тариф – бұл бекітілген кедендік баждардың жиынтығы. Ал кедендік баж дегеніміз – протекционистік немесе фискалдық мақсатында кедендік шекара арқылы тасымалданатын тауарлардан мемлекет тарапына төленетін салықтар» [4].

В.А. Некрасов пен И.А. Джандарбековтың еңбектерін зерттей отырып «Қазақстан Республикасының кедендік тарифі сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес жүйеленген, кедендік шекара арқылы тасымалданатын тауарларға қатысты қолданылатын кедендік төлемдер мөлшерлемелерінің жиынтығы» деген шешеімге келуге болады [5].

У.А. Текеновтың айтуынша «Кедендік төлемдер Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын тауарлардан алынатын ақша құралдары (салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдер) [6].

Кедендік төлем институты сыртқы сауданы кедендік-тарифтік реттеу мазмұнымен тығыз байланысты. Заң негізінде кедендік-тарифтік реттеу шараларына кедендік әкету және кедендік әкелу бажы жатады.

Кедендік әкелу бажы әлемдік тәжірибеде кең таралса, кедендік әкету бажы жиі кездеспейді.

Кедендік баждың көлемін анықтауда тауардың кедендік құны маңызды орын алады. Тауардың кедендік құнын дұрыс анықтау салық салудың теңдік

және әділдік қағидаларының жүзеге асуының кепілдігі болып табылады. Кедендік құнның көлемі кедендік құн мен оны анықтаудың әдістері компоненттеріне байланысты болып келеді.

Ал кедендік әкелу баж ставкасын таңдау тауардың шығу еліне байланысты болады. Тауардың шыққан елі туралы мәлімет кедендік органдар тауарды декларацияланған кезде анықтайды.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ҚР шекарасына әкелінетін тауарларға қатысты еліміздің экономикалық қызметін қорғау мақсатында арнайы кедендік баж түрлері қолданылуы мүмкін:

- 1) арнайы кедендік баж;
- 2) антидемпингтік кедендік баж;
- 3) өтемдік кедендік баж [7].

Жоғарыда аталған кедендік баж түрлері тек келесі мақсаттағы арнайы зерттеулерден кейін пайдалануға беріледі:

- ел экономикасына залал келтіріп отырған немесе келтіруі мүмкін жағдайға негізделген импорт көлемінің өсіп кетуінен;
- экономика саласына залал келтіруі мүмкін немесе ел экономикасы саласы дамуын бәсеңдетуге негізделген демпингтік немесе субсидиялық импорт көлемінің өсіп кетуінен.

Арнайы қорғау, антидемпингтік және өтеу баждары кедендік баждарға тәуелсіз кедендік органдар арқылы алынады.

Антидемпингтік баж – Қазақстан Республикасының шекарасы аумағында тауар құны елдегі тауар құнынан төмен болған кезде пайдаланады. Бұл тауар құны мұндай тауарды өндірушілерге залал келтірген кезде және ҚР шеңберінде өндірісті кеңейтуге немесе ұйымдастыруға кедергі әкелген жағдайда пайдаланылады.

Антидемпингтік баж сомасы әкелінетін тауар сомасы мен елдегі тауар сомасы арасындағы айырмашылық сомасынан аспауы тиіс.

Қауіпсіздік бажы - ел аумағына отандық тауар өндірушілерге немесе бәсекелесетін тауарларға залал келтіретін тауарлардың белгілі бір көлемде және шартта алып келген жағдайда пайдаланылады. Бұл баждың түрі кедендік органдармен тауардың кедендік құнынан пайызбен алынады және ҚР кедендік тарифінің ставкаларының үстіне есептеледі.

Өтем бажы – тауарларды ҚР аумағына әкелген кезде, өндірген немесе сыртқа шығарылған кезде арнайы субсидия пайдаланған кезде және бұл шығарылым мұндай тауарды өндірушілерге залал келтірген кезде және ҚР шеңберінде өндірісті кеңейтуге немесе ұйымдастыруға кедергі әкелген жағдайда пайдаланылады[8].

Нарықтық экономикада мемлекет сыртқыэкономикалық қызметті елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жалпы ұлттық мүдделерді қорғау мақсаттарында жүзеге асырады. Мемлекеттік органдардың сыртқыэкономикалық қызметті реттеу бойынша қызметі барлық елдерде жүзеге асырылады, бірақ оның масштабтарын, нысандары мен әдістерін, нақты

мақсаттары мен міндеттерін әрбір ел өзінің масштабтарына, қазіргі әлемдегі жағдайына, мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатына қарай анықтайды.

Сыртқы сауданы реттеудің классикалық құралы болып кедендік тариф табылады, ол өзінің әрекет ету сипаты бойынша сыртқы сауданы реттеудің экономикалық реттеушілеріне жатады[6].

Кедендік тариф (customs tariff) контекстіне байланысты төмендегідей анықталады:

а) елдің ішкі нарығын оның әлемдік нарықпен әрекеттесуі кезіндегі сауда саясаты мен мемлекеттік реттеу құралы;

б) кедендік шекарадан өтетін, СЭҚ тауарлы номенклатурасына сәйкес жүйеге келтірілген кедендік баждар ставкаларының жиынтығы;

г) белгілі бір тауарды елдің кедендік аумағына кіргізген немесе одан шығарған кезде төленуге жататын кедендік баждың нақты ставкасы [9].

Әдетте кедендік тариф ұлттық деңгейде қолданылады, бірақ бірқатар елдер сауда-экономикалық топқа біріктіріліп кедендік одақ құрған кезде кедендік тариф қатысушы елдер үшін олардың үшінші елдермен сауда қатынастарында бірыңғай болып табылатын жалпы құралға айналады. Барлық қатысушы елдерді бір кедендік тарифі бар бірыңғай кедендік аумаққа біріктірген кедендік одаққа мысал ретінде Еуропалық экономикалық қауымдастықты алуға болады.

Кедендік тарифтер сәйкес кесте бойынша таратылатын тауарлар тізімінен тұратын тауарлы топтастырушылар негізінде құрылады. Бүгінгі таңда халықаралық тәжірибеде қолданылатын тауарлар топтастырушыларының кеңінен таралған түрі болып тауарларды сипаттау мен кодтаудың үндестірілген жүйесі табылады. Сонымен қатар, Брюсселдік кедендік номенклатура және БҰҰ стандартты халықаралық сауда топтастыруы кеңінен таралған.

Өкінішке орай, осы уақытқа дейін тиісті түрде іске асырылмаған өзге маңызды мән-жай болып кедендік тарифті бірыңғай салықтық жүйенің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажеттілігі табылады, ол кедендік төлемдерді жалпы салықтар құрылымының деңгейін оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып ішкі салықтармен тығыз байланыста қарастыру қажеттілігін білдіреді. Оңтайлы, тепе-теңестірілген кедендік тарифтерді құрудың, ғылыми үлгілері жасалмағанын ескере отырып «тұтынушылардың» тарифтерді өзгеруіне реакциясын бақылап, «түзетушілік» әсер етулерді жасай отырып осы мәселелерді көптеген жағдайда эмпирикалық жолмен шешуге тура келеді. Осы жағдайда экономикалық даму және сауда Министрлігі мен кедендік органдар ролін артық бағалау мүмкін емес десек те болады. Кедендік және салықтық ведомстволар оңтайлы шешім табуы тиіс: мүмкін, кейбір жағдайларда, егер белгілі бір сала мүлдем жұмысқа қабелтсіз болса, осы тауардың кіргізу көлемін максималды түрде жеделдету үшін кеденде аз алып, ол ақшаларды ішкі салықта алуға болатын шығар. Бірақ стратегиялық маңызы бар тауралар – азық-түлік, дәрі-дәрмектер және т.б. бар екенін естен шығарамаған жөн. Мәселен, туберкулезге қарсы сырысумен мәселе пайда болғанды мысалға келтіруге болады. Біздің кәсіпорындар жабылып, сарысу

Франциядан сатып алынды. Бізде тек қана бір өндіріс қалған кезде француз өндірушілері бірнеше рет бағасын көтерді. Соңғы кәсіпорынды қалпына келтіріп алғанымыз жақсы болды [10]. Тағы бір мәселе: кедендік органдар өз позициясын сыртқы сауданы максималды түрде либерализациялауды талап ететін ХВҚ байланыстыруы тиіс. ХВҚ оны белгілі бір шектеу деп есептей отырып аралас ставкалардан бас тартуымызды талап етіп отыр. Сондықтан, Қазақстан екі оттың арасында деп айтуға болады: бір жағынан, максималды толықтығымен төлемдерді жинауды қамтамасыз ету қажет; екінші жағынан - ХВҚ талаптарын ескеру қажет, сондықтан, кедендік тарифті кез келген түрде өзгерткен кезде тепе-теңестірілген шешімдер қабылдануы тиіс. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып қазіргі жағдайларда жалпы кедендік-тарифтік салық салу деңгейін анықтаған және кедендік төлемдер ставкаларының нақты мөлшерлерін белгілеу бойынша ұсыныстарды жасау кезінде олардың шешілуі тарифтің көмегімен қамтамасыз етілуі. Мемлекеттерге кедендік баждардан босату не оның ставкаларын төмендету немесе тауарларды преференциялық әкелуге (әкетуге) квота белгілеу нысанында берілетін сыртқы экономикалық қызмет саласындағы арнайы артықшылықтар тарифтік преференциялар деп танылады. Тарифтік преференция қолданалатын тауарлар тізбесі дамыған және дамушы елдерге қатысты теңдей анықталады. Преференциалдық артықшылықтар кедендік баждан босату түрінде не кедендік баж ставкасының төмендеуіне негізделді [11].

Қазақстанда 1996 жылға дейін экспорттық баждар жұмыс істеді. Экспорттық кеден баждары үкімет анықтайтын тізбе бойынша тауарлардың жеке түрлеріне салынды. Экспорттық баждар меншік нысанына және тіркеу орнына қарамастан заңды тұлғалардан, сондай-ақ тауарларды экспортқа шығаратын жеке тұлғалардан өндіріп алды. Экспорттық баждарды шетелдік валютада экспортерлер төлейді және тауарлар мен қызметтер көрсетудің кедек құнына есептеледі. Бартерлік операциялары бойынша тауарлардың әкетілімі кезінде баждың мөршелемесі сақталады. Экспорттық кеден баждары көптеген мемлекеттерде қолданылады және сыртқы сауда айналымының, дүниежүзілік нарықтардағы тауарлар бағасының, олардың бәсекеге жарамдылығын шынайы реттеу іші болып қалуда және жалпы бұл рыноктардың конъюктурасына әсер етеді. Экспорттық кедек баждарының экономикалық мәні – абсолюттік рента. Оны шетелдік сатып алушы төлейді [12]. Кеден баждарының түрлерін (кесте 1). көрсетілген.

Кесте 1- Кеден баждарының түрлері

Алу әдісі бойынша	Айрықшалықты	Адвалорлық	Құрамдастырылған
1	2	3	4
Салық салу объектісі бойынша	Импорттық	Экспорттық	Транзиттік
Сипаты бойынша	Маусымдық	Демпинкке қарсы	Өтемдік
Шығу тегі бойынша	Дербес	Конвенциялық	Преференциялық

1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Мөлшерлемелердің типтері бойынша	Тұрақты	Ауыспалы	-
Есептеп шығару әдісі бойынша	Атаулы (номиналдық)	Тиімді	-
Ескерту - Свиныхова В.Р. Таможенно-тарифное регулирование внешнеэкономической деятельности и таможенная стоимость. Москва. Экономисть,2005-211			

Кестеде көрсетілгендей кеддендік төлемдер мен баждар ң негіхге топқа бөлінеді. Әрбір баж түрінің өзіндік анықтамасына, қолдану ерекшеліктері мен мерзімдеріне ие.

1.2 Астық өнімдеріне тарифтік және баға саясатын жүзеге асырудың теориялық және әдіснамалық негіздері

Кедендік тариф, тарифтік біртұтастық қағидасы негізінде немесе келісім бойынша орнатылуы мүмкін. Тарифтік біртұтастық қағидасына сәйкес ел тарифті дербес бекітеді және өз бастамашылығымен оны өзгерте алады. Көбінесе, біртұтас тарифі бар елдер өздерінің соңынан келісім жүргізу мүмкіндігін резервте сақтағысы келіп, осы мақсатпен көптеген тарифтер жүйесін орнатады[13].

Қорғаныстың тарифтік жүйесінің қолданылуы келесі жағдайларда қажетті нәтижелер әкеледі:

- импортты іс-жүзінде шектеп, отандық өндірушілерге өндірісінің дамуы үшін жағдайлар жасалған кезде. Өндірушілер сату көлемінің өсу есебінен, сол секілді импорттық тауарлармен салыстырғанда неғұрлым төмен бағаларды қоюдың арқасында ұтады;

- мұқият талдау жасалып, жоғары және төмен тарифтерді сайлау саясаты кезінде. Мысалы, автомобильдердің отандық жинақ өндірісін дамытқысы келетін Венесуэла, Колумбия және Эквадор дайын автомобильдерге жоғары 35%-ға дейінгі импорттық баждарды салуға және бір мезгілде жинақтаушы заттарға төмен деңгейде кеден баждарын қолдауға келісті. Бұндай жағдайларда өнім жеткізушілері әдетте, бағаларды төмен тетіге мәжбүр болады;

- кедендік тарифтердің енгізілуі мемлекеттік бюджеттің негізгі кіріс көздерінің бір болатын кезде. Бұл белгілі бір отандық өнім өндірісі ұлттық беделдің заты болып табылатын кездегі жас дамушы елдерге тән[14].

Ел ішінде пайданы бөлу саясатын жүргізу және халықтың аз қамтамасыз етілген тобын әлеуметтік қорғау негіздерін құру кездерінде, сондай-ақ экономикалық әлауқатын немесе елдің айналым қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір өнімнің қорларын қалыптастыру кезінде, соның ішінде болашақта дамушы елдер тарифтік шектеулерге немесе ынталандыруға барады.

Мемлекеттің саудаға әсер етуі деңгейі, соңғы жылдары көптеген тарифтік емес шектеулердің арқасында өсті, ол үкіметке бақылаусыз әрекет етуге мүмкіндік беретін жасырын сипаты әсерінен халықаралық саудада едәуір

белгісіздік туғызады. Сондықтан дүниежүзілік сауда ұйымы саудаға сандық шектеулер енгізуге қарсы болып, оларды тарифтіктермен алмастыруды қолдайды[15].

Кедендік-тарифтік реттеудің ерекше механизмі артықшылықтардың жалпыға бірдей жүйесі болып табылады. Оның мәнісі дамушы елдерден импорттау кезінде өнеркәсіптік дамыған елдердің біржақты тәртіпте кедендік-тарифтік жеңілдіктерді ұсынуынан тұрады. Артықшылықтардың жалпыға бірдей жүйесі дамушы елдердің экономикалық өсуіне, олардың экспорттайтын тауарлар көлемі мен жиынтығын кеңейтуге жәрдемдесуге арналған.

Адвалорлық ставка бойынша кедендік баж Қазақстанға және Кеден Одағы елдеріне тән, бірақ бюджетке түсуі көптеген факторларға, соның ішінде рынок жағдайына тәуелді. Адвалорлық ставка бойынша кедендік баж тауардың кедендік құнына пайызбен есептелінеді және келесі формулада көрсетілген (1):

$$\text{Кедендік баж} = \text{Кедендік құн} \times \text{Ставка \%} / 100 \quad (1)$$

Өзіндік ерекше кеден бажының өлшем бірлігі тауардың салмағы, көлемі және басқа да сипаттарына тәуелді болғанымен, тауар бағасына тікелей байланысты емес.

Өзіндік ерекше ставка бойынша кедендік баж келесі формула бойынша есептеледі (2):

$$\text{Кедендік баж} = \text{Тауар саны} \times \text{Ставка} \quad (2)$$

Кедендік баж тауарға қатысты аралас ставка арқылы келесідей есептеледі:

а) алдымен адвалорлық ставка есептеледі (1);

б) келесі кезекте өзіндік ерекше ставка формула бойынша есептеледі (2).

Есептелген екі көлем бойынша үлкені таңдалынып алынады. Бұл көлем кедендік бажды төлеуге қажетті көлем болып табылады [16].

Қазақстан Республикасының Салық Кодексі бойынша ҚҚС сомасын төлеушілер болып келесі тұлғалар танылады:

- Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұрған дара кәсіпкерлер, заңды тұлғалар;
- қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент еместер;
- Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттаушы тұлғалар.

Салық салу объектілері мыналар:

- 1) салық салынатын айналым;
- 2) салық салынатын импорт.

Қосылған құн салығының ставкасы 12 процентті құрайды және салық салынатын айналым мен салық салынатын импортың мөлшеріне қолданылады.

ҚҚС сомасын есептеу келесі формуламен жүзеге асады (3) :

$$\text{Қосымша құн салығы} = \text{Салық базасы} \times \text{Ставка, \%} / 100 \quad (3)$$

Мұндағы, салық базасы = Кедендік құн + Кедендік рәсімдеу бойынша төленуге тиісті кедендік алым + Төленуге тиісті кедендік баж + Төленуге тиісті акциз.

ҚҚС сомасын есептеу үшін салық базасына кедендік рәсімдеу үшін кедендік алым қосылады. Бір атты тауарды рәсімдеген кезде акциз және ҚҚС үшін базаны есептеу қиындық туғызбайды. Бірақ егер бірнеше түрлі тауарларды декларациялау қажет болғанда бұл мәселе негізгі болып табылады. Сондықтан әр тауар атауына келетін рәсімдеу үшін кедендік алымдар үшін жекелеген түрде тауар атауы санына ставкаларды қолдануға рұқсат етіледі.

ҚР Кедендік Кодексіне сәйкес акцизді төлеушілер болып келесі тұлғалар танылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарлар шығаратын;
- акцизделген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын;
- Қазақстан Республикасының аумағында бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

Мыналар акцизделетін тауарлар болып табылады:

1. Спирттің барлық түрлері;
2. Алкоголь өнімдері;
3. Темекі бұйымдары;
4. Ішкі мұнай, газ конденсаты;
5. Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны;
6. Қазақстан заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирт бар өнім.

Акциз ставкалары заттай нысандағы өлшем бірлігіне абсолюттік сомада белгіленеді [17].

Ставкалар бойынша акцизді есептеу келесі формуламен жүзеге асады (3):

$$\text{Акциз} = \text{Тауар саны} \times \text{Ставка(3)}$$

Акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы өндірілген, өткізілген заттай нысандағы акцизделетін тауарлар көлемі (саны) ретінде айқындалады [18].

Тауарларды шығарумен, тауарларды кедендік алып жүрумен байланысты іс-әрекеттер жасағаны үшін кеден органдары өндіріп алатын міндетті төлемдер кедендік алымдар деп танылады. Кедендік алымдардың ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Кедендік алымдардың мөлшері кедендік алымдар белгіленген іс-әрекеттерді жасағаны үшін кеден органдарының шамамен алынған шығындарының құнынан аспауға тиіс.

Кедендік алымдарға мыналар жатады:

- 1) кедендік алып жүру үшін кедендік алымдар;
- 2) тауарларды кедендік декларациялау үшін кедендік алымдар;
- 3) алдын ала жасалған шешім үшін төленетін ақы.

Кеден органдары тауарларды кедендік ілесіп алып жүру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде кедендік алым алады.

Тауарлар мен көлік құралдарын негізгі кедендік ресімдеу кезінде кедендік ресімдеу үшін ҚР-ның Үкіметі белгілеген мөлшерде кедендік алым алынады. Көрсетілген іс-әрекеттерді орындағаны үшін кеден органдары шығындарының құны кеден алымдарының мөлшерін айқындау үшін негіз болып табылады.

Иелері кеден органдары болып табылатын кеден қоймалары мен уақытша сақтау қоймаларында тауарларды сақтау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлерде кедендік алымдар алынады.

Кеден органдары алатын алымдарға:

1. лицензия бергені үшін алым;
2. кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын бергені үшін алым жатады.

Лицензия және кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатының берілгені үшін белгіленген алымдардың мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Лицензия бергені үшін алым кеден қоймасын құрғаны, бажсыз сауда жасайтын дүкен құрғаны, уақытша сақтау қоймасын құрғаны, бос қойма құрғаны, кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асырғаны, кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асырғаны үшін алынады.

Тауардың жіктемесіне, шығарылған елін және кедендік құнын айқындау әдіснамасына қатысты алдын ала шешім қабылдағаны үшін ҚР-ның Үкіметі белгілеген мөлшерде алдын ала шешім үшін төлемақы алынады [19].

Еліміздің қазіргі даму барысында маңызды орынды ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін сыртқы экономикалық байланыстарды жүзеге асыру концепциясы алады. Соған сәйкес жаңа экономикалық қатынастар пайда болды. Олар тек сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар шеңберін үлкейтіп ғана қоймай, мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін реттейтін құрал болып табылатын кедендік орган құрылымын өзгертуге әсерін тигізді.

Мұндай өзгерістердің жанама міндеттері болып кедендік қызметтердің қазіргі заманға сай нарығын қалыптастыру және кедендік операциялардың бухгалтерлік есеп жүйесін ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіру табылады.

Кедендік қызметтерді көрсету бойынша делдалдық ұйым бүгінгі таңда сыртқы экономикалық қызметте маңызды орын алады.

Келесі схемада: сатушы→кеден→сатып алушы байланыстырушы буын ретінде делдалдық ұйым ҚР кедендік заңнаманы сақтаған жағдайда шекара арқылы өтетін тауар айналымын жеделдетеді, және импорттық-экспорттық операциялар бойынша шығын көлемін азайтады, мемлекет тарапынан бақылау және аналитикалық функцияны атқарады, сонымен қатар өзіне ҚР СЭҚ

қатысушыларының кедендік төлем есебі міндеттерін алады. Кедендік органдардың жұмысы делдалдық ұйымдардың тиімді жұмыс жасауына тікелей байланысты.

Делдалдық ұйымдар қызметінің экономикалық жағдайлары мен ұйымдық-технологиялық ерекшеліктері кедендік қызметте делдал қызметі есебінің ерекшеліктері мен мұндай ұйымдардағы бастапқы есеп мәліметтерінің дұрыстығын, кедендік операциялардың методологиялық, аналитикалық есеп деңгейін, бастапқы құжаттардың көп көлемін өңдеуге кететін уақытты азайту, СЭҚ қатысушысының шығындарын азайту мақсатында өңдеуді қажет етеді [20].

Кедендік төлемді төлеуге әсер ететін бірінші фактор кедендік шекара арқылы өтетін тауарлардың кодын анықтау болып табылады.

Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық қызметінің номенклатурасына сәйкес тауар сыныптамасын жүзеге асыратын және сыныптама кодтарының дұрыстығын бақылайтын кедендік органдар тауар декларациялары және белгілі бір режим бойынша тауарлардың сыныптама кодтарының дұрыстығын бақылап отырады және тауар сыныптамасы туралы шешім тәртібін қадағалайды.

Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы дегеніміз - кедендік операцияларды жүзеге асыруда кедендік органдармен және сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларымен қолданылатын тауар сыныптамасы. Шекара арқылы өтетін тауардың СЭҚ кодын анықтау декларантқа міндеттеледі, ал оның дұрыстығы кедендік органдармен бақыланып отырады. СЭҚ ТН коды мен тауар сыныптамасын анықтау кеден режимін, онда қолданылатын жеңілдіктерді, төлемдерді анықтаған кезде маңызды роль атқарады [21].

Тауар кодын нақты анықтау үшін СЭҚ ТН-нің үш негізгі бөлігін пайдалану қажет:

- а) номенклатуралық бөлігін;
- ә) бөлімдер мен топтарға ескертпе;
- в) интерпретацияның негізгі тәртібін. Сонымен қатар қосымша публикацияны пайдаланған жөн (түсіндірмелер, алфавитті көрсеткіш және т.б).

Кедендік төлемдерді төлеуге және тауарларды орналастыру мүмкіндігіне әсер ететін екінші фактор - тауарды реттеудің тарифтік емес шараларының қолданатындығын анықтау.

Сыртқы экономиканы реттеудің тарифтік емес шаралары - сыртқы экономикалық қызмет саласындағы процеске әсер ету мақсатында пайдаланылатын, мемлекеттік кедендік-тарифтік шараларға жатпайтын реттеу шаралары болып келеді [22].

Кедендік реттеу жүйесінің тарифтік емес шараларында келесі жағдайлар қарастырылады:

- ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- қоғамдық тәртіп пен моральды қорғау;
- халықаралық міндеттемелерді орындау;
- жекелеген тауар түрлері экспорты/импортына құқық енгізу;

- ұлттық нарықты қорғау мақсатында тауардың жекелеген түрлеріне экспорт пен импорттың мезгілдік сандық шектеулерін енгізу;

- мемлекет қауіпсіздігіне, азаматтырдың денсаулығы мен өміріне, заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік және жеке мүлкіне, қоршаған ортаға, қауіп төндіруі мүмкін жекелеген тауарлардың экспорты мен импорты тәртібін жүзеге асыру;

- мәдени құндылықтарды қорғау[23].

Қазақстан Республикасының Заңнамасы бойынша шектеулер мен тыйым салуларға келесілер жатады: лицензиялау, квоталау, эмбарго, қауіпсіз шаралар және т.б. Сол арқылы, тауарлар кей жағдайларда тарифтік емес шаралар реттеуіне сәйкес келіп, оған антидемпингті немесе компенсациялық кеден баждары салынуы мүмкін.

Халықаралық деңгейде қарастыратын болсақ, әлемдік не жекелеген зерттеу ұйымдары арқылы тарифтік емес шаралар сыныптамасы анықталады. Соның ішінде ең танымалы ретінде ЮНКТАД және ДСҰ өңдеп шығарған сыныптаманы айтуға болады.

ДСҰ бойынша тарифтік емес шаралар 5 топқа бөлінеді: мемлекеттің саудаға араласуы, шектеулі тәжірибе және жалпы сипаттағы мемлекет саясаты, кедендік рәсімдер және әкімшілік шаралар, сандық және арнайы шектеулер, кедендік төлем механизміндегі шектеулер

ЮНКТАД сыныптамасы бойынша 7 тарифтік емес шаралар тобына бөлінеді: бағаны бақылау, қаржыны бақылау, автоматты түрде лицензиялау, сандық шектеулер, монопольды шаралар, техникалық және сезімтал тауарларға қатысты өзге шаралары [24].

Кедендік әкелу бажын есептеудегі әсер ететін келесі фактор тауардың кедендік құнын анықтау болып табылады. Бажды есептеу тауардың кедендік құны негізінде жүзеге асады. Бұл тәртіп адвалорлық және аралас кеден баждарына қатысты. Ал өзіндік ерекшелікті кедендік баж көлемі тауар бірілігіне (көлем, салмақ бірлігіне және т.б. сипаттамалар) есептелетін нақты ақша көлеміне байланысты болғандықтан, ол тауар құнына байланысты емес.

Тауардың кедендік құны жүктің кедендік декларациясы мен кедендік құн декларациясында декларант арқылы басқа да қосымша қажетті құжаттармен көрініс табады.

Кедендік органға декларант арқылы берілген ақпарат нақты, сандық жағынан дұрыс және құжат негізінде рәсімделген болуы қажет.

Келісім-шартта көрсетілетін тауарларды жеткізудің негізгі шарттары тауардың кедендік құнын анықтауда және кедендік әкелу бажын есептеуге әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Негізгі шарттар экспортедан импортерге жүкті тасымалдаған кезде қандай шығындар көлемі кеткендігін анықтайды. Жеткізілімнің негізгі шарттары экспорт-импорттық шарттардың негізгі элементі бола отырып, тауардың экспортердан импортерға жеткенге дейінгі тауар сақтандыруын және контрагенттердің жеткізілім бойынша негізгі міндеттерін білдіреді. Жекелей алғанда, бұл тауарды тапсыру-қабылдау орны

мен мерзімі, тәуекелділіктің берілуі екі жақ арасында шығындардың өзара бөлінуін қамтиды. мұндай жағдай келесімен түсіндіріледі:

1. Шарт жасасу арқылы, яғни екі жақ сәйкес шарттарды толықтай көрсете алады.

2. Мемлекет заңнамасымен. (мыс, АҚШ-та негізгі шарттар заңмен- Бірыңғай сауда кодексімен, БСК (Uniform Commercial Code) арқылы барлық штаттарда реттеледі. Испания мен Иракта заңмен реттелінсе, Украинада міндетті түрде қолданысқа енгізілуі тиіс. Германия мен Францияда бұл термин халықаралық әдісі ретінде қарастырылады және тек екі жақ бұл әдісті қолдануға келісім бергенде ғана қолданылады).

3. Халықаралық келісім-шарттар. (Негізгі шарттар заң не контрактілерден басқа келісім-шарттармен де реттеледі. 1980 жылғы халықаралық сату-сатып алу саудасы туралы Вендік конвенцияда тауар жеткізілімі термині болмаса да, жеткізілім негізі жалпы анықталып тауардың жеткізілім орнына қатысты анықталған).

Тауардың шыққан елі деп тауарды толықтай өндірген немесе ҚР заңнамасына сәйкес белгілеген тәртіп бойынша өңделген ел болып саналады. Сонымен қатар тауардың шыққан елі деп кедендік одақтағы, белгілі бір аумақ, не ел бөлігін бөліп көрсетуге болады.

Кедендік преференцияларды (кедендік төлемдер ставкасының төмендеуі) алуда маңызды рольді тауардың шыққан елді анықтау процедурасы алады [25].

Бұл факторды анықтау негізгі сауда саясатын пайдалануда, тарифтік реттеу, сандық шектеу, антидемпингтік және компенсациялық кедендік баждар, қорғау шаралары, сонымен қатар мемлекеттік сатып алуларға, статистикалық есепке қажетті тауардың шығу тегін дәлелдейтін маркалауда маңызды болып саналады. Тауардың шыққан елін анықтау негізгі немесе «преференциалды емес тәртіптермен анықталады. Жекелген елдерден әкелінетін тауарларға төмендетілген ставка қолданатын елдер бұл елдер үшін негізгі преференциялық тәртіптерден өзгеше тәртіптерді қолданады. Тауардың шыққан елін анықтаудың преференциялық тәртіптері тариф бойынша преференциялар берілмеген қарапайым тауарды түсірген кезде ол тауарлар еркін сауда аймағынан кедендік төлемді төлеуден босатылатын тауарлар ретінде қабылдануды болдырмауды қамтамасыз етеді [26].

Қорытындыға келсек, кедендік төлемдерді есептеу мен төлеуге әсер ететін факторлар келесілер болып табылады: СЭҚ ТН бойынша кедендік шекара бойынша тауар кодын анықтау, СЭҚ бойынша тарифтік емес шаралар, тауарды жеткізудің негізгі шарттарын тауардың кедендік құнын анықтау, тауардың шығарылатын елін анықтау.

ТБИ құрамындағы импортталатын тауарлар бағасының өзгеруін статистикалық бағалау үшін индексті әдіс қолданылған. Индексті әдіс компетентті байланыстарды, яғни құрамдас компоненттердің өзгеруімен күрделі құбылыс жалпы өзгерісті белгілейтін байланыстарды талдауға мүмкіндік береді [27].

Индексті әдіс агрегатты индекстерді пайдалануға негізделген. Агрегатты индекс – өлшеусіз элементтерден тұратын, әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың орташа өзгеруін сипаттайтын күрделі салыстырмалы көрсеткіш. Агрегатты индекстер нәтижелі экономикалық көрсеткішті оның мөлшерін белгілейтін екі және одан көп факторлардың көбейтіндісімен немесе осы көбейтінділердің сомасымен көрсетуге мүмкіндік береді.

ТБИ құру агрегатты индекс формуласы болып табылатын, Ласпейрес формуласын пайдаланумен жүзеге асырылады. Ласпейрес бағалар индексіне кіретін кез-келген қарапайым агрегатты оны анағұрлым ұсақ агрегаттар ретінде, олар арасында байланысты және өлшеу мен кейінгі өлшеу үшін тұрақты компоненттің мәнін (индекс салмағын) белгілеп агрегатты ретінде көрсетуге болады. Индекс салмағы – зерттелетін құбылыстың жалпы құндық көлемінде бағалық байқау жасау үшін іріктелген өнімдер, тауарлар, қызметтердің нақты түрлерінің үлесі.

ТБИ-дің тіркелген тізіміне қосылған жекеленген тауарларға бағаларды тіркеу барысында халықтың басым сатып алынатын өнімдерге байланысты отандық және импорттық өндірістің тауар-өкілдері таңдалады. Тұтыну бағаларының жекеленген индексі байқау жасау үшін іріктелген отандық және импорттық өндіріс тауарларына бағалар өзгеруінің орташа мөлшері ретінде құрылады.

Отандық өндірушілердегі тауарларға, импорттерлерде және тұтыну нарығындағы оның аналогы бағаларының өзгеруінің арасында тауардың өндірушіден тұтынушыға дейін тауардың қозғалуы үдерісінде пайда болатын өзара байланыс бар. Осы байланыстың нәтижелі сипаты ТБИ-дің мәнін есептеуге болады, факторлы – отандық тауарларға өндірушілер бағаларының және тауарларды импорттық жеткізуде бағалардың қолданыстағы өзгерістері.

Осыдан шыға отырып, сондай-ақ тұтыну шығыстар құрылымында импорттық және отандық тауарларды сатып алу шығыстарының үлесін біліп, ТБИ құрамындағы импортталатын тауарлар бағасының өзгеруін есептеу мүмкін [27].

Агрегацияның жоғарғы деңгейлерінде жеке индекстің өлшенген мөлшерін бұдан әрі есептеу үшін ТБИ тізімінен тауар бойынша оны анықтау мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$i_w = s_0 \times i_n \quad (4)$$

мұнда,

i_w – тауар бойынша бағалардың өлшенген өзгеруі;

i_n – n есепті кезеңіндегі тауар бойынша бағалардың өзгеруі;

s_0 – базисті кезеңіндегі тауар салмағы (есепті жыл ішінде өзгермейтін өлшем) [28].

ТБИ тауары бойынша байқауға қосылған отандық және импорттық өндіріс тауарларына бағалардың өзгеруін есептеу үшін келесі түрде формуланың (4) модифицирленуі жасалды:

1) ТБИ тауарының салмағы (s_0) отандық (s_{ppi}) және импорттық (s_{imp}) өндірістерінің бір атаудағы тауарларын сатып алуға жұмсалған тұтыну шығыстары мөлшері ретінде қарастырылады:

$$s_0 = s_{ppi} + s_{imp} \quad (5)$$

Мұның өзінде, отандық және импорттық өндірістің бір атаудағы тауарларын сатып алуға жұмсалған үй шаруашылықтарының тұтынушылық шығыстары туралы статистикалық деректер жоқ болғандықтан, мұндай сатылымдар құрылымы елдің ішкі нарығындағы ресурстарында отандық және импортты өндіріс тауарларының бірдей үлесі (d) қабылданады.

$$\begin{aligned} d_{imp} &= \sum \text{импорт} / \sum \text{қорлар}, \\ d_{ppi} &= \sum \text{өндіріс} / \sum \text{қорлар} \end{aligned} \quad (6)$$

$d_{imp} + d_{ppi} = 100\%$ барысында отандық және импорттық өндіріс тауарларының ТБИ салмағы келесі түрде анықталады:

$$\begin{aligned} s_{ppi} &= s_0 \times d_{ppi} \\ s_{imp} &= s_0 \times d_{imp} \end{aligned} \quad (7)$$

2) тауар бойынша тұтыну бағаларының өзгеруі отандық және импортты өндірістің бір атаудағы тауарларына бағалардың өзгеруінің орташа өлшенген нәтижесі ретінде қарастырылады:

$$i_n = (i_{ppi} \times s_{ppi} + i_{imp} \times s_{imp}) / (s_{ppi} + s_{imp}) \quad (8)$$

Тиісінше тауар бойынша бағалардың өлшенген индексін есептеу үшін (4) формуланы мынадай жазуға болады:

$$i_w = (s_{ppi} + s_{imp}) \times ((i_{ppi} \times s_{ppi} + i_{imp} \times s_{imp}) / (s_{ppi} + s_{imp})), \quad (9)$$

мұнда салмақтың сомасын қысқартқаннан кейін мынаны көруге болады:

$$i_w = i_{ppi} \times s_{ppi} + i_{imp} \times s_{imp}$$

немесе

$$s_0 \times i_n = i_{ppi} \times w_{ppi} + i_{imp} \times s_{imp}, \text{ арқылы } s_0 = s_{ppi} + s_{imp} \quad (10)$$

мұнда,

i_n, i_{imp}, i_{ppi} - тиісінше, тұтыну нарығындағы бағалардың өзгеруі, n кезеңіндегі отандық және импортты тауарлар бағасының өзгеруі;

s_0, s_{imp}, s_{ppi} - тиісінше, базистік кезеңіндегі бағалардағы тауар салмағы.

Алынған формула (10) зерттелетін құбылыстың әрбір құрылымдық құрамдастың маңыздылығын ескеруге мүмкіндік береді. Ол отандық өндірушілер және импортерлерде тұтынушылық нарығындағы бағалардың өзгеруі арасындағы жоғарыда қарастырылған өзара байланысты сипаттайтын теңдеу болып табылады және ТБИ – имп. есептеу формуласын анықтау үшін негіз болып табылады.

Теңдеудің сол жағын қарастырып немесе тұтыну нарығында бағалардың салмақталған өзгеруін ($s_0 \times i_n$) константа, яғни теңдеудің оң жағынан есептеуге алынған ауыспалылар санына байланысты ТБИ-да түзетуге жатпайтын және белгілі мөлшер ретінде қабылдасақ, оны екі тәсілмен шығаруға болады.

9. Бірінші тәсіл – бір белгісізі бар теңдеу ретінде. Есептеу тек отандық өндіріс тауары бойынша бағалардың нақты өзгеруін есептеумен жүзеге асырылады (i_{ppiF}).

ТБИ-имп. (i_{imp}) есептеу формуласы осы жағдайда келесідей белгіленеді:

$$i_{imp} = (s_0 \times i_n - i_{ppiF} \times s_{ppi}) / s_{imp} \quad (11)$$

мұнда,

i_n - n кезеңінде тұтыну нарығындағы тауарларға бағалардың нақты өзгеруі;

i_{ppiF} - n кезеңінде отандық өндіріс тауарына бағалардың нақты өзгеруі;

s_0, s_{ppi}, s_{imp} - тиісінше, базис кезеңіндегі тауар салмағы.

10. Екінші тәсіл – екі белгісізі бар теңдеу ретінде. Есептеу отандық және импорттық өндіріс тауарларына бағалардың нақты өзгеруін есептеумен жүзеге асырылады.

Нақты мәндерді есептегенде осы бағалардың өзгеруін пайдалану (i_{ppiF}, i_{impF}) теңдеудің сол және оң теңдігін орындамауға әкеледі (11), себебі олар алдын-ала есептеледі және есептеу үдерісінде қайта есептеледі немесе қалыпқа келтіріледі. Бұл үшін қайта есептеу коэффициенті (K_N) тұтыну нарығында бағалардың өлшенген өзгеруінің отандық және импорттық өндіріс тауарларына бағалардың салмағы өлшенген алдын ала өзгерістер сомасына қатынасынан бөліндісі ретінде белгіленеді. Сол арқылы отандық және импорттық өндіріс тауарларына бағалардың салмақталған өзгерісін нормалау жүзеге асырылады:

$$\begin{aligned} & (i_{ppiF} \times s_{ppi}) \times K_N \\ & (i_{impF} \times s_{imp}) \times K_N \end{aligned} \quad (12)$$

Теңдеуді нормалау нәтижесінде оң және сол бөліктері арасында теңдеу қалыпқа келтіріледі.

ТБИ-имп. есептеу үшін формула (i_{imp}) осы жағдайда мынадай белгіленеді:

$$i_{imp} = (s_0 \times i_n - (i_{ppiF} \times s_{ppi} \times K_N)) / s_{imp}, \text{ мұнда} \quad (13)$$

$$K_N = s_0 \times i_n / (i_{ppiF} \times s_{ppi} + i_{impF} \times s_{imp}) \quad (14)$$

мұнда,

i_n - n кезеңінде тұтыну нарығындағы тауарға бағаның нақты өзгеруі;

i_{impF}, i_{ppiF} - n кезеңінде импорттық және отандық өндіріс тауарларына бағалардың нақты өзгеруі;

s_0, s_{ppi}, s_{imp} - тиісінше, базисті кезеңде тауар салмағы.

ТБИ-имп. есептеу нәтижелері аталған тәсілдермен әртүрлі мәндерді береді. ТБИ-имп. құрудың практикалық қолдану үшін екінші тәсілі таңдалған (13, 14 формуласы көмегімен) [29]. Бұл елге импортталатын және отандық өндірушілерде екі тауар нарығындағы бағалардың өзгеруінің нақты үрдісін ескеруге мүмкіндік береді. Есептеулер сенімділігінің (айқындылығының) себебі отандық және импортталатын тауарларға бағалардың өзгеру мөлшері халықаралық стандарттарға сәйкес бірыңғай әдіснамасы бойынша жүргізілетін, жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар нәтижесінде анықталады.

1.3 Астық өнімдеріне тарифтік және баға саясатын қалыптастыру мен жүзеге асырудың шетел тәжірибесі

Әлемнің барлық елдерінде сыртқы сауданы реттеу үшін тарифтік және бейтарифтік әдістер қолданылады. Бүкіләлемдік талаптарына сәйкес кедендік тариф – сыртқы сауданы реттеудің негізгі құралы болу тиіс.

Бұл ұйымнаң негізгі қағидасы кедендік баждар мөлшерін төмендету негізінде сыртқы сауданы максималды түрде либерализациялау болып табылады. Сонымен қатар, әлемнің ең дамыған елдері – АҚШ, Жапония, Канада мелекеттері сыртқы сауда айналымындағы ең жоғарғы орындарды алып отыратындығын атап өткен жөн. Бұған байланысты әлемдік саудаға қатысушы елдердің арасындағы алдыңғы орындардағы мемлекеттердің кедендік тарифтерін қарастыру қажет болады табылады.

АҚШ мемлекетінің кедендік тарифі. АҚШ-тың импорттық кедендік тарифі гармониялық жүйесіне негізделген сегіз сандық номенклатурасы негізінде жұмыс жасайды. Оған адвалорлық және арнайы кедендік баждардың мөлшерлері кіреді. Номенклатураның екінші бөлімінде 1930 жылы қабылданған және өзгермеген “Тариф туралы” заң негізінде бекітілген мөлшерлемелерден тұрады. Бұл мөлшерлемелер неғұрлым қолайлы режиміне жатпайтын елдер үшін қолданылады. Оларға бұрынғы КСРО елдерінің импорты жатады. Сонымен қатар бұл мөлшерлемелер Ауғанстан, Албания, Вьетнам, Камбоджи, Куба, Лаос, Латвия, Моғолия, Румыния, Эстония елдеріне


катысты қолданылады. Заңмен бекітілген мөлшерлемелер 25 пайыздан 60 пайызға дейін, ал кейбір тауарларға 90 пайызға дейін жетеді.

Тарифтің алғашқы бөлімі екі топшадан тұрады. Бірінші топшада неғұрлым тиімді режимі қолданылатын елдерге арналға “жалпы” мөлшерлемелер көрсетілген. Бұндай режимге қол жеткізу үшін Америкамен ерекше келісімдер болу керек. Мұнда орта есеппен алғанда кедендік баждардың мөлшерлемелері – ауылшаруашылық өнімдеріне 3 %, өндірістік өнімдері үшін 5% құрайды. Кейбір тауарлар үшін (темекі бұйымдары, көкөністер, керамика, бензол химикаттары, киім, текстиль бұйымдары) үшін бұл мөлшерлемелер кейде 20 % - ға дейін жетеді. АҚШ-та қолданылатын ең жоғарғы мөлшерлемелер арнайы болып табылады [30].

Екінші топшада америкалық ЖПЖ жүйеге сәйкес қолданылатын преференциалдық мөлшерлемелерден тұрады. Америка құрама штаттарында ЖПЖ 1976 жылдан бастап қолданылады. 1993 жылдан бастап бұл жүйе әлемнің 131 дамушы елдерінен әкелінетін 4100 тауарлық позицияларына қолданылады.

АҚШ заңдылығына сәйкес мемлекет ЖІӨ мөлшері белгілі бір нормаларға жеткен кезде, немесе бұл мемлекеттік экономикасының дамуындағы прогресстер байқалантын болса ЖПЖ қолдану құқығынан айырылады. Кейбір жағдайларда белгілі бір тауар импорты 50% (кейде 25 %) артық болатын болса, немесе импорттық тауардың бағасы белгіленген соммадан (101 млн. доллар) асатын болса онда мемлекет ЖПЖ-нен айырылмайды, тек қана белгілінген тауар бұл жүйеден тыс шығарылады.

Қазіргі кезде АҚШ-тың кедендік тарифін ең негізгі тауарлар бойынша орта есеппен алғандағы мөлшерін 3 суреттен көруге болады.



Сурет 1 - АҚШ мемлекетіндегі негізгі салаларындағы орта есеппен алғандағы кедендік баждардың мөлшері

Жоғарыда көрсетілген кестеден Қазақстан Республикасы мен АҚШ мемлекетінің арасындағы импорттық кедендік баждардың мөлшері берілген.

ЖПЖ режиміне кіретін тауарлар мен мемлекеттердің тізімі жыл сайын қарастырылып өзгертіледі.

АҚШ 1990 жылдан бастап ЖПР режиміне Ресейді қосты. Ресей мемлекетінің әкелінетін импорттық тауарлардың 4284 тауарлық позициясына ға преференциялар берілген. Мұнда негізінен балық өнімдері, ауылшаруашылық өнімдері, өндіруші саланың өнімдері кіреді. Атылмыш режим киім – кешек, текстиль бұйымдарына, сағаттарға, шыны бұйымдарына қолданылмайды.


ТМД шеңберінде еркін сауда аймағының қызмет етуі мен бұл аймақтағы тауарлардың басым бөлігі Ресейден болғандығына байланысты, ТМД елдерінің шыққан тауарлар АҚШ-тың преференциалдық режиміне кіреді. АҚШ мемлекетіне әкелінетін тауарлар ЖПР режиміне сәйкес преференцияларды алу үшін міндетті түрде тауардың шыққан елін растайтын құжат (А нысанды сертификаты) болу керек.

Еуропалық одақтың кедендік тарифі. Еуропалық одақтың кедендік тарифінің негізінде 1988 жылдың 1 қаңтарында қабылданған гармониялық жүйеге негізделген 8 сандық тауар номенклатурасы жатыр. Тауарлық номенклатураның алғашқы 6 саны – тауар коды, қалған екі саны қосымша нақтылауды білдіреді. Экономиканың жаһандануына байланыста ЕО-ң тауарлық номенклатурасы 13 санға дейін өзгертілді. Мұнда 9 сан – кедендік статистика сы жүргізу үшін қолданылады. Ал 10-13 сандар тарифтік номенклатураны толықтай толтырмай, кейбір тауарлардың импортын реттеу мақсатында толық нақтылау мәліметтерін көрсетеді.

ЕО-ң кедендік тарифі 2 топтан тұрады. Бірінші топта автономды мөлшерлемелерді көрсетеді. Автономды мөлшерлемелерге максималды және өте сирек қолданылатын мөлшерлемеер жатады. Тауарлардың басым бөлігінің кедендік баждары 4-25% құрайды. Ал атомобиль көліктеріне - 29%, қантқа 80%, темекі бұйымдарына -180% құрайды. ЕО территориясына әкелінетін минералды өнімдер, тұқымдар, малшаруашылығының кейбір өнімдері, ағаш сияқты өнімдер баждардың қолдануынсыз тасымалданады.

Екінші топшада конвенциялық мөлшерлемелер көрсетілген. Бұл мөлшерлемелер БСҰ –на мүше елдері үшін, НҚР-не кіретін елдер үшін қолданылады. Іс жүзінде НҚР тауардың шыққын еліне қарамастан қолданыла береді. Бұл мөлшерлемелер азық-түлік және ауылшаруашылығының өнімдеріне автономды мөлшерлемелерден 10-13% төмен, ал оның орташа мөлшері 12,4 % құрайды. Ал қалған тауарларға автономды мөлшерлемелердің 25-70% құрап, орташа мөлшері – 6,4 % болып келеді.

Қазіргі кезде ЕО-тың кедендік тарифін ең негізгі тауарлар бойынша орта есеппен алғандағы мөлшерін 4 суреттен көруге болады.



Сурет 2 - ЕО мемлекеттерiдегi негiзгi салаларындағы орта есеппен алғандағы кедендiк баждардың мөлшерi

Жоғарыда көрсетiлген кестеден Қазақстан Республикасы мен ЕО мемлекетiнiң арасындағы импорттық кедендiк баждардың мөлшерi берiлген.

Еуропалық одақтың кедендiк тарифiнде тек қана кедендiк баждар туралы мәлiметтер көрсетiлмей, сонымен қатар сыртқы сауданы реттеудiң басқа да құралдары туралы ақпараттар көрсетiледi. Тарифтiң 7 топшасында нақты қолданылатын мөлшерлемелер көрсетiледi. Ет, құс, сүт өнiмдерi, бидай, қант, шарап және крахмал сияқты тауарларға автономды мөлшерлемелер қолданылады. Сонымен қатар бұл топшада кедендiк баждармен қатар немесе олардың орнына импорттық баждар алынатын тауарлар көрсетiледi. Сондай-ақ бұл топшада тарифтiк квоталар негiзiнде әкелiнетiн тауарлар көрсетiледi. Бекiтiлген квоталар шеңберiнде iрi қара мал, балықтың кейбiр түрлерiне, кейбiр жемiс түрлерiне кофе, гүлдерге, текстиль бұйымдарына түстi метелдарға төмендетiлген мөлшерде кедендiк баждар алынады. Мұнда кейбiр мемлекеттерiнен әкелiнетiн тауарларға уақытша берiлген жеңiлдiктер көрсетiледi [31].

Жапонияның кедендiк – тарифтiк саясаты. Жапонияның импорттық кедендiк тариф төрт түрлi баждардан – жалпы, уақытша, мөлшерлемелер және преференциялардан тұрады. Жалпы мөлшерлемелер максималды болады да сирек қолданылады. Уақытша мөлшерлемелерiне “Уақытша тарифтiк шаралар” туралы заңына бекiтiлген мөлшерлемелер жатады. Жалпы және уақытша мөлшерлемелер заңды түрде бекiтiлген мөлшерлемелер категориясына жатады. Олардың деңгейi 0-55% арасында болып табылады. Салыстырмалы жоғары деңгейi (40-50%) кейбiр ет пен сүт өнiмдерiне, жемiс-жидектерге, алкоголь және текстиль өнiмдерiне қолданылады. Бiрақ та уақытша мөлшерлемелер жалпы мөлшерлемелерден төмен болады. Заңды түрде бекiтiлген мөлшерлемелер НҚР қолданылмайтын мемлекеттерге (ҚХДР, Вьетнам, Непал,

Ливан, Андорра, Экваториялық Гвинея, Лесото және Свазиленд) байланысты қолданылады.

Жапон мемлекетінің жалпы преференциялық жүйесіне көптеген мемлекеттер (134 мемлекет) кіреді. Оның ішіндегі 41 дамыған мемлекеттердің тауарлары кедендік баждарынсыз тасымалданады. Бірақ Жапония басқа мемлекеттерге қарағанда Ресей Федерациясына преференциялар берген жок, Ресейден тасымалданатын тауарлары НҚР-ға сәйкес тасымалданады. Жапон үкіметі Қазақстан Республикасын преференциялық түрде тауар тасымалдауға мүмкіндік берді.

Тарихи даму барысында көптеген елдердің экономикалық құрылысы елеулі өзгерістерге ұшырады. Қандай екенін шет елдік баға қалыптастыру тәжірибесін, оның заңдылықтары мен тенденцияларын қарай отырып түсінуге тырысамыз.

Тарих монополизацияланған да, нарықтық экономиканың да тиімсіздігін, аралас үлгідегі экономиканың артықшылықтарын көрсетті.

Аралас үлгідегі экономикасы бар елдердің көпшілігі ортақ стратегия ретінде баға қалыптастырудың белгілі бір ережелерін таңдайды. Осы ережелер бағалар қалыптастырудың тәртібі мен әдістемесін реттейтін заң актілері түрінде рәсімделеді [32].

Дамыған елдердегі баға қалыптастырудың әдістемелік аспектісі мемлекеттік органдардың бағалар белгілеудің қағидаларын, әдістерін және нормативтерін белгілеуде көрініс табады. Мемлекеттік органдар стратегиялық және тактикалық мәселелер бойынша шешім қабылдаудан басқа ұлттық экономика үшін шешуші мәнге ие тауарлар мен қызметтерге нақты бағаларды реттеу қызметін өз қолына алады.

Бағаларды тікелей белгілеп, реттеумен қатар, мемлекеттік органдар бағаларды бақылауды жүзеге асырады. Экономикасы аралас дамыған елдерде мемлекет бақылайтын баға қалыптастыру саласы шығарылатын өнімнің жалпы көлемінен 10–30 % құрайды.

Бағаларды мемлекеттік реттеудің әдістері мен тәсілдеріне көпшілік факторлар (ұлттық, климаттық, шикізаттық, саяси), сондай-ақ, мемлекет әлемдік еңбек бөлінісінде алатын орны әсер етеді.

Өнеркәсібі дамыған елдердегі баға қалыптастырудың және оларды реттеудің ерекшеліктері. Әр түрлі елдерде бағаларды мемлекеттік реттеу қандай шаралар және әдістердің көмегімен жүзеге асырылатынын қарастырайық.

Трансферттік баға қалыптастыру мәселелерін тәптіштеп реттейтін арнайы заңнама қабылдаған алғаш мемлекет болып АҚШ табылды. АҚШ заңнамасы мүдделі елдердің заңнамасынан елеулі түрде ерекшеленеді. Нақты осы трансферттік баға қалыптастыруды салықтық реттеудің тәртібін анықтайтын көптеген мемлекеттердің үкіметтері үшін қолайлы қағидалар мен амалдарды іздеуге итермеледі.

Барлығы АҚШ мемлекеті бағалардың 5 тен 10 % дейінін реттейді.

Аграрлық кешен өнімдеріне бағаларды мемлекеттік реттеудің әдістері аза назар аудартады. Федералды ауылшаруашылық бағдарламалар шеңберінде астық өнімін өсірумен айналысатын фермерлер ауылшаруашылық министрлігінен өндірісті қаржыландыруға заемдар алады. Жиналған егінді олар нарықтық бағалар бойынша сатады да заемдары үшін түсіммен есеп айырыса алады. Егер нарықтық бағалар Конгресс белгілеген бақылау бағаларының деңгейінен төмен түсетін болса, фермер мемлекетке егінін заем үшін есеп айырысып, түсім ала отырып бақылау бағалары бойынша тапсыра алады.

Осылайша бағалар сүт өнеркәсібінде де реттеледі. Конгресс сүт, май, астыққа бақылау бағаларының әділетті деңгейін белгілейді. Егер нарықтық бағалар белгіленген деңгейден төмен түсетін болса, өнімдерді мемлекет сатып алады. Олар оқушыларға арналған ақысыз таңғы астарға, кедейлерге көрсетілетін көмектерге, әлсіз дамыған елдерге жұмсалатын азық-түлік көмегіне және өзге мемлекеттерге сатуға кетеді [33].

АҚШ негізгі заң шығару актілері болып ішкі кірістер Кодексі, Кодекске уақытша нұсқаулықтар, «АҚШ Салық кодексі «IRC» табылады.

Франция. Нарықтық шаруашылық жағдайларында бағаларды еркін орнату қағидасына қарамастан, мемлекеттің ролі ауылшаруашылық өніміне, газға, электр энергиясына, көлік қызметтеріне бағаларды тікелей реттеуде немесе бәсекелестік жағдайларында бағаларды бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыруда (бағаларды реттеумен бәсекелестік жөніндегі Департамент, экономика, қаржы және бюджет Министрлігі айналысады) көрінеді.

Франция – бағаларды мемлекеттік реттеудің қатаң режимі ұзақ уақыт бойы сақталған өнеркәсібі дамыған кейбір елдердің бірі екенін атап кеткен жөн. Ол ішінара осы жерде және бүгін сақталып қалды.

Қазіргі уақытта Франция бойынша бағалар бойынша мемлекеттік бақылаушылардың 3 мыңға жуығы бар. олар бағалар мен бағалық бәсекелестікті мемлекеттік реттеу жөніндегі Бөлімнің, бәсекелестік жөніндегі Департаменттің, Францияның жоспарлау және қаржы Министрлігінің, салалық министрліктердің және 100 департаменттердің қызметкерлері болып табылады. үлкен қалаларда бақылаушылар штаты 10-12 адам құрайды.

Мемлекеттік бақылаушылардың негізгі міндеті – бағалардың мемлекеттік тәртібін қадағалау. Бақылаушылар баға қалыптастыру ережелерін бұзғаны бойынша актілер жасайды, содан кейін оларды қаржылық трибуналға жібереді, ол бағалар бойынша заңнаманы бұзумен байланысты заңды тұлғаларға қатысты санкция туралы шешім қабылдайды.

Испания. Мемлекет бағаларды реттеу және бақылауды бәсекелестікті қорғау туралы заңның негізінде жүзеге асырады. Ол өндірісі монополизацияланған тауарлар мен қызметтерге қатысты.

Мәжбүрлі баға қалыптастыруға жататын тауарлар мен қызметтердің тізімдері мерзім сайын коммерциялық ақпарат бюллетендерінде жарияланады. Ол көбінесе мемлекеттік сектор кәсіпорындарының және кейбір жеке компаниялардың өнімдеріне қатысты.

Бағалардың қалыптастырылуын бақылауды жүзеге асырушы орган болып Испанияның экономика және қаржы Министрлігі жанындағы бағалар бойынша Жоғарғы кеңес табылады.

Дания. Баға қалыптастыру жүйесі көбінесе нарықтық факторлардың әсерінен қалыптастырылады. Бағаның қалыптастырылуына мемлекеттік әсер ету шектелген және жеке өндірушілердің еркін бәсекелестігі үшін максималды қолайлы шарттар қалыптастыруда көрініс табады, олар өндірістік шығындар көлемі, сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы және т.б. өлшемдерді басшылыққа ала отырып өнімдеріне бағаларды өз бетінше белгілейді.

Тұтынушылық салықтар жүйесін икемді пайдалану үкіметке белгілі бір тауралардың баға деңгейіне әсер етуге, оларды тұтынуға белгілі бір мақсатпен әсер етуге (мысалы, алкоголь ішімдіктерін тұтынуды шектеу) мүмкіндік береді.

Масштабтары көп емес болып табылатын мемлекеттік сектордағы бағалар мен тарифтер фолькетингпен (парламентпен), муниципалды және мемлекеттік билікпен белгіленеді. Тікелей мемлекетпен белгіленетін қатаң немесе реттелетін бағалардың үлестік салмағы 6 % жуығын құрайды.

Данияда бағаларға мемлекеттік дотациялар берудің жүйесі іс жүзінде болмаса да, мемлекет тұтынушыларға медициналық препараттар сатып алуға субсидиялар береді. Бірақ осы тәртіпті бағалар дотациялар ретінде емес, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің элементі ретінде қарастыру қажет [34].

Ауылшаруашылық өніміне баға қалыптастыру үрдісі ЕО ауылшаруашылық саясаты механизмінің әсер етуімен қалыптастырылады. Данияда фермерлерді мемлекеттік қолдаудың тармақталған жүйесі бар, ол фермерлерге заемдар үшін мемлекеттік кепілдіктер және капиталды құрылыс, сусінгіш және кептіру жұмыстарын жүргізу, энергоүнемдеуіш жүйелерін енгізу үшін жеңілдік ренталық жағдайлар беруді көздейді. Өз шаруашылығын сатып алған жас фермерлерге жеңілдік жағдайлармен несиелер беріледі.

Германияда негізгі заң актілері болып салықтық бақылау туралы Ереже, «Шет елдік қатынастар кезіндегі исалық салу туралы» Заң табылады.

Баға қалыптастыруды бақылау келесі шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- Бағалардың сәйкес келуін анықтау әдістерін бақылау (сәйкес келетін нарықтық бағалар әдісі, ары қарай өткізу әдісі, шығын әдісі);
- Өзара байланысты адамдар арасында тауар айырбастау сомасын тексеру (5 млн.евродан аспайды, өзге мәмілелердің жалпы жылдық сомасы 500 мың евродан аспайды);
- Өзара тәуелді адамдар шеңберін бағалау (өзге компанияның 25 % тікелей немесе жанама қатысу; өзге адам жасаған мәміленің шарттарына әсер етуге қабілетті адамдар, мәмілелерде өз мүддесінің болуы);
- Өзара тәуелді адамдар арасындағы мәмілелерді тәуелсіз үшінші адамдар арасында ұқсас жағдайларда жасалатын осындай мәмілелермен салыстыру;
- «трансферттік пакет» бағасын анықтау гипотетикалық мөлшерлестік сатысы бойынша жүзеге асырылады.

Швеция. Мемлекетте баға қалыптастыру және бағаларды мемлекеттік реттеу тәжірибесі қызығушылық тудырады. Бұл жерде бағаларды бақылау мен қадағалауды арнайы орган – азаматтық әкімшілік Министрлігіне бағынысты бағалар мен бәсекелестіктің Мемлекеттік басқармасы жүргізетінін айта кету керек. Мемлекетте бағаларды реттеу туралы заң және бағалар мен бәсекелестік шарттары туралы міндетті түрде мәліметтер беру туралы заң қабылданып, әрекет етеді.

Заңға сәйкес мемлекеттің жекелеген тауралар үшін бағалардың максималды деңгейін белгілеу, бағаларды көтеру ол туралы алдын ала хабарлағаннан және бағаларды көтеруді негіздегеннен кейін ғана мүмкін болатын тәртіпті енгізу мүмкіндігі бар.

Бағаларды мемлекеттік реттеу, бәсекелестік пен табыстар мәселелері бойынша түбегейлі шешімдер тек қана риксдагпен (парламентпен) қабылданады.

Бағалар деңгейі мемлекеттік монополия және мемлекеттік іс-шаралардың көмегімен реттеледі. Мәселен, арақ-шарап өнімдеріне, дәріханалық саудасаттыққа, пошталық және коммуникациялардың өзге түрлеріне мемлекеттік монополия бар. Сонымен қатар, мемлекет ауылшаруашылық өнімнің маңызды түрлеріне: астыққа, сүтке, етке, жұмыртқаларға және өзге де бірқатар азық-түлік өнімдеріне және ауылшаруашылық шикізаттарға сатып алу бағаларын қатаң түрде реттейді. Жыл сайын үкімет пен ауылшаруашылық өндірушілер бірлестігі арасындағы тұтынушылар өкілдерінің қатысуымен өткізілетін келіссөздерде азық-түлік тауарларға бағалар деңгейі белгіленеді. Ауылшаруашылық өндірушілерге шығындарды өтеудің негізгі нысаны үкімет пен фермерлер арасындағы келіссөздерде бағалардың жоғары кепілденген деңгейін жыл сайынғы бекітумен байланысты [35].

Швед ауылшаруашылығын субсидиялау үшін қаражаттардың маңызды көзі – импортталған шикізатқа кедендік алымдар. Олар ішкі нарықтың жоғарырақ бағалары мен ішкі нарық бағалары арасындағы айырма мөлшерінде белгіленеді.

Баға қалыптастырудың ерекше саласы – тұрғын үйдің бағалары. Егер олар тым жоғары болса, мемлекет тұрғын үй субсидиялары мен заемдарын береді.

Ең төмен деңгейдегі тұтыну қоржынына кіретін тауарларға бағалардың өсуін ескере отырып тұрғындардың табыстарын индексстеу (жылына бір рет) жүргізілетінін айта кету керек.

Жапония. Мемлекет күріштің, бидайдың (парламент бекітеді) еттің және сүт өнімдерінің (жер өңдеу, орман шаруашылығы және балық аулау Министрлігі) темір жол тарифтерінің (көлік Министрлігі), судың және жылумен қамтамасыз етудің, электр қуаты мен газдың (табиғи ресурстар және энергия Агенттігі) тарифтерін, білім берудің және медициналық қызмет көрсетудің құнын белгілейді. Жалпы алғанда тұтынушылық бағалардың 20 % реттеледі.

Бағаларды реттеуге арналған заң шығару базасы монолияға қарсы заңды, азық-түлік тауарлар нарығын реттеу туралы заңды, мал шаруашылығы өніміне бағаларды тұрақтандыру туралы заңды қамтиды.

Мемлекетте бәсекелесті нарықтан шығарып жіберуді көздейтін монополды жоғары және монополды төмен бағаларды белгілеуге тиым салынған. Бағаларды быр уақытта көтеруге шектеулер енгізілген.

Финляндия. 1980- ж.ж. осы мемлекетті скандинавиялық жапония деп атаған. Ол экономикалық дамудың жоғары деңгейіне жетті де тұрғындардың өмір сүру деңгейі бойынша жетекші орындардың бірін иеленді. Осы мемлекеттің экономикасы негізінен жеке меншік пен еркін кәсіпкерлікке негізделетініне қарамастан, мемлекет елдің экономикалық дамуын және бағаларды белгілеу саясатын маңызды реттеушісі ролін атқарады.

Баға қалыптастыру саясатында үкіметке маңызды қызметтер тиесілі. Сауда Министрлігі азық-түлік өнімдеріне, астыққа, энерготасушыларға (әсересе, бензинге), арақ-шарап өнеркәсібінің өнімдеріне бағаларды жоспарлау және бақылауды жүзеге асырады. Мемлекеттік сектор тұрғындардың орта және төмен таптары үшін қол жетімді бағалар бойынша тауарлар мен қызметтерді өткізуге бағытталған кәсіпкерлікті несиелеуде елеулі роль атқарады. Тауарларды төмен бағалар бойынша сатуды ұйымдастыратын фирмалар мемлекеттен елеулі мерзімдерге және шарттары ыңғайлы несиелер алады. Мемлекеттегі баға қалыптастыру жүйесі, әсіресе, бөлшек бағалар мен қызметтер саласында икемділігімен және тұтынуды ынталандырумен ерекшеленеді.

Мысалы, кафе-ресторанда бір кісілік тамақ бағасы екі есе емес, небәрі 25–30 % ғана қымбат. Яғни, тұтынуға қызығушылық пайда болады.

Екінші мысал – қонақ үй қызметтеріне белгіленген бағалар. Бірінші күні олар қалған күндерге қарағанда 50–69 % қымбат. Тұру ұзақтығына байланысты кір жуу немесе химиялық тазалау қызметтерінің бағалары геометриялық прогрессияда төмендетіледі.

Норвегия. Ішкі бағалар әлемдік бағалардың негізінде белгіленеді. Осы мемлекеттегі баға қалыптастыру бағаларды, пайда мен бәсекелестікті шектеу туралы Заңға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл жерде баға қалыптастыру үшін еңбек және әкімшілік Министрлігі, бағалар жөніндегі Ұлттық Кеңес, бағалар жөніндегі Мемлекеттік инспекция және жергілікті органдардың бағалар жөнінегі комитеттері жауапты.

Мемлекет бағалардың ең төменгі және ең жоғарғы деңгейлерін белгілейді, бағаларды қалыптандыруды жүргізеді, бағаларды, жеңілдіктерді және үстемелерді белгілеу тәртібін, пайданың максималды деңгейлерін және баға қалыптастыру саласындағы өзге де ережелерді, сондай-ақ, етке, сүтке, маргаринге, химиялық тыңайтқыштарға, цементтерге, дәрі-дәрмектерге бағалардың шекті деңгейлерін анықтайды.

Австрия. Баға қалыптастыру бағалар туралы заңның картелдер туралы заңның жіне демпингке қарсы заңның негізінде жүргізіледі.

Мемлекет бағалардың 10 % жуығын (қара металлдардың сынықтары мен қалдықтарының, фармацевтикалық шикізаттың және дәрі-дәрмектердің, электр қуаты мен газдың, жылумен қамтамасыз етудің) реттейді.

Парламент табактың, табак өнімдерінің, тұздың бағаларын, пошталық алымдардың, телефонды, телеграфты және темір жол тарифтерін белгілейді.

Баға қалыптастырумен келесі органдар айналысады: бағалар жөніндегі ведомствоаралық комиссия, қаржы Министрлігі (спиртті ішімдіктердің бағаларын белгілейлі), экономика Министрлігі (тауарлардың немесе қызметтердің кез келген түрлеріне бағаларды реттеуге құқылы).

Швейцария. Ауылшаруашылық өнімнің жартысына жуығына бағаларды заң шығару тәртібімен реттейді. Мемлекеттік реттеу азық-түлік және жемшөптік астықтың, қант қызылшасының, рапстың, сүттің бағаларын қамтиды. Анықтамалық бағалар ет үшін белгіленеді. Оларды бақылай отырып бағаларды шектелген реттеу тоқыма тауарлары, киім-кешек, ойыншықтар, музыкалық аспаптар және кейбір өзге де тауарлар бойынша байқалады.

Мемлекет қорғайтын немесе субсидиялайтын тауралардың бағлаары да бақылауға алынған.

Баға қалыптастыру органы – бағаларды бақылау жөніндегі Федералды ведомстволық. Бұнда баға қалыптастыру процесі Федералды үкіметтің таураларға қорғаушылық бағалар туралы қаулысына сәйкес, өнімнің нақты салалры мен түрлері бойынша бірқатар заңдар және қаулыларға сәйкес жүзеге асырылады.

Канада. Мемлекетте бағаларды реттеудің бірыңғай жүйесі жоқ, бірақ бағлаық саясатты белгілі бір дәрежеде министрліктер, ведомстволықтар және ұйымдар жүргізеді. Мемлекетпен реттелетін барлық бағалардың үлестік салмағы 10 % құрайды.

Австралия. Бұл мемлекетте бағаларды реттеудің арнайы жүйесі жоқ.

Бағаларды (нанның, сүттің, жұмыртқалардың бағаларын) бақылау бірқатар штаттарда осы штаттардың қазынашылықтары құрамына енетін арнайы уәкілетті ұйымдармен жүзеге асырылады. Уәкілетті ұйымдар осы тауарлар бағаларының ең жоғары деңгейін мерзім сайын қайта қарап отырады. Өзге де бұқара ауылшаруашылық тауарларға кепілдік берілген ең төменгі сатып алушылық бағлаар белгіленеді. Осы мәселелерді шешу бидай комитетінің, жүн жөніндегі корпорацияның, қант жөніндегі комитеттің қызметтеріне енеді. Көтерме бағалар ұлттық қазынашылықтың құрамына енетін бағаларды қадағалау жөніндегі Басқарманы алдын ала хабарландырусыз (21 күн бұрын) көтеріле алмайды.

Тауар шет елдік нарыққа шыға салысымен баға қалыптастыру туралы шешімдер осы елдегі ішкі шешімдерге айналады. Өз филиалдары мен БК арқылы тауарларды шығарып, тарататын халықаралық фирмалар бағаларды әрбір мемлекетте сол мемлекет үшін тән ерекшеліктерді ескере отырып жеке-жеке белгілеуі тиіс. Ол фирманың алдына бөлек нарықтарға бағаларды есептеудің күрделі міндетін қояды, себебі осы жағдайда тауар бағасына

ықпалын тигізетін факторлардың көбін ескеру қажет болады. осы факторлардың ішінен төмендегілерді ажырату қажет:

Баға қалыптастыру мәселелеріне мемлекеттік араласу дәрежесі;

Нарықтық шарттардың алуан түрлігі;

Мәміленің коммерциялақ шарттары;

Бекітілген және өзгермелі бағаларды қолдану тәжірибесі;

Валюта бағамы және инфляция;

Шет елдік нарықтарда бәсекелестік күресті жүргізу стратегияларындағы айырмашылық.

Баға қалыптастыруға мемлекеттің ықпалы. Сыртқы нарықта өз қызметін жүзеге асыратын компаниялар мемлекеттің баға қалыптастыруының әр түрлі тәсілдеріне тап болады. Бағаларды бақылау үшін үкімет маржа енгізе алады, ең төменгі және ең жоғарғы бағаларды белгілей алады, бағалардың өзгеруін, нарықтағы бәсекелестікті шектей алады, дотациялар беріп, сатып алу бойынша монополия немесе сату бойынша монополия ретінде әрекет ете алады. Сондай-ақ, мемлекет басқарылып отырған бағаларды белгілеуде өндірушілер арасында келісімді қолдап немесе оны ынталандыра отырып бағаларға ықпал ете алады [37].

Кейде мемлекет делдалдардан арнайы әкімшілік белгіленген маржаның көмегімен өз өніміне бағаны көтеріп, одан қатты ауытқымауды талап ете алады. Өндірушілерге де бағынып, аталған маржаны белгілеуге тура келеді. Маржаны белгілеудің екі тәсілі де, мысалы, Норвегияда пайдаланылады, онда үкімет ең жоғары деңгейді белгілейді, бірақ бағаны біршама төмендетуге рұқсат береді.

Әр түрлі мемлекеттерде ең жоғарғы және ең төменгі бағаларды белгілеудің әр түрлі әдістері пайдаланылады. Кейбір мемлекеттерде өзіндік құннан оған қоса мемлекет белгілеген үстемеден төмен баға бойынша таураларды сатуға тиым салынған заңдар бар. әдетте осындай елдерде жозықсыз бәсекелестік туралы және ең төменгі бағаларды ретейтін заңдар әрекет етеді. мәселен, Германияның заңнамасы белгілі бір жағдайларда сыйақылар мен жеңілдіктер тиым салынуы мүмкін екенін бекітеді, себебі, олар ең төменгі баға талаптарын бұзады деп есептеледі.

Мемлекетпен белгіленген бағалар максимумы да кеңінен таралған болып есептеледі. Нанның, күріштің, сүттің және өзге де негізгі азық-түлік өнімдері бағаларының ең жоғары деңгейі белгіленген.

Кейбір мемлекеттер ең төменгі және ең жоғарғы бағаларды белгілеудің ерекші әдістерін пайдаланады. Аргентина инфляцияны ұстап тұру үшін уақытша бағаларды белгіледі және бәсекелестікті ынталандыра отырып, монополистік және олигополистік салалардың қызметін қатаң түрде бақылап отырды. Кейбір тауралардың тарифтері бағалардың ең жоғарғы деңгейін белгілеу үшін төмендетілді. Мысалы, темекі өнімдерінің тарифі 5% азайтылды. Себебі темекінің бағалары өте сезімтал болып келеді және шет елдік маркалардың төмен бағалары жергілікті өндірушілерге бағаларды көтеруге мүмкіндік бермейді. Осындай амалды инфляциядан зардап шегіп отырған немесе өзге де экономикалық мәселелері бар мемлекеттер пайдаланады.

Халықаралық маркетингтік есептегендей, мемлекеттің экономикалық даму деңгейіне қарамастан, бағалар мемлекеттің рұқсатынсыз, немесе ресми түрде хабарландырусыз өзгере алмайды. Кейбір мемлекеттерде, мысалы, Үндістан мен Испанияда тауарлардың көпшілік түр-түріне бағалардың өзгеруі мемлекетпен реттеледі. американдық бизнесмендерге осындай араласу ұнамауы мүмкін, бірақ, егер үніле зерттесек американдық нарық бағалардың өзгеруінде еркін емес.

Бағаларды өзгерту еркіндігін бірден шектеу мүмкін емес болса да, кейбір елдердің салықтық заңнамасы өзгерістерге жол бермеу үшін жасалған. Ол сондай-ақ, бір бағалық жүйеден екіншісіне ауысу үстеме пайда жоғары болғандықтан жоғары айппұлдарға немесе салықтарға әкеп соқтыратын корпоратив аралық аударымдарға қатысты.

Көбінесе, бағаларды бақылау үшін мемлекет нарықтағы бәсекелестік күреске кіріседі. Мысалы, үш американдық компаниялар алюминийдің бағасын фунт үшін бір центке көтерді. Бірнеше күннен кейін американдық үкімет өзінің стратегиялық запастарынан 200 ден 300 тоннаға дейінгі алюминийді сату туралы жариялады. Жақын арада компаниялар жағдайды қайта қарап, бағаларын алдыңғы деңгейге қойды. Осыған ұқсас көптеген мысалдар келтіруге болады. Мемлекет өндірістік активтердің ірі иесі болып табылатын мемлекетте ол ішкі және сыртқы нарықтардағы негізгі бәсекелеске айналады.

Мемлекеттік дотациялар компанияларға тауарлардың бағаларын төмендетуге және әлемдік нарықта жетістікпен бәсекелесуге мүмкіндік бере алады, бірақ ол да мемлекеттік аппаратты бағаларды белгілеуге қатыстырады. Дотациялар тікелей және жанама болуы мүмкін.

Мысалы, былғары аяқ киім саланың дамуына ықпалын тигізуі үшін мемлекет өндірушіге әрбір аяқ киім үшін 50 цент төлей алады, ол аталған өндірушіге ішкі нарықта импортты аяқ киіммен бәсекелесуге және сыртқы нарыққа шығуға мүмкіндік береді. Ол мемлекеттің тікелей дотациялары болып табылады.

Дотациялар болашақта экспортталатын өнімнің бір бөлігі болатын өнімнің экспортталмайтын бөліктері субсидияланған кезде жанама деп аталады. Мысалы, шатыр өндіруші дотацияланған мақтадан жасалған брезентті сатып ала алады. ТСБК келісімдері тікелей дотацияларға тиым салады және әдетте жанамаларға рұқсат береді.

Мемлекет әдеттегі монополист ретінде жеке дара бағаларды белгілей алады. Нарықта тәтіпсіздік болған кезде мемлекет осы салада шығарылған барлық тауарларды сатып алумен және сатумен айналысады. Мысалы, Бразилиялық кофе институты шикі кофе бидайларын шет елге сатуды өз қолында ұстап тұрған клирингтік палатаға демеушілік көмек көрсетеді. Өзге монополиялар сияқты, ол өзге бәсекелестерді тартпау үшін бағаларды қатты көтермеуге тырысады. Монополистердің бағаларды көтеруінің нәтижесінде кофе нарығы кофе өндірісімен жетекші өндірушілер қатарына бұрын енбеген Батыс Африка, Мексика, Гватемала, Индонезия және Например, және өзге елдер айналысатындай тартымды болып кетті. Бірнеше онжылдықтар бұрын

Бразилия әлемдік нарыққа барлық кофенің 80 % жуығын жеткізген, ал қазір ол 40 % жетпейтінін жеткізеді.

Мемлекет монополия ретінде шет елдік компаниялар үшін өте ыңғайсыз болуы мүмкін. Оларға көптеген шет елдік компаниялармен ғана емес, сатып алушының ережелерімен ойнауға тура келеді. Мысалы, компания жергілікті нарық жағдайларына сәйкес келу үшін бағаны өзгертуге қабілетсіз, себебі кейбір мемлекеттер тауарларды ең төмен бағалар бойынша ғана сатып алады.

Халықаралық саудаға қатысып отырған мемлекеттер негізгі тауарларға бағаларды орнатуда үлкен рол атқарады. Ол, мысалы, кофенің, какаоның, қанттың бағалары бойынша келісімдер. Астықтың әлемдік бағасы ұзақ уақыт бойы, кем дегенде, ішінара көлемде үкіметтер арасындағы келісімдермен анықталып отырды.

Ірі бизнесмендер, үкіметтер және халықаралық бағалақы келісімдер тарапынан жасалтын қысымға қарамастан, нарыққа қатысушылардың басым көпшілігінде әр түрлі таураларға және әр түрлі нарықтарда бағаларды белгілеуге еркіндікке ие болып отыр.

Мемлекеттер бойынша нарықтық жағдайлардың алуан түрлігі. Осы фактор нарықтың табиғи түрде қалыптастушы сегменттерінің көпшілігін жасайды, ол баға қалыптастыру мәселелерін күрделендіре түседі. Еңбек заңнамасындағы айырмашылықтар жұмыс күшінің құнындағы ауытқуларды тудырады. Осы нарықтағы жергілікті жеткізушілер арансыдағы бәсеелестік ол арқылы еңшілес компанияларға өндіріс факторларын еңшілес компания мемлекеттік монополия болып табылатын жалғыз жеткізушіден сатып алуға тура келетін өзге нарықта сатып алуына қарағанда тиімді бағалар бойынша сатып алуға мүмкіндік бере отырып, күшті болуы мүмкін [38].

Сатушылар арасындағы бәсекелестік те алуан түрлі нысандарға ие болып табылады. Кейде бір нарықта еңшілес компания жергілікті компаниялар тарапынан мықты бәсекелестікке тап болады және өзі белгілей алатын бағаны шектеуге мәжбүр болады, ал ол уақытта көрші нарықта бәсекелестіктің жетіспеушілігі өзге еңшілес компанияға елеулі түрде жоғары бағаны белгілеуге мүмкіндік береді. Аймақтық экономикалық бірлестіктер ішкі сауда кедергілерін алып тастағанына орай осындай мүмкіндіктер аз болып түседі, себебі фирмаларға бір уақытта жергілікті және аймақтық деңгейде бәсекелесуге тура келеді.

Фирма бірқатар себептерге байланысты өз тауарымен нарықтарға әр түрлі уақыттарда шығуының салдарынан әрбір нарықта осы тауар ӨЦ өзіндік кезеңінде болады. Ол шығару кезеңінде болатын нарықтарда «қаймақтарды алудың» жоғары немесе «нарыққа енудің» төмен бағасын белгілеу мүмкіндігі болады. Тауар молықтыру немесе түсу кезеңіне жетуіне орай баға, ол жеткілікті түсімді қамтамасыз ете алатын болса, төмендетілуі мүмкін. Әр түрлі нарықтардағы өмірлік циклдар әр түрлі болғандықтан, бағалар да әр түрлі болуы мүмкін.

Бағаға елеулі түрде әсер ететін өзге де нарықтық фактор болып тұтынушы мемлекеттің таптаурыны, яғни осы тауарады тұтынушылық қабылдау табылады.

Мәселен, АҚШ неміс автокөліктері ең жақсы болып саналады және отандықтардан жоғары бағаланады. Жапонияда сатып алушылар отандық автокөліктерге артықшылық береді, бірақ неміс автокөліктерін төмен баға бойынша сатуға болмайды, себебі «баға- сапа» тәуелділігі өте күшті.

Мәміленің коммерциялық шарттары. Баға ең алдымен мәміленің алдын ала төлем сомасын және жалпы төлем нысанын көздейтін шарттарына байланысты. Аванс кезінде сатып алушы жеткізушіні несиелендіреді және өз айналымынан көбінесе қосақты соманы алады немесе банктен несие алып, оның пайыздарын төлейді. Төлемді бөліп төлеу кезінде сатушы сатып алушыға несие береді. Нәтижесінде, аванс сату бағасын төмендетуіне әкеп соқтырады, ал бөліп төлеу- қолма-қол ақша төлеуге қатысты жоғарылауға әкеп соқтырады. Бұл жағдайда бағаны өзгерту көлемі төмендегі формула бойынша есептелуі мүмкін

$$K = 0,00083 \cdot C \cdot \left[\sum_{i=1}^n (a_i \cdot t_i) \right] \quad (15)$$

ондағы K – бағаның өзгеруі;

C – экспорттық немесе импорттық іс-әрекеттерді несиелеу кезіндегі орташа банк пайызы (осы мемлекет және осы уақыт аралығы үшін);

a_i – сәйкес төлемнің мөлшері;


t_i – авансты енгізу мен тапсырысты алу арасындағы мерзім (немесе тапсырысты алу мен бөліп төлеу бойынша жарнаны төлеу уақыты арасындағы мерзім);

i – аванс бөліктерінің немесе бөліп төлеу бойынша жарнаның нөмірлері.

Төлем шарттары бойынша келіссөздерді жүргізе отырып, сатушы төмендегілерді ескеруі тиіс: бәсекелес қандай шарттарды ұсынады, салада қандай тәжірибе қалыптасты және халықаралық мәмілелерді қаржыландыру бойынша өзіндік қабілет. Тауар үшін төлеудің барлық мүмкін болатын нысандарын бағалау сатып алушы және сатушы тұрғысында 3 суретте келтірілген.

Сатушы тұрғысында ең тартымды болып қолма қол ақша төлеу табылады, себебі ол барлық мүмкін болатын тәуекелдерден босатады және ақшаны бірден пайдалануға мүмкіндік береді. Бірақ, төлемнің осындай нысаны сирек кездеседі. Әдетте ол сатып алушының төлем қабілетілігіне күмән болған жағдайда орын алатын ұсақ бастапқы мәмілелер. Аккредитив – халықаралық мәмілелерде төлеудің жиі пайдаланылатын әдістерінің бірі. Ол сатып алушының өтініші бойынша банк беретін құжат, аталмыш құжатта банк аккредитивте көрсетілген құжаттарды бергеннен кейін белгілі бір соманы төлеуге уәде береді. Әдетте ондай құжаттар болып: коносамент, консулдық есеп-фактура, тауарды сипаттау табылады. Көпшілік жағдайларда төлеудің ең жақсы әдісі болып авизалайтын банктің расталған, қайтарылып алынбайтын аккредитиві табылады. Бірақ, аккредитив – ол төлеуге уәде беру ғана, ол - төлеу құралы емес. Іс жүзінде төлеу вексель (тратт) арқылы жүзеге асырылады. Ол сатушының тәуекелдерін төмендететін және мәміленің сенімділігін

жоғарылататын қатаң түрде белгіленген үлгідегі құжат. Векселдер банкпен кепілдендірілуі немесе акцепттелген, сондай-ақ, есепке алынған (дисконттелген) болуы мүмкін және сатушы олар бойынша ақша алады. Халықаралық сауда тәжірибесінде векселдермен жасалатын факторинг және форфейтинг іс-әрекеттері кеңінен таралған.



Сурет 3- Тәуекелдер үшбұрышы

Факторинг – векселді қорғаусыз дисконттеу, яғни сатушыға регресс құқығы бар 90-180 күн мерзімге несие беріледі.

Форфейтинг – векселді дисконттеу, яғни регресс құқығынсыз 6 айдан 6 жылға дейінгі мерзімге несие беріледі. Ашық шот бойынша төлеу еуропалық мемлекеттер арасындағы саудада кеңінен таралған. Бұл орайда экспорттаушы материалдық және психологиялық тәуекелдерді импорртаушыға қарай жылжытады. Бұл жерде қарыз туралы жазбаша куәлік жоқ және төлемге кепілдік берілмеген. Егер қарыз қайтарлымайтын болса, істі қарауды шет елдік сот органдары жүргізеді. Сондықтан ашық шотты мультиұлттық корпорациялар ішкі мәмілелерде немесе серіктестер арасында толық сенім бар іс-әрекеттерде пайдаланады.

Делдалдық шығындар және тасымалдауға кеткен шығындар. Тауарларды тарату каналдарының ұзындығы және нарықтардың үлгілері алуан түрлі. Көпшілік елдерде каналдар ұзын және делдалдардың пайдасы ұлттық нарықтарға қарағанда жоғары. Нарықтарға өту үшін пайдаланылатын каналдардың алуан түрлігі көпшілік өндірушілерді тауардың соңғы бағасы туралы бейхабар қалдырады [39].

Тарату каналдарының алуан түрлігінен басқа шет елде сауда іс-әрекеттерін жүргізуші маркетингтік көзделмеген шығындарға кезігеді, себебі нарықтың және тарату каналдарының инфрақұрылымы көпшілік елдерде дамымаған. Саудагер

тауарларды сақтау және кішігірім партиялардың жеткізілімін ұйымдастыру бойынша қосымша шығындарды басынан кешіруі мүмкін.

Делдалдық шығындар туралы мәліметтер алуға болатын қол жетімді көздер болмағандықтан, халықаралық нарықта әрекет етуші маркетингтік делдалдық қызметтерге шығындарды анықтау үшін тәжірибе мен маркетингтік зерттеулерге жүгінуі тиіс. Мысалы, “Кэмбелл Суп Компани” Ұлыбританиядағы делдалдарға және тауарды іс жүзінде таратуға кеткен шығындар АҚШ қарағанда 30 % жоғары екенін анықтады. Сорпалар кішігірім партиялармен сатып алынатын болған соң қосымша шығындар пайда болады. Әдетте ағылшын бакалеяшылары 24 түрлі сорпалары бар жәшіктерді (әрбір жәшік қолмен жеткізу үшін буып-түйіледі) сатып алады. Әдетте Құрама Штаттарда сорпаның әрбір түрінің 48 бумасы бар жәшіктерді сатып алады және дюжиналармен, жүздеп немесе вагондармен сатып алады. Еуропалық сатып алушылық ждағдылар компанияларды кішігірім тапсырыстарға қызмет көрсету үшін көтерме делдалдардың тағы бір деңгейін құруға мәжбүрледі. Сатып алулардың жиілігі шоттарды құрастыруға және тапсырыстарды жасау бағаларының деңгейіне ықпалын тигізеді. Көтерме және бөлшек делдалдарға АҚШ делдалдарына қарағанда екі есе, үш есе жиі сатып алуға тура келеді. Жаппай стылымдарда да бағалар өте жоғары. Өнімді таратуға кеткен шығындардың осы және өзге де факторлары фирманы тауар бағасын өзгертуге ғана емес, таратудың жүйесін толығымен өзгертуге мәжбүрледі.

Айырбастау бағамының ауытқулары. Жақын арада әлемдік нарықтағы сауда келісімдері жазбаша ныснада жеңіл жасалған, ал төлем белгілі бір дәрежеде тұрақты валютада жүзеге асырылды. Американдық доллар стандарт ретінде алынып, барлық мәмілелерді доллармен есептеуге болатын. Енді, барлық негізгі валюталардың бағамдары бір-біріне қатысты еркін түрде құбылмалы болғандықтан, болашақта белгілі бір валютаның құндылығы болашақта қандай болатынын ешкім айта алмайды. Бірақ, енді компаниялар мәмілелердің шарттары сатушы мемелкеттің ұлттық валютасында жасалғанын қалап, алдын ала хеджерлеу (сақтандыру) күн санап әйгілі болып келеді. Халықаралық бизнеспен айналысатын компаниялар валюта бағамдарының ауытқулары және онымен байланысты тәуекелдер туралы жақсы хабардар, бірақ әлі күнге дейін осындай ауытқулардан қорғанудың ең жақсы әдісін тапқан емес. Егер ұзақ мерзімді келісімдердегі айырбастау бағамдарына тиісті назар аудармайтын болсақ, фирмалар 15-20 % жеңілдіктер беріп отырғанын бақап қалуы мүмкін. Есепке айырбастау бағамдары күн сайын өзгеріп тұратынымен байланысты қосымша шығындарды алып отыру қажет, ол тауарға тапсырысқа қол қоюмен осы тауарларды жеткізудің арасында үлкен уақыт аралығы бар жағдайда аса маңызды болып табылады. Мысалы, “Хьюлетт-Паккард” компаниясы жыл ішінде валюта бағамы ауытқуының есебінен жарты миллионға жуық қосымша пайда алды, ал “Нестле” корпорациясы 6 ай ішінде 1 миллион шығынға батты.

Халықаралық компаниялар валюта бағамдарының ауытқуларын есепке ала отырып мәмілеге ақша төлеу және шет елдік тұтынушылар үшін бағалар

деңгейін анықтау үшін валютаны таңдау мәселесімен кезігеді. Осы мәселелерді шешудің үш балама жолы мүмкін. Біріншіден, бағаны өзгертпеу, ол валюта бағамдары қолайлы арақатынаста болған кезде сатылым көлемдерінің көбейтілуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Екіншіден, экспорттық баға экспорттаушы валютасы құндылығының төмендеуіне байланысты көбейтілуі мүмкін. Ол, егер сатылымдар көлемі тұрақты болса, комиссиялық сыйақылардың көбейтілуіне әкеп соқтырады. Үшіншіден, сатылым көлемдері көбейтілетініне және комиссиялық сыйақы (маржа) азайтылатынына үміттеніп отырып экспорттық бағаларды төмендету.

Инфляция. Инфляцияның бағаға тигізетін әсерін назардан тыс қалдырмаған жөн. Инфляция қарқыны жоғары немесе айырбастау бағамы өзгерпемелі елдерде бөлшек баға тауардың өзіндік құнымен және қосалқы бөлшектерді ауыстыруға кететін шығындармен байланысты болуы тиіс. Көбінесе тауралар ауыстыру құнынан плюс ағымдағы жөндеу құнынан, ал кейде ауыстыру құныннан төмен сатылады. Осы жағдайларда фирмаға тауарды шет елге сатпаған жөн. Төлемді бірнеше айға кейінге қалдыру мүмкін немесе келісім ұзақ мерзімді шарттармен жасалған кезде инфляция факторын бағаны есептеген кезде ескеру қажет. Инфляция және бағаны бақылаудың кемшілігі Бразилия нарығына “Х. Дж. Хейнц Компани” жаңа тауарының сәтсіздігінің себебі болды. Небары 2 жылдан кейін компанияға нарықты тастап кетуге тура келді. Іскерлік бірлескен әріптестердің арасында пайда болған келіспеушіліктер жаңа жеміс шырының сату бойынша жасалған мәміле консигнация шарттарымен жасалғандықтан пайда бодлы, яғни олар тауар толығымен сатылып кеткенше тауар үшін ақы төлеген жоқ. 300 % инфляция деңгейімен кезіккендіктен, төлемде бір аптаға ғана кейінге қалдырған кезде компанияның пайда үлесі төмендетілді. Көпшілік дамып келе жатқан елдердегі шоқырақтап шауып келе жатқан инфляция мемлекеттік бағалық бақылауды енгізуге әкеп соқтырады, ол кәсіпорындарды бөлшек бағаны көтерудің бірқатар әдістерін пайдалануға мәжбүрлейді. Олар қосымша қызметтер үшін ақының енгізеді, кәсіпорын ішінде тауарлар сатылған кезде бағаны көтереді, өнімді құрамдас бөлшектерге бөліп, әрбір бөлігін бөлек-бөлек бағалайды немесе егер сатушы өзге қымбатырақ тауарды сатып алуға келіспесе бір тауарды жеткізіп беруден бас тарта отырып екі немесе бірнеше тауарды сатып алуды талап етеді. инфляция жағдайларындағы бағалардың үнемі өзгеріп отыруы коммерциялық хаттарда, жарнамалық проспектілерде бағаларды белгілеудің мүмкін еместігіне, тауарларды сатқан кезде және сатып алу үшін ақы төлеген кезде аутоматтарды пайдалану мүмкін еместігіне әкеп соқтырады.

Бекітілген және өзгермелі бағалар. Шет елдік нарықта бөлшек бағаны белгілеген кезде өндірушілердің қатысу дәрежесінде алуан түлілік байқалады. Мысалы, Венесуэлада тұтынушылық тауарлардың басым көпшілігінде өндірушінің таңбасында басылған бағасы болуы тиіс, ал Чилиде өндірушінің бөлшек бағаны белгілеуі заңсыз болып табылады. сондай-ақ, сатып алушылар қолайлы бағаға қол жеткізу үшін саудаласатын-саудаласпайтыны туралы да бірауызды пікір қалыптаспаған. Мәселен, Үндістан мен Кенияда дүкендердің 60

% жуығында саудаласу және таураларды сатып алу бағасын келісу әдетке айналған. Осындай тәжірибе аз дәрежеде Сингапур мен Қытай үшін тән.

Әлемдік нарыққа шығуына байланысты фирмалардың бір әлеуетті жеткізушілермен кезігу мүмкіндіктері кеңейтіледі. Осындай жағдайларда баға қалыптастыру бойынша шешімдерді жаһандық бәсекеге қабілеттілік стратегиясы терминдерінде қарастыру қажет. Мысалы, “Procter and Gamble” атты американдық компания американдық нарыққа ірі жапон фирмасы “Као” ену мүмкіндігін бағалай отырып, жапониялық нарықтағы жуу құралдарына бағаларын төмендетті де сол арқылы “Као” компаниясын 12 жылға өз бағаларын “ Procter and Gamble ” компаниясынан төмен ұстап тұруға мәжбүрледі. Осындай жағдаймен қоса фирмалар бір нарықтан астам нарықта бір өнеркәсіптік тұтынушылармен кезігуі мүмкін. Мысалы, бірнеше мемлекеттердің нарықтарында жұмыс істейтін ауылшаруашылық өнімін өндірушілер оларды осы елдерде орналасқан компаниялардың филиалдарына жеткізе алады.

Сонымен, баға қалыптастыру халықаралық маркетингтегі күрделі және қарама-қайшы мәселе болып табылады. шет елдік нарықтарға шыға отырып фирма шығындарға әсер ететін, жұмыс жағдайларымен, бәсекелестермен, құқықтық шарттармен және нарық сегменттерімен байланысты әр түрлі факторлармен кезігеді. Соңғы нарықтық бағаны ішкі нарыққа қарағанда шет елдік (әлемдік) нарықтарда бақылау қиынға соғады. Қалай болғанда да, баға қалыптастыру жөніндегі маман баға қалыптастыруды жасауға өз компаниясының саясаты және сонымен бірге нарық талаптарына сәйкес кірісу қажет. Баға қалыптастырудың әдісі шет елдік нарықтардағы шығындарды, нарықтардың қызмет етуінің құқықтық негізін, тұтынушыларға шет елдік клиенттердің аса назар аударуын дәл білуге және жеке нарықтағы фирманың маркетингтік стратегиясын дәл түсінуге негізделуі тиіс.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АСТЫҚ ӨНІМДЕРІНЕ ТАРИФ ЖӘНЕ БАҒА САЯСАТЫН ЗЕРТТЕУ

2.1 Қазақстан Республикасының тауар айналымындағы баға мен кеден тарифтерінің динамикасын талдау

Соңғы жылдары сыртқы сауда дамуының екі негізгі үрдісі көрініс тапты:

1) сыртқы сауда дамуының құндық және сандық өшемінің өзгерісі тікелей әлемдегі өзгеріске байланысты екендігі статистикалық мәліметтер бойынша дәлелденуі;

2) мемлекеттің әлемдік экономикаға интеграциялану деңгейінің артуы, барлық үрдістердің жаһандануы.

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымының үлесін келесідей суреттерде көрініс тапқан [40].

Ал, еліміздің 2003-2012 ж.ж. бойынша сыртқы сауда айналымы көрсеткіштері бойынша талдау кестесін автормен құрастырылды. Оның нәтижелері 2-кестеде бейнеленген [41].

2010 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Ресей Федерациясымен және Беларусь Республикасымен бірлесіп, Кеден одағының шеңберінде жұмыс істейді. Кеден одағын құрудың негізгі міндеті осы аумақтан шығатын тауарларға қатысты бірыңғай кеден аумағын құру, сондай-ақ оларға кедендік баждар мен экономикалық сипатына шектеу қолданылмайтын еркін айналымға шығарылған үшінші елдерден әкелінген тауарлар болып табылады. Бұл ретте қатысушы мемлекеттер бірыңғай кеден тарифін және үшінші елдердің тауарларымен сауда жасауды реттеудің бірыңғай шараларын қолданады.

Қазақстанның экспорт және импорт көлемдерінің салыстырмалы динамикасы келесі кестеде көрсетілген (кесте 2):

Кесте 2 - Экспорт және импорт көлемінің салыстырмалы динамикасы

млн теңге

Төлем түрі	2010ж.	2011ж. (РФ, БР бойынша)	2012ж.	өсу қарқыны (%)	
				2011/2010	2012/2011
Импорт көлемі	27115	22793	19935	-4322/-15	-2858/-12
Экспорт көлемі	42748	57250	106399	14502/33	49149/85
Барлығы:	69 263	80043	126334	10780/15	46291/57
Ескерту: кеден статистикасының деректері; экспорт және импорт көлемдерінің өсу қарқыны 2010-2012 жылғы орташа % өсімімен есептелінді					

Кесте 2 мәліметтері бойынша 2011 жылғы импорт көлемі 22,8 млрд теңгені құрады, 2009 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4,3 млрд теңге немесе 15,9 %-ға азайды, бұл құбыр өнімі импортының негізінен төмендеуі

есебінен байқалады. Ал экспорт көлемі 2011 жылы 57,2 млрд долл. құрап, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 33,9 %-ға өсті.

Қазақстанның импорт көлемі кеден статистикасының алдын ала деректері бойынша 2012 жылы 19,9 млрд. АҚШ долл. құрап 2,7%-ға азайды. Ал экспорт көлемі 106,3 млрд. АҚШ долл. құрап, 16,8 %-ға өсті. Бұл әлемдік тауарларға бағалардың өсуімен түсіндіріледі.

2012 жылы экспорт тауарлық құрылымының негізгі үлесін минералдық өнімдер 80%, сондай-ақ металдар мен олардан жасалған бұйымдар – 11,9% құрады, ал импорт тауарлық құрылымының негізгі үлесін машиналар, жабдықтар, көлік құралдары және аппараттар – 50,1%, химиялық өнеркәсіп өнімдері – 14,3%, жануарлардан және өсімдіктерден жасалған өнімдер -10,7% және металдар мен олардан жасалған бұйымдар-9,2% құрады (Қосымша А).

Қазақстан Республикасынан негізгі импорттаушылар: Қытай - 20,2%, Италия – 18,7%, Нидерланды – 8,2%, Франция – 6,7%, Швейцария – 6,2%, Австрия – 4,8% болып табылады.

Қазақстан Республикасына негізгі жеткізушілер: Қытай – 23,8%, Германия – 9,9%, Украина – 8,2%, АҚШ – 8,1%, Италия – 5,4%, Өзбекістан – 3,6% болып табылады.

2012 жылы қаңтар айында экспорттың тауарлық құрылымында көп үлесті минералды өнімдер (78,4%), ал ең аз үлесті машиналар, жабдық, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар құрайды (0,6%). Бұл көрсеткіштерді талдаудан шығатын нәтиже еліміздің экспорттық құрылымында басым бөлікті шикізат өнімдері, ал өңделетін өнімдер минималды көлемде ғана орын алатындығын көрсетеді (Қосымша Б) .

2012 жылы қаңтар айында импорттық тауарлық құрылымында керісінде көп үлесті машиналар, жабдық, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (41,5%), ал ең аз үлесті мал, өсімдік өнімдері құрайды (8,6%).

Қазақстан үшін Кеден одағының елдері негізгі әріптестердің бірі болып табылады, олардың республиканың сыртқы саудасындағы үлесі 18% құрайды және тұрақты болып табылады. 2013 жылдың статистикалық деректері бойынша Ресейдің импорт үлесі 8,9 млрд. АҚШ долларын, ал экспорт үлесі 3,5 млрд. АҚШ долларын құраса, Беларусьияның импорты үлесі 367,1. млн. АҚШ доллары, ал экспорт 54,7 млн. АҚШ долларын құрады. 2010 жылғы экспорт кеден одағы елдерімен 7618,0 млн. АҚШ долларын құрады немесе 2010 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 43,1%-ға көп, импорт – 16908,7 млн. АҚШ доллары (39,8%-ға көп).

Кеден Одағы елдерінің 2012 жылғы негізгі әріптес елдермен сыртқы сауда айналымының құрылымы мен көлемі келесідей қосымшаларда көрініс тапты.

Жалпы Қазақстанға Ресейден импортталатын өнімдер келесідей көлемде: шикі мұнай -1,4 млрд. АҚШ доллар; мұнай өнімдері- 635,9 млн. АҚШ доллары, кара металдан жасалған құбырлар-458,2 млн. АҚШ доллары, кара металдан жасалған металл конструкциялар –134,8 млн. АҚШ долларды құрайды. Қазақстаннан Ресейге экспорттық өнім түрлері: кендер мен темір

концентраттары- 485,5 млн. АҚШ доллары, шикі мұнай-347,3 млн. АҚШ доллары, тас көмір- 412 млн. АҚШ доллары, мұнай газдары-168,3 млн. АҚШ доллары. Осылайша, Ресей еліне экспортталатын тауарлар шикізат немесе жартылай фабрикаттар болып табылады.

Келесі кезекте Қазақстанға Беларусь Республикасынан импортталатын негізгі өнімдер: қызылшадан жасалған қант-31,5 млн. АҚШ доллары, сүт және қаймақ- 27,1 млн. АҚШ доллары, тракторлар-18,5 млн. АҚШ доллары, жүк көлік құралдары – 15,8 млн. АҚШ доллары және т.б. Қазақстаннан Беларусь Республикасына экспортталатын өнімдер: темірден жасалған жазық прокат – 24,5 млн. АҚШ доллары, ыстықтай басылған жазық прокат – 2,1 млн. АҚШ доллары, ферроқорытпалар – 1,8 млн. АҚШ долларын құрайды [42].

Кеден одағы құрылғанға дейін Қазақстанның кеден-тарифтік саясат көбінесе тұтынушылардың мүддесін қорғады және шын мәнінде отандық өндірістің дамуын ынталандырған жоқ. Нәтижесінде, бүгінгі күні республикада өндіруге мүмкіндік бар тауарлар импортының едәуір үлесі жоғары. Бұл ретте бұл сипаттама негізінен халық тұтынатын тауарларға және өнеркәсіп өндірісінде пайдаланылатын тауарларға жатады.

Сонымен, кеден-тарифтік қорғаудың орта есеппен 10 – 20% дейін артуы машина жасау, металлургия, құрылыс материалдарын өндіру, химия және мұнай-газ-химия, жеңіл және келешекте фармацевтика саласына оң ықпалын тигізеді. Азық-түлік өнімдері бүгінгі күні елдің нарықтарында ұсынылды және оның негізгі бәсекелесі ТМД елдерінен, оның ішінде Кеден одағы елдерінен әкелінетін тауарлар болып табылады, оларға қатысты кедендік баж қолданылмайды.

Кеден одағы құрылғанға дейін Қазақстанның экспортты реттеуге қатысты кеден-тарифтік саясаты көбінесе шикізат пен жартылай фабрикаттар шығаратын отандық кәсіпорындарды қолдағанын, бірақ дайын өнімдерді өңдеуді және кейіннен өндіруді ынталандырмағанын байқауға болады.

Нәтижесінде, бүгінгі күні шикізаттық өнімдер мен жартылай дайындалған өнімдер экспортының едәуір үлесі болып отыр. Бұл ретте бұл сипаттама негізінен металлургиялық және мұнай өнімдеріне қатысты. Кедендік-тарифтік қорғаудың орта есеппен 10-20% дейін артқанын ескере отырып, машина жасау, дайын металлургия өнімдерін өндіру, құрылыс материалдарын өндіру, химия және мұнай-газ-химия, жеңіл өнеркәсіп сияқты салаларда шикізат қажеттілігі туындайды.

2011 жылы Қазақстан Ресей мен Беларусь кедендік төлемдерінің сомасымен салыстырғанда 42 млрд. теңге кедендік баж сомасына көп түскендігі анықталды [43].

Кедендік Одақ көлемінде кедендік төлемді өзара бөлу негізгі мәселенің бірі болып табылады. Бірыңғай кедендік аумақ бірыңғай кедендік шекараны, сондай-ақ әкету тауарларына бірыңғай ставкаларының енгізілуін білдіреді.

Алдын ала кедендік баж көлемінің 4,7%-ын Беларусь, 7,33- Қазақстанға, 87,6-Ресейге тиесілі. Бұл формула әділетті болып келеді. Ресей үлесі

Қазақстанмен салыстырғанда 11,4 есе көп, өйткені Халықаралық валюталық қоры мәліметіне сәйкес ЖІӨ көлемі 13,2 есе көп.

2011 жылы қыркүйек айынан 2011 жылы маусымға дейін Ресей Федерациясы Беларусиядан 587 млн. доллар, Қазақстаннан 745 млн доллар қабылдаса, ресейлік бюджет өз әріптестеріне 659 млн доллар берді. Оның ішінде Беларусь 39 млн. доллар алса, Астана өзі 48 млн.долларға ие болды. Бюджетіміздің жалпы табысы 470 млн.доллар немесе 70 млрд.теңгеге иеледі. Оның 40 млрд. теңге 2010 жылы алынса, қалған кедендік баж көлемін келер жылға жинақталуда [44].

Дамыған елдерде сыртқы саудаға қатысты мемлекеттік реттеу саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

- сауда саласындағы қатынастарды оның дамуын ынталандыратын нормативтік құқықтық актілер қабылдау арқылы реттеу;
- болжамды келеңсіз фактілерді өзге жолмен болдырмау мүмкін болмаған ерекше жағдайларда тыйым салулар мен шектеулер белгілеу;
- мемлекеттік реттеудің тиімділігі мен орындылығын немесе мемлекеттік реттеуді енгізу қажеттілігін анықтау мақсатында мониторинг жүргізу [45].

Кесте 3 - ҚР сыртқы сауданы реттеу бағдарламасы көрсеткіштері

Көрсеткіш	2012 жыл	2013 жыл	Жоспар			Дереккөзі
			2014 жылы	2015 жылы	2016 жылы	
1	2	3	4	5	6	7
Алдыңғы жылға пайызбен сыртқы сауда айналымының өсім қарқыны	110	106,2	105	103,7	104,1	Статистикалық мәліметтер
Әлемдік сауда жүйесіне тартылу бойынша ДЭФ рейтингі	93	88*	87	84	80	ДЭФ рейтингі

Дерек көзі: ҚР ҚМ.

Ескерту -2013 жылдың аяғына

Белсенді сыртқы сауда саясатын жүргізумен байланысты Қазақстанның экспорттық-импорттық операцияларының көлемінің өсуі, кеден тарифтік реттеудің өсуіне әкеледі.

Кедендік одақ аясында біртұтас экономикалық кеңістік құру еліміз үшін шикізаттық емес экономиканы дамытуға мүмкіндік береді деп күтілуде. Ол үшін ең алдымен, сату нарығы маңызды. Өйткені, біздің экономикамыздың шикізаттық бағыты оның әлсіз жағы. Дегенмен, қазіргі әлемдік дағдарыс кезеңінде Қазақстанның негізгі экспорттық ұстанымын мұнай және өзге де қазба байлықтар қалыптастырып отырғаны анық. Сол себепті, отандық тауар

өндірушілер өнімін үлкен нарыққа шығарғанда ғана бәсекелестік қабілетке ие болғандықтан еліміз Кедендік одаққа мүше болды [46].


Соңғы жылдары өсімдік шаруашылығы, соның ішінде, астық өндірісі саласында, негізгі бағыт болып бизнесті жаңа технологияларды пайдалануға, егін өнімділігін, өсімдік шаруашылығын әртараптандыру, химияландыру, техникалық қайта қаруландыру жолымен, соның ішінде, жанар-жаңар материалдардың және көктемгі-егістік және жинау жұмыстарын өткізу үшін қажетті өзге де тауралы –материалдық құндылықтардың құнын арзандату, тұқым шаруашылығын субсидиялау, минералды тыңайтқыштар, гербидциттер, суғару суларын жеткізу бойынша қызметтерді, тұқымдар сапасын анықтау құнын арзандату, сондай-ақ, «ҚазАгро» Ұлттық Холдинг» АҚ арқылы несиелеу бағдарламалары арқылы ынталандыру табылды.

Ол астық өндірісіндегі белгілі бір жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді. 2008-2013 ж.ж. кезең ішінде астық өндірісінің ортажылдық көлемі 17,7 млн. тонна құрады, ол 2,2 млн. тоннаға немесе 14% алдыңғы бесжылдықпен салыстырғанда (2003-2007 жылдар) төмен. Астық дақылдарының ортажылдық өнімділігі сәйкесінше 0,3 ц/га немесе 2,8% өсті.

Тұрақты егіндер және қазақстандық бидайдың жоғары сапалық сипаттамалары Қазақстанның астық пен ұнды жетекші әлемдік өндірушілері ретінде қалыптасуына өз ықпалын тигізді. Қазақстан бидайды әлемдік нарыққа жетекші жеткізушілерінің ондығына енеді, ал ұнның экспорты бойынша әлемдегі көшбасшылық позицияларды иеленеді. Мәселен, 2008-2013 жылдары ішінде астық экспортының ортажылдық көлемі ұнды есепке ала отырып астықтық баламада 8,2 млн. тонна құрады немесе алдыңғы бесжылдықпен салыстырғанда 2,5 млн. тоннаға немесе 42,6% өсті, астық пен ұнды экспортқа өткізуден түскен жиынтық валюталық түсім 2003-2007 ж.ж. деңгейіне қарай 2,2 есе өсе отырып 8,8 млрд. АҚШ долларынан аспайды.

Тәуекелді жер өңдеу аймағында ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі ретінде ылғал ресурс үнемдеуіш технологияларды қолдану табылады. 2013 жылы ылғал ресурс үнемдеуіш технологияларды қолдану ауданы 12,4 млн. га дейін жетті, ол 2007 жылғы деңгеймен салыстырғанда, соның ішінде «нолдік» -2,5 млн. га 2,5 есе жоғары [47].

Соңғы алты жыл ішінде 310,0 млрд теңге сомаға 30,4 мың бірлік ауылшаруашылық техника, соның ішінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы 122,0 млрд.теңге сомасына 10,6 мың бірлік сатып алынды. қазіргі уақытта аграрийлерде 3,0 мыңнан астам өнімділігі жоғары егістік кешендер, 14,7 мың сабан ұсатушы астық жинайтын комбайндар, және ылғал ресурс үнемдеуіш технологияларды пайдалану кезінде қолданылатын 4,7 мың бүркуіштер бар.




Сурет 4 – Астық қорларының құрылымы

Салада қажетті құқықтық және институционалды негіздер жасалған. Заң арқылы реттеу «Астық туралы», «Тұқым шаруашылығы туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы», «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» заңдар шеңберінде жүзеге асырылады.

Сақтау, экспорт және көліктік логистика инфрақұрылымын дамыту бойынша шаралар қолданылады. Астық сақтаудың жалпы сыйымдылығы 24,1 млн. тонна құрайды, соның ішінде лицензияланған нан қабылдаушы кәсіпорындардікі – 13,9 млн. тонна, ауылшаруашылық тауар өндірушілерде – 10,2 млн. тонна. 2012 жылы республика бойынша астықты сақтаудың қуаттылығы 614,6 мың тоннаға көбейтілген, соның ішінде ҚазАгро қаражаттарының есебінен –14,0 мың тоннаға.

Бүгінгі таңда дінді дақылдар таситын кемелердің түгендеу паркі 7379 бірлік құрайды, соның ішінде 6379 дәнді дақылдар таситын кеме және алынбалы қақпақпен жабдықталған 1000 жартылай вагондар.

Ақтау, Баку (Әзірбайжан), Амирабад (Иран) кемежайларында астық терминалдары қызмет етеді. Орта Азия, Ауғанстан және Иран елдеріне қазақстандық астық экспортын көбейту мақсаттарында Маңғыстау облысының Бейнеу станцасында диірмені бар элеваторлық кешен іске қосылды. Қазақстанды Иранмен (Түрікменстан аумағы арқылы) Жаңа Өзен – Қызыл Қия - Горган, сондай-ақ, Қазақстанды Қытаймен байланыстыратын Жетиген-Харгос жаңа темір жол желілерінің құрылысы аяқталды.




Сурет 5 - Астық экспорты инфрақұрылымының және логистиканың дамуы

Қазіргі уақытта Қазақстанда астықты сақтаудың жалпы сыйымдылығы 24 млн. тонна құрайды. 2012-2013 жылдары өзіндік және несиелік қаражаттары есебінен тауар өндірушілері жалпы сақтау сыйымдылығы 708,9 мың тонна 35 астық сақтайтын орындарын салып, пайдалануға беруді жоспарлап отыр.

Бидай өндірісінің көлемдері бірнеше рет Қазақстанның ұлттық тұтыну көлемдерінен асып түседі, ал артылғаны экспортталады. Жыл сайынғы экспорт орташа есеппен алғанда 6-8 млн. тонна құрайды, оған атсыққа қайта есептеген кезде 2,8 млн тонна бидайға жуығы келеді. Нәтижесінде Қазақстан әлемдік астық экспорттаушыларының ондығына енді, ал үн экспорты бойынша 2007 жылдан бастап әлемдегі көшбасшылық орын алады. Қазақстандық астық экспортының басты бағыттары болып ТМД, Еуропалық одақ, Қиыр Шығыс және Солтүстік Африка елдері қала бермек. Қазақстандық астық үшінші сұрыптағы желімтіктің құрамы жоғары болуының (23–28%) арқасында тұрақты сұрасқа ие [48].

Әлемдік нарықтан қашықтығы және теңіз кемежайларына тікелей қол жеткізілудің болмауы қазақстандық нарықты өткізу нарықтарына өткізу жолында елеулі кедерг болып табылады. қазіргі уақытта қолда бар Қазақстанның вагон паркі (советтік кезеңде жасалған 5200 жуық дәнді дақылдар тасушы вагондары бар) ай сайын тек қана 500 мың тоннаға жуық астық тиеуге мүмкіндік береді. Дәнді дақылдар тасушылар паркін көбейту мақсаттарында 1261 вагон сатып алынды, олардың ішінде 200 бірлікке «ЗИКСТО» АҚ (Петропавл қ.) шарттар жасалған.



Сурет 6 - Ұн өндірісі мен экспортының көлемі

Экспорттық инфрақұрылымды және көліктік логистиканы дамыту бойынша шаралар қолданылады. Каспий (Ақтау, Баку, Амирабад) және Балтық (Вентспилс) теңіздерінің кемежайларында астық терминалдары салынды. Түрікменстан аумағы арқылы Иранға өтетін жаңа темір жол құрылысы аяқталды, ол Иран нарығына, сондай-ақ, оның аумағы арқылы Парсы шығындарының нарықтарына жылына 3 млн тонна астық тасымалдауға мүмкіндік береді. Әлеуетте Горган (Иран) шекаралас аумағында астық терминалының құрылысы жоспарланып отыр. Сонымен қатар, пайдалануға Жетіген –Хоргос темір жол желісі енгізілді, ол Қазақстанды Қытаймен байланыстыратын екінші темір жол магистралі болып табылатын және астықтың Қытайға және Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне экспорттық жеткізілімдерінің кеңейтілуіне ықпалын тигізеді.

Қазақстанда астық нарығының қызмет етуіне ықпалын тигізуі мүмкін елеулі фактор болып Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуінің және аграрлық саясаттың, соның ішінде, ауылшаруашылықты ішкі қолдау, тарифтік квоталау және кедендік баждар деңгейі бойынша әр түрлі шараларын пайдалану нәтижесінде азық-түлік нарығындағы бәсекелестіктің өсуі табылады.

Қазіргі уақытта республиканың агроөнеркәсіптік кешеніндегі жағдай өндіріс тиімділігінің өсуімен, ауылдағы қаржылық қызметтер нарығының өсуімен, ауылдық тұрғындардың өмір салтының жақсаруымен сипатталады. Жыл сайын ауылшаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар өсіп келеді. Мәселен, соңғы бес жылда (2007-2011 жылдары) ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар 402,3 млрд теңге құрады, ол алдыңғы бес жылдың деңгейінен 2,2 есе жоғары (2002-2006 жылдары).

Өсімдік шаруашылығы саласындағы стратегиялық мақсаттар болып азық түлік қауіпсіздігін және экспорттың көбеюін қамтамасыз ететін мемелкеттің

астық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін дамыту табылады. астық саясатының құраладры жүйесі Қазақстан Республикасының «Астық туралы» Заңымен анықталған, олардың ішіндегі негізгілері:

1) астық қолхаттарын бере отырып қоймалық қызмет бойынша қызметтерді көрсету бойынша қызметті лицензиялау;

2) субсидиялау және несиелеу, астықты мемелкеттік сатып алу механизмдері арқылы астық өндірісін және оны өткізуді мемлекеттік қолдау;

3) астық қолхатының институты;

4) астық ғнарығына қатысушылардың қызметін мемелкеттік қадағалау;

5) строительство и модернизация инфраструктуры хранения и экспорта зерна;

6) астықтың мемелкеттік резервтерін қалыптастыру;

7) техникалық реттеу және өзге де құралдар.

Қазақстан Республикасындағы астық өндірісін және астық нарығын дамытудың негізгі мәселелері болып табылатындар:

1) бидайдың дара дақыл егісі (республиканың егістік аумағындағы бидайдың үлесі ғылыми негізделген 45-50% орнына 66% құрайды). Соның салдарынан астықты жылдарда астықты қайта өндіру орын алады, ол элеваторлық қуаттар мен астық тасушы вагондардың жетіспеушілігі жағдайларында нарықты реттеу үшін елеулі бюджеттік қаражаттардың бөліну қажеттілігін тудырады (астықты солтүстік облыстардың элеваторларынан өзге облыстардың босырақ элеваторларына ауыстыру, астық экспорттаушыларының көліктік шығындарын субсидиялау, астық артықшылықтарын нарықтан сатып алуды ұйымдастыру), сондай-ақ, бағалар демпингіне әкеп соқтырады;

2) астық сақтауға арналған сыйымдылықтармен жеткіліксіз дәрежеде қамтамасыз ету. Бар сыйымдылықтар өнімділігі орташа жылдары астықты сақтау үшін жеткілікті, бірақ, ол шығысты жылдары жеткіліксіз болып табылады. сонымен қатар, астықты сақтауға арналған сыйымдылықтар астық егуші аудандарда шоғырланған, инфрақұрылым әртараптандырылмаған және экспорттық бағыттарға бағытталмаған;

3) ауылшаруашылық дақылдардың егістік аудандарын әртараптандырудың, балама тиімділігі жоғары дақылдарды өсіруге қайта бағыттау (майлы, көк өністі, жемтік, жармалық және т.б.) жеткіліксіз қарқындары, ол ғылыми негізделген егістік жұмыстарын жан-жақты енгізуге, топырақтың құнарлығын сақтап қалуға және жоғарылатуға, мал шаруашылығы саласын жемтікпен, өңдеу өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз етуге және жалпы алғанда ауылшаруашылық өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді;

4) сақтап қалушы, атап айтқанда, нолдік жер өңдеудің озық агротехнологияларын енгізудің төмен қарқындары (2012 жылы дәнді дақылдарды өңдеу кезінде нолдік технология 2,5 млн. га ауданда немесе 15,4% қолданылған);

5) астық дақылдары (қатты бидай, сыра пісіру маңыздағы арпа, бидайбұршақ дақылдары) тұқым өсіру шаруашылығының тиісті түрде дамымауы;

6) астық өндірісінің техникалық қамсыздандырылуының төмен деңгейі. 78% астам астық жинаушы комбайндар мен тракторларының орташа жасы нормативтік пайдалану мерзімі 8-10 жыл бола отырып 13-14 жыл құрайды. шығарып тасталуға 65,2% астық жинаушы комбайндар, 90% тракторлар және 94% тұқымсепкіштер жатады. жалпы алғанда, ауылшаруашылық техниканың бар бағының тозуы 84% шамасында;

7) химияландырудың төмен деңгейі (астық дақылдарына енгізілетін минералды тыңайтқыштар көлемі қажеттіліктің 12% ғана қанағаттандырады, субсидиялау арқылы гербицидтерді сатып алу көлемдері арамшөптермен тиімді түрде күресуді және ылғалресурсүнемдегіш, атап айтқанда, нолдік технологияларды қолданудың тиімділігін қамтаамсыз ету үшін жеткіліксіз);

8) саланы мемлекетті қолдаудың жеткіліксіз деңгейі;

9) астық нарығының жеткіліксіз дәрежеде реттелуі. Астық экспортын көбінесе ірі астық компаниялары жүргізеді. Ұсақ және орташа астық өндірушілер өндірілген астықты қаржыландыру, экспорттық іс-әрекеттер бобйынша тәжірибе, инфрақұрылымға қол жеткізу болмағнадықтан өз бюетімен экспорттай алмайды. Бұл орайда шағын және орташа өндірушілердің астығын тредерлік компаниялар сатып аалды. Экспорттық түсім трейдерлік компаниялардың қолдарында қалады және астық өндірісіне инвестицияланбайды;

10) экспорт бағыттары бойынша баға қалыптастыруда бірыңғай экспорттық саясат жоқ, ұсақ трейдерлер тарапынан бағалар демпингі байқалады;

11) нан қыбылдайтын кәсіпорындарда берілетін астықтың сандық-сапалық сақталуын және астық қолхаттары қамтамасыз ету айналымын мәселелері бар. мемлекеттік инспекция Комитетінің мәліметтері бойынша астықтың жоқ көлемдеріне қолхаттар беру, алыс-беріс шикізатын ұрлау фактілері анықталған. Аталған бұзушылықтардың алғышарттары болып астық қолхаттарын берудің электронды тіркелуінің болмауы, нана қыблдаушы кәсіпорындар тексерулерінің аз қайталануы, нан қабьылдағыш кәсіпорындарының астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкрешілігін сақтандырудың тиісті жүйесінің болмауы табылады;

12) өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру компанияларының «сақтандыру резерві» қаржылық қаражаттарын пайдалануға қатысты бақылаудың жоқ болуымен, міндетті сақтандыру шартарын жасаған кездегі өзара сақтандыру қоғамдарымен бағалар демпингімен, өзара сақтандыру қоғамдарының басым көпшілігінің қызметтерінің облыстың бір ауданында шоғырлануымен байланысты міндетті сақтандыру жүйесінің тиісті түрде тиімді болмауы, сақтандыру кестелерін таңдаудың шектелген болуы;

13) кадрлық даярлықтың және кадрлық қамсыздандырудың төмен деңгейі.

Ақпанның басынан бастап Тәжікстан, Әзірбайжан, Ауғанстан және Иран тарапынан қазақстандық астықтың бағасы өсе бастады, себебі дәстүрлі импорттаушы мемелктетердегі өз астықтарының запастары біртіндеп азайып келеді, ал күздік бидайдың жаңа егініне қатысты болжамдар әлі күнге дейін белгісіз. Осы уақытта аймақтық нарықтағы дәнді дақылдардың төмен бағаларын пайдалана отырып Орта Азия елдері өздерінің ішкі астық нарықтарын толықтыру туралы шешімге келуі мүмкін.

ҚР статистика жөніндегі Агенттігінің мәліметтері бойынша бүгінгі таңда астық запастары республика бойынша 14 495 296 тонна болып бағаланады.

Бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстан облысында 4 522 734 тонна бидай бар. Қазіргі уақытта аумақта Оңтүстік Орал темір жол элеваторларындағы желімтіктің құрамы орташа 3 сұрыптағы бидайдың тоннасы 8% қымбаттады және 14500 теңге (\$98,7) тұрады, ал Целиналық темір жолдың нан қабылдағыш кәсіпорындарында одан жоғарырақ баға бойынша - 17020 теңгеге (\$115,2) сатылады – бұл жерде қымбаттау өткен аптамен салыстырғанда 6% құрады. Желімтігінің құрамы жоғары (27-30%) 3 сұрыптағы бидай Целиналық темір жолдың нан қабылдағыш кәсіпорындарында қымбаттады және тоннасына 19095 теңгеге (\$129,5) сатылады.

Солтүстік Қазақстанда Оңтүстік Орал темір жол элеваторларында арпаның құны 6800 теңге (\$46,2) құрайды және Целиналық темір жол элеваторларында сондай бағамен – тоннасына 7800 теңгеге (\$52,3) сатылады.

Ұнның бағалары астық бағаларынан шамамен екі есе жоғары. Мәселен, 1 сұрыптағы ұн Солтүстік Қазақстанда тоннасына 28900 теңге (\$195,3) тұрады, 2 сұрыптағы ұн тоннасына - 24075 теңге (\$162,1) тұрады. Жоғары сұрыптағы ұнның бір тоннасының бағасы 31200 теңге (\$210,4) құрайды. Ағымдағы аптада барлық сұрыптағы ұнның бағасы өзгерген жоқ .

Солтүстік Қазақстан облысы бүгінгі таңда зәйтүннің 60791,70 тоннасына ие. Осы көлемнің 82% ауылшаруашылық кәсіпорындарында 0,4% - шаруа қожалықтарында сақталады. Астықтың қалған бөлігі нан қабылдаушы кәсіпорындарында және элеваторларында орналасқан.

Ақмола облысында осы аптада 3 сұрыптағы бидайдың бағасының өсуі бекітілген. Орташа өсу 5,5% құрады. көкшетауда астық трейдерлері бидайды 16930 теңгеге (\$110,4) ұсынады. 2 сұрыптағы арпаның құн, Солтүстік Қазақстан облысындағыдай өзгермеген және 8400 теңге (\$56,2) белгісінде бекітілді, ол Солтүстік Қазақстан облысына қарағанда \$10/т жуық жоғары. Осы аптада жоғары сұрыптағы ұн өткен аптадағы баға бойынша өткізіледі, яғни тоннасы үшін 35000 теңге немесе \$236,5, 1 сұрыптағы ұн - 31000 теңге (\$209,1) және 2 сұрыптағы ұн - 25087 теңге (\$169,2). Ақмола облысындағы барлық сұрыптағы ұнның бағасы СҚО ұнның бағасынан жоғары.

Ақмолалық аграрийлер майлы дақылдар тұқымдарының 15 222,00 тоннасын сақтап отыр. Олардың ішінен 7 205,00 тонна ауылшаруашылық кәсіпорындарында, 239 тонна – шаруа қожалықтарында, 7 778,00 тонна – нана қабылдайтын пункттерде және элеваторларда.

Осы аптада 3 сұрыптағы бидай бағасының жоғарылауы Қостанай облысында да бекітілді. Бұл жерде бағаның өсуі 8,9% құрады. Қостанайда 3 сұрыптағы бидайдың тоннасы 18585 теңге (\$125,4) тұрады. 2 сұрыптағы арпаның бағасы өзгерген жоқ және тоннасына 8700 теңге (\$59,3) құрайды. 1 сұрыптағы ұн тоннасына 29400 теңге (\$198,3), 2 сұрыптағы ұн - 25270 теңгеге (\$170,1) өткізіледі. Жоғары сұрыптағы ұнға келетін болсақ, ұн тартушылар оны 32260 теңге (\$218,5) бойынша ұсынады. Соңғы аптада облыста ұнның бағалары өзгерген емес.

Қостанай облысындағы майлы дақылдар тұқымдарының запастары Ақмола облысындағыға қарағанда жоғары - 18078,30 тонна. Осы көлемнің жартысынан астамы ауылшаруашылық кәсіпорындарында сақталады - 8387,10 тонна, қалған жартысы шаруа қожалықтарында, нан қабылдайтын пунктерде, элеваторларда және өзге де кәсіпорындарда шоғырланған.

Кесте 4-Астық өнімдерін өткізу бағасы индексі

пайызбен

	2009	2010	2011	2012	2013	Ауытқу 2013/2012
Ауыл шаруашылық өнімі	87,3	123,4	98,3	122,4	93,0	- 29,4
Өсімдік шаруашылығы өнімі	77,0	132,4	86,2	134,1	86,6	-47,5
Бидай	70,9	137,5	80,6	147,0	79,8	-67,2
Жүгері	95,7	101,9	112,2	110,3	99,7	-10,6
Арпа	74,9	101,6	105,3	123,7	95,8	27,9
Қар бидай	102,2	168,5	79,8	92,2	88,6	-3,6
Ескерту - Автормен «Қазақстан 2013 жылы» статистикалық жылнамалығы негізінде құралған						

Кестеде көрсетілгендей ауылшаруашылық өнімдері, нақтырақ айтқанда, өсімдік өнімдерінің 2013 жылғы бағасы 2012 жылмен салыстырғанда орта есеппен алғанда 29 пайызға төмендеген [49].

Павлодар облысы Қазақстанның астық көшбасшыларының қатарына енбейді, есесіне астықтың бағасы ірі астық егуші аудандарға қарағанда жоғары. Мәселен, бүгінгі таңда 3 сұрыптағы бидайдың құны 18330 теңге белгісінде бекітілген немесе тонна үшін \$123,4, бүкіл Қазақстандағыдай 5,5% арзандауы байқалады. 2 сұрыптағы арпа тоннасы үшін 11350 теңге немесе \$76,2 тұрады. Екінші апта бойы ұнның бағалары төмендегідей бекітілген: 1 сұрып – тоннасы үшін 30530 теңге (\$206,2), 2 сұрып 26200 теңге (\$177,5) тұрады, ал жоғары сұрыптағы ұн – тоннасы үшін 36500 теңге (\$246,1) тұрады.

Қоймаларда майлы дақылдар тұқымдарының 62560,30 тоннасы сақталады. Тұқымдардың 68% шаруа қожалықтарында, 23% - нана қабылдайтын кәсіпорындар мен элеваторларда, 8,5% ауылшаруашылық кәсіпорындарында сақталуда.

Шығыс Қазақстан облысы да жоғары бағалармен ерекшеленді. Бұнда да осы аптада 3 сұрыптағы ұнның бағасы 6% жоғарылады. Аумақтағы 3 сұрыпты бидайдың бағасы тоннасына 18940 теңге (\$128,2). Бүгінгі таңда арпаны өткен аптадағыдай баға бойынша ұсынады – тоннасына 9900 теңгеге немесе \$66,4. 1 сұрыптағы ұнның бағасы тоннасына - 31000 теңге немесе \$209,1 құрайды, ал 2 сұрыптағы ұнның бағасы осы сәтте 29800 теңге немесе \$201,1 құрайды. Жоғары сұрыптағы ұнның бағасы тоннасына 36000 теңге немесе \$243,3.

Шығыс Қазақстанда бүкіл республика бойынша майлы дақылдар тұқымдарының ең көп көлемі шоғырланған - 110467,20 тонна. Олардың ішінен 22 117,90 тонна ауылшаруашылық кәсіпорындарында, 40789,50 тонна – шаруа қожалықтарында, 26699,00 тонна – нан қабылдайтын пунктерде және элеваторларда, 20860,80 тонна – өзге кәсіпорындарда сақталады.

Ал Батыс Қазақстан облысында 3 сұрыптағы бидайды 20770 теңгеге сатып алуға болады (\$140,2), ол өткен аптамен салыстырғанда 4,9% жоғары. Ұнның бағалары өткен аптамен салыстырғанда өзгерген жоқ. 1 сұрыптағы ұн облыс бойынша орташа есеппен тоннасына 32275 теңге (\$218,5) құрайды, 2 сұрып - 28600 (\$193,4) және жоғары сұрыптағы ұн – тоннасына 42000 теңге (\$283,4).

Облыста майлы дақылдардың 1733,40 тоннасы дайындалған. 875 тонна нан қабылдайтын пунктерде және элеваторларда сақталады, 776,6 – ауылшаруашылық кәсіпорындарында және небәрі 81,8 тонна – шаруа қожалықтарында.

Қазақстанның орталық аймағында 3 сұрыптағы бидайды өткендегіден 4,6% жоғары баға бойынша, яғни тоннасына 19390 теңгеге (\$131,6) ұсынады. Қарағандыда трейдерлер барлық сұрыптағы ұнды бұрынғы бағалар бойынша өткізеді. 1 сұрыптағы ұн тоннасына 32235 немесе \$217,4 өткізіледі, 2 сұрыптағы ұнның тоннасы 27975 теңге (\$189,3) тұрады. Жоғары сұрыптағы ұнға келетін болсақ, оның құнытоннасына 36500 теңге немесе \$246,5 құрайды. Облыста арпа 11000 теңгеге (\$79,1) сатылады[49].

Қарағанды облысында барлығы майлы дақылдар тұқымдарының 189 тоннасы қаптасқан, олардың ішінен 167 тонна ауылшаруашылық кәсіпорындарында, 20 тонна – шаруа қожалықтарында және 2 тонна өзге кәсіпорындарда сақталады.

Қазақстанның оңтүстік астанасындағы бағалар да «астаналық». Мәселен, Алматыда 3 сыныптағы бидайдың сатып алушылық бағалары 7,1% көбейтілді және тоннасына 20970 теңге (\$141,2) құрайды. бұнда әлі күнге дейін республика бойынша ең жоғары бағалар, ол делдалдық құрылымдар тарапынан жоғарырақ сұраныспен және оңтүстік экспорттық шекаралардың жақындығымен түсіндіріледі. Жоғары сұрыптағы ұнды тоннасы үшін 40225 теңге немесе \$271,4 бойынша өткізеді, 1 сұрыптағы ұнды- 36200 теңге (\$244,5) бойынша, 2 сұрыпты – тоннасы үшін 30000 теңге (\$202,4) бойынша өткізеді. Осы аптада арпа тоннасына - 13645 теңгеге (\$92,2) дейін жетті.

Алматы облысында өндірушілер сақтауға майлы дақылдардың 16904,30 тоннасын берді. жалпы көлемнің 63% шаруа қожалықтарында, 37% - ауылшаруашылық кәсіпорындарында шоғырланған.

Шымкенттегі астықтың бағалары Қазақстанның солтүстік облыстарына қарағанда жоғары. Трейдерлер 3 сыныптағы бидайды тоннасы үшін 19990 теңгеге (\$135,1) сатып алады, ол алдыңғы аптаға қарағанда 5% жоғары. Барлық сұрыптағы ұнның құны осы аптада алдыңғы деңгейде қалды. 1 сұрыптағы ұнның бағасы тоннасы үшін 33500 теңге (\$226,3) құрайды. 2 сыныптағы ұнның құны осы сәтте - 28700 теңге немесе \$193,5, жоғары сұрыптағы ұнның құны тоннасы үшін - 38580 теңге немесе \$260,4[49].

Оңтүстік Қазақстан облысында майлы дақылдардың 18932,00 тоннасы дайындалған. Кәсіпкерлерде майлы дақылдар тұқымдарының 16626,00 тоннасы сақталады, ауылшаруашылық кәсіпорындарда 2148,80 тонна, шаруа қожалықтарында - 157,2 тонна шоғырланған.

Жамбыл облысында 3 сыныптағы бидайдың бағасы 5,1% көтерілді және тоннасы үшін 20380 теңгеге (\$137,1) өткізіледі. 2 сыныптағы арпа сол сияқты баға бойынша өткізіледі - 11500 теңге немесе \$77,3. Жоғары сұрыптағы ұнның бағасы 38140 теңге немесе \$257,4, 1 сұрыптағы ұнның құны - 36000 теңге немесе \$243,3, 2 сұрыптағы ұнның құны - 27800 теңге (\$186,5) құрады. осы аптада барлық сұрыптағы ұнның бағаларында ешбір өзгерістер байқалмады.

Облыста майлы дақылдар тұқымдарының запатары көп емес, - 2543,80 тонна, жартысынан көбі шаруа қожалықтарында сақталады, тұқымдардың қалған бөлігі – ауылшаруашылық және өзге де кәсіпорындарда сақталады.

Ақтөбе облысында ағымдағы аптада 3 сыныптағы бидайдың құны тоннасы үшін 19170 теңге (\$129,1) болып белгіленген. Жоғары сұрыптағы ұнды ұн тартушылар 39685 теңгеге сатады (\$268,2), 1 сұрыптағы ұн 36000 теңгеге (\$243,3) өткізіледі, ал 2 сұрыптағы ұн - тоннасы үшін 29077 теңге (\$196,5) бойынша.

Ақтөбе облысында майлы дақылдар тұқымдарының запастары 2884,60 тонна құрайды. бірақ, бұнда басым көпшілігі жеке кәсіпкерлерде сақталуда. Шаруа қожалықтарында барлығы 175,1 тонна, ауылшаруашылық кәсіпорындарда - 197,2 тонна сақталуда.

Республиканың оңтүстік шекараларында және Орта Азияда бидай мен ұнның бағалары ортареспубликалық көрсеткіштерден асып түседі. Осы аптада бағалар орташа есеппен \$10 көбейтілді, себебі Орта Азия елдерінде (Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б.) бидай заапастары таусылып, жергілікті трейдерлер белсендіріле бастады.

DAF шарттарымен 3 сыныптағы бидай Луговая станцасында (Қазақстан – Қырғызстан) тоннасы үшін 22340 теңге (\$151,6) бойынша ұсынылды, Сарыағаш станцасында (Қазақстан-Өзбекстан) - 22780 теңге (\$154,6) және Амузанг ст. (Өзбекстан-Тәжікстан) - 28850 теңге (\$195,7).

1 сұрыптағы ұн DAF құны Луговая станцасында 30400 теңге немесе \$226,6, Сарыағаш ст.- 34000 теңге (\$230,3) және Амузанг ст.- 40000 теңге немесе \$271,3 құрайды.

3 сыныптағы бидай CPT шарттарымен Хайратон ст. (Өзбекстан-Ауғанстан) 29400 теңге немесе \$199,3 бойынша сатылады, 1 сұрыптағы ұнның бағасы осы аптада сондай шарттармен 37700 теңге (\$255,6) құрайды.

Арпаның DAF шарттарымен құны Сарыағаш ст. Алдыңғы аптамен салыстырғанда өзгерген жоқ және тонна үшін 14 350 теңге (\$97) құрайды.

Азық-түлік саясатын зерттеудің халықаралық институтының мәліметтеріне сәйкес әлемдік нарықтағы жай-күйді бағалай отырып (International Food Policy Research Institute, АСЗХИ) астықтың әлемдік бағаларының динамикасы ірі әлемдік экспорттаушылармен немесе импорттаушылармен анықталатынын айта кету керек: АҚШ, Канада, Австралия, Аргентина, ЕО, Қытай, Үндістан, Пәкістан, Жапония, бидайға әлемдік бағалардың өсуі көбінесе әлемдік нарық ресурстарымен өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыратын жеткілікті жер ресурстары жоқ Оңтүстік Азияның динамикалық дамып келе жатқан елдерінің арқасында орын алады.

Бидайдың бағасына ықпал етуші негізгі факторлардың бірі болып табиғи-климаттық жағдайлар табылады. Мысалы, құрғақшылықтың нәтижесінде астықтың әлемдік запастарын қамтамасыз етуші АҚШ дәнді дақылдардың елеулі шығындары болжанып отыр, астықтың әлемдік экспортының жартысына ықпал етуші егіннің 30% жуығы Мысыр мен Қытай тұтынушыларын да қозғай отырып бүкіл әлемдік нарыққа ықпалын тигізеді.

Сарапшылардың болжауынша 2012 ж. аяғына дейін астықтың әлемдік саудасы өткен жылмен салыстырғанда 9 млн.тоннаға (265 тен 256 млн.тоннаға дейін), тұтынылуы – 37 млн.тоннаға (1876 дан 1839 млн.тоннаға дейін), соңғы ауыспалы запастар 23 млн.тоннаға (360 тан 337 млн.тоннаға дейін) млн.тоннадан төмендетіледі. Сонымен, ағымдағы жылы өткен жылмен салыстырғандағы дәнді дақылдар өндірісі 36 млн.тоннаға төмендетіледі, ал әлемдік соңғы запастар 23 млн тоннаға қысқартылады және соңғы бес жылда ең төмен болып шығады.

Астықтың әлемдік бағалары (бидай, жүгері, соя бұршақтары, күріш, арпа, сорго, рапс) 2012 жылдың шілдесінде рекордқа дейін жетті. Сарапшылармен есепелетін әлемдік бағалар индексі 310 пунктер бойынша белгіден асып түсті, ол алдыңғы жылдың осыған ұқсас күніндегі көрсеткіштен 17% жуық жоғары.

Қазіргі уақытта әлемдік нарықтағы астықтың орташа экспорттық бағалары алдыңғы жылдың осыған ұқсас бағаларымен салыстырғанда бидай бойынша 300 долл/т қарағанда 340 долл/т құрайды.

Ішкі нарықты азық түлікке өсіп келе жатқан бағалардың ықпалынан қорғаудың мақсатында көптеген мемлекеттер жағдайды одан әрі ұшықтыруға әкеп соқтыруы мүмкін шаралар қолданады, олар экспортқа шектеулер енгізеді, немесе бағалар деңгейін бақылауды белгілейді немесе екі шараны бір уақытта қолданады.

Осындай шаралар қысқа уақытқа қана жағдайды жеңілдетуі мүмкін, бірақ әлеуетінде олар нарықтарды тарылтып, тұрақсыздындаруға әкеп соқтыруы мүмкін.

Қазақстанда дәнді дақылдарға бағалар динамикасын талдау 2008-2010 ж.ж. оларды тарылту орын алғанын көрсетіп отыр. Мәселен, әлемдік, ішкі және экспорттық бағалар 8-13% тоннасы үшін 202 АҚШ долл. деңгейіне дейін түсті және сәйкесінше тоннасы үшін 148,5 және 180 долл. құрады. импорттық баға,

керісінше, 45% өсті де тоннасы үшін 207 долл. құрады. ұнға әлемдік бағаның өсуі 27,5% құрады, тоннасы үшін 315 долл. ұнға импорттық баға да 406 долл. деңгейіне дейін өсті, бірақ Қазақстанның нарығындағы ішкі баға және экспорттық бағаның төмендетілуі тенденциясы байқалуда тоннасы үшін сәйкесінше 252 долл. және 233 долл.

Бағалардың арақатынасын бағалау ішкі нарықтағы бидайдың бағасы әлемдік бағаның 70% құрайтынын көрсетті. дәнді дақылдарды шығару тұрғысында, Қазақстанның АӨК экспорттық әлеуетін ескере отырып көлік, стандарттау және сертификаттау мәселелері оны әлемдік нарықта өткізуді мүмкін емес қыла отырып Қазақстан ішіндегі сатылымдардың айқын шекараларын анықтайтынын айта кету керек.

Қазақстандағы астық өндірісін талдау 2008 жылғы деңгеймен салыстырғанда көрсеткіштер әлі төмен, бірақ соңғы жылдары өндірістің жоғарылағаны (кесте 5) байқалатынын көрсетті, мысалы, егін алқаптарының көбеюі 2012 жылмен салыстырғанда 1356,9 мың га, және 2010 жылмен салыстырғанда 3760,6 мың га. 2011 жылғы дәнді дақылдардың өнімділігі өзінің рекордтық деңгейіне жетті – 16,9 ц/га. Жиынтық жинау 26960,5 мың т құрады, ол 2012 жылмен салыстырғанда –13179,1 мың тоннаға жоғары.

Кесте 5 – 2009-2013 ж.ж. бидай мен ұнның әлемдік, ішкі, импорттық және экспорттық бағаларының динамикасы

	2009	2010	2011	2012	2013	АҚШ доллар Ауытқуы 2012/2009 (%)
Бидайдың экспорттық бағасы	125	189	295	196	180	144
Бидайдың импорттық бағасы	118	310	190	145	207	175,4
Бидайдың әлемдік бағасы	192	255	326	223	202	105,2
Бидайдың ішкі бағасы (Қазақстан)	102	140	225	171	148	145,0
Ескерту - www.e.gov.stat.kz сайтының мәліметтері негізінде автормен құрастырылғын						

Экспорттық қатынастарда Қазақстан әлемдік нарық жағдаятының тұрақсыздығына кезігеді. Мысалы, астықтың экспорты 2,0 - 6,5 млн т ауытқиды. 2010 ж. мемлекеттен өндірілген астықтың 40% шығарылды, соның есебінен Қазақстан астықты негізгі экспорттаушылардың ондығына енді.

Кесте 6 – Қазақстан Республикасындағы астық өндірісі

Көрсеткіш	2009ж.	2011ж.	2013ж.	2013ж. %	
				2009ж.	2011ж.
1	2	3	4	5	6
Дәнді дақылдардың егіс алаптары, мың га	12438,2	14841,9	16198,8	130,2	109,1
С.і. бидайдың	10113,3	12647,9	13823,0	136,7	109,3

6 кестенің жалғасы

Астықты жиынтық жинау, мың т.	11565,0	13781,4	26960,5	233,1	195,6
С.і. бидайды	9073,5	11198,3	22732,1	250,5	203,0
Астықтың экспорты, мың т	5683,5	2021,8	3527,2	62,1	174,5
С.і. бидайдың	4932,0	1899,0	2894,4	58,7	152,4
Астық импорты, мың т	16,6	35,6	83,4	502,4	234,3
С.і. бидай	1,5	3,8	15,4	1026,7	405,3
Ескерту - www.stat.kz сайтының мәліметтері негізінде автормен құрастырылғын					

Экспорттық қатынастарда Қазақстан әлемдік нарық жағдаятының тұрақсыздығына кезігеді. Мысалы, астықтың экспорты 2,0 - 6,5 млн т ауытқиды. 2011 ж. мемлекеттен өндірілген астықтың 40% шығарылды, соның есебінен Қазақстан астықты негізгі экспорттаушылардың ондығына енді.

Астық экспортының негізі – бидай, оның үлесі 90% құрайды. Бидай экспорты ТМД барлық елдеріне жүргізіледі және бүкіл сатылымнан 48% астамын құрайды. Бірақ Кедендік Одаққа қатысушы мемлекеттердің нарықтарына жеткізілімдер қысқартылады, ол соңғы онжылдықта елеулі түрде төмендетілді.

Қазақстанның астық нарығындағы экспорттық бағалар динамикасы 7 кестеде келтірілген.


Кесте 7 – Қазақстан Республикасындағы бидайдың орташа экспорттық бағалары

АҚШ доллар

Көрсеткіш	Жылдар				
	2009	2010	2011	2012	2013
1	2	3	4	5	6
3-ші санаттағы бидай	200	152	221	276	324
4 –ші санаттағы бидай	180	133	186	245	298
5 –ші санаттағы бидай	155	111	200	219	293
Ескерту - kazakh-zerno.kz сайтының мәліметтері негізінде автормен құрастырылғын					

Кестеден көрсетілгендей Қазақстан Республикасы экспортқа шығаратын бидайдың орташа бағалары 2010 жылы басқа жылдармыен салыстырғанда айтарлықтай төмен болып келеді. Мұның басты себептері болып РТЖ тарифтерінің жоғары болуымен байланысты. Сондықтан бағаны сақтағанша төмен бағамен өткізгені тиімді болып табылады [40].

Қазақстандағы астық өнімдеріне экспорттық бағаларының өзгеру динамикасы 7 суретте көрсетілген.



Сурет 7- Бидайдың экспорттық бағаларының өзгеру динамикасы

РФ дәнді дақылдардың егіндері Қазақстанға қарағанда аз көлемді алатын болса да (сәйкесінше 61 және 76%), сонымен қатар, Ресейде дәнді дақылдар егіндердің құрылымы алуан түрлі және бидай тек қана 60,3% алады, Қазақстанда бидайға - 85,8%, астық жемшөптеріне -12,7% берілген. Бірақ, астық өндірісінің құрылымы және көбінесе құрғақшылықтың табиғи циклдары біздің мемлекеттерімізде ұқсас болғандықтан, Ресеймен бидай саудасын кеңейту үлкен мәселе болып табылады. Қазақстанда егіс алқаптары 7% қықсартылды. Сондай-ақ, құрғақшылықтың арқасында астықтың өнімділігі екі есеге жуық төмендетіледі.

Болжамдық баланс бойынша ағымдағы жылы орташа өнімділік гектардан 8,1 центнер болған кезде 12,8 млн.тонна дәнді дақылдар жиналады, ал алдың ала болжам орташа өнімділік 8,7 ц/га кезінде 14 млн. тонна құраған[50].

Егінді бағалаудың оптимистілігі жоғарырақ бағалаулары да бар. егінді жинау жоғарырақ болуы мүмкні, оның себептері де көп. Олардың бірі – астықты жаппай жинау бастлаар қарсаңындағы астықтың қымбаттауы, өндірушілер астықты тап-таза қылып, тізімнен алып тастауға жататын өнімділігі шекті түрде төмен егін алқаптарынан да жинап салады. Фермерлер астық шығындарын барынша азайтуға тырысады, себебі – қазіргі бағалар бойынша астықты өткен жылмен салыстырғанда екі есе сатуға болады.

Қазақстандағы дәнді дақылдар бағаларына қатысты жағдай төмендегідей болып отыр. Астықтың бағалары сенімді түрде бекітіле берді. 3 сыныптағы бидайдың орташа нарықтық ұсыныс бағалары Петропавл станцасында 246 долл. құрады, Кудукли станцасындағы максималды 336 долларға дейін (кесте 8).

Кесте 8 – Дәнді дақылдар мен астықтың 10.08.2013 ж. экспорттық бағалары (тоннасы үшін долл.)

	Желімтігі бар 3 сұрыптағы бидай		бидай 4 сұрып	бидай 5 сұрып	Арпа 2 сұрып	Ұн			Жеткізілім шарттары
	23-24%	27-30%				ж/с	2 сұрып	2 сұрып	
Петропавл ст.	246	262	226	197	223	377	366	350	DAP
Сарыағаш ст.	278	301	256	227	258	398	387	371	DAP
Луговая ст.	274	286	250	213	253	397	386	370	DAP
Тобол ст.	266	278	231	202	228	375	364	348	DAP
Ақтау кемежайы	308	331	297	259	308	407	401	385	FOB
Бекабад ст.	291	316	264	229	-	413	402	386	CPT
Хайратон ст.	332	338	306	264	321	452	440	418	CPT
Кудукли ст.	336	341	301	269	-	446	434	421	CPT
Сарахс ст.	334	342	311	276	330	460	448	425	CPT
Амузанг ст.	330	337	304	270	-	436	427	407	CPT
Ескерту -www.kazakhzerno сайтының мәліметтері негізінде автормен құралған									

Бидайдың жоғары экспорттық әлеуетімен сипатталатын Астық нарығы дамуының қатаң бәсекелестігі жағдайларында (Ресей және Украина) Қазақстан үшін өсу тенденциясы байқалып отырған алыс шет елдерге астық экспортын дамыту қажет.

Қазақстан Республикасында 2013 жылы ЕСЖ биржасында 3 сыныптағы бидай бойынша 76 келісімге қол жеткізіліп 1276,209 мың тонна сатылды, келісімнің жалпы соммасы 52155,722079 млн. тенге, немесе 286569,901533 тыс. АҚШ долларды құраған. Келісімнің орташа бағасы 40867,5 тенге тонна үшін (224,5 АҚШ доллар/ тонна), бұл алдыңғы жылдың мәліметтерімен салыстырғанда 14,2% төмен болып келеді[49].

Қазақстанның жақсы бәсекелестік артықшылықтары бар: кең жер алқаптары, солтүстіктен оңтүстікке және батыстан шығысқа қарай табиғи-климаттық аумақтары мен агроландшафрдың алуан түрлігі. Еліміздегі аграрлық сектордың басты мәселелері: технологиялық қалыс қалу; ауылшаруашылық өніміне және оны өндіру құралдарына созылмалы бағалар диспаритеті; ауылдың дамымай қалған инфрақұрылымы. Бірақ, халықаралық ғылыми орталықтардың бағалауы бойынша жақын арада нақты астық секторына ауылшаруашылығын модернизациялаудың және оның дамудың инновациялық жолына көшуінің арқасында эконгомиканың басты локомотивіне айналуға тура келеді.

Астық нарықтарын мемлекеттік реттеудің басты бағыты болып өндіріс үрдісін субсидиялау және дотациялау табылады. Бірақ, Қазақстанның нарығында осы факторлар астық нарығының тиімділігіне аз әсерін тигізеді. Бұрынғысынша, астық нарығында бағалар диспаритеті орын алып отыр, осы

фактор қолайлы есептік пропорцияларды сақтап қалу үшін мемлекеттік қатысудың қажеттілігін мәжбүрлеп отыр.

Әлемдік нарықтық тәжірибе бағалар жүйесінің көмегімен астық өнімі нарығының кең спектрін пайдаланады және олардың барлығы елеулі бюджеттік қаражаттарды инвестициялауды талап етеді. біз еліміздегі жағдайлардың ерекшеліктерін ескеріп отырған астық шикізатына баға қалыптастыру жүйесін ұсынамыз. Ұсынылып отырған бағалар жүйесіндегі орталық буын болып мемлекеттік реттеу туралы заңына сәйкес мақсатты бағалар табылады, оларды көбінесе бақылау, бағытты, негізгі немесе қалыпты бағалар деп атайды (кесте 9).

Мақсатты бағалар өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өнімге паритетті арақатынастың нормативтік индикаторлары, салықтар салудан пайда болған шығындарды жабудың, несиелер бойынша пайыздар төлеудің, астық секторының жұмысшыларымен экономиканың өзге салаларында жұмыс істеушілердің орташа табысы деңгейіндегі табыстар алудың және кеңейтілген ұдайы өндірісті жүргізу үшін жеткілікті пайда алу ролін атқарады.

Кесте 9– Астық нарығын мемлекеттік реттеу бағаларының жүйесі

Бағалардың түлері	Бағалардың мақсаты
Мақсатты (әділетті, ең төменгі, бақылау, бағыттаушылық, базистік, қалыпты)	Нарықтың бағалардың оңтайлы деңгейі, араласу, сатып алу және шекті бағаларын анықтауға арналған, сондай-ақ, дотациялар мен бағаларға қатысты өтемақылық төлемдерді есептеуге арналған негіз.
Сатып алушылық (кепілдік берілген, келісімдік, шарттық)	Мемлекетпен кепілдік берілген және ҚӨК және өзге де ұйымдармен дәнді дақылдар өнімдерін федералды және аймақтық қорларға сатып алу үшін пайдаланылатын бағалар.
Араласу бағалары (кепілдік, интервенциялық)	Несие алу үшін кепілге сапсырылатын дәнді дақылдардың бағалары. Сатып алушылық және тауарлық интервенцияларды пайдалана отырып нарықты тұрақтандыру үшін мемлекетпен қолданылатын бағалар.
Шекті (қорғаушылық, импорттық-экспорттық)	Импорттық және экспорттық жеткізілімдер бойынша кедендік кедергілерді жасау үшін пайдаланылатын бағалар.

Әдетте сатып алу бағаларына мемлекет кепілдік береді және олар билік органдарымен орнатылады, олар нолдік бағаға тең немесе максималды түрде жақын болуы тиіс. Көбінесе араласу бағаларын мемлекеттік кепілдік іс-әрекеттерінде кепілдік бағалары ретінде қолданады. Астықтың нарықтық бағалары артық төмендеген кезде мемлекет астықты нарықта (сатып алушылық интервенциялар) минималды кепілдік берілген бағалар бойынша сатып алады


немесе астық кепілдігімен несие береді. Мемлекет кепіл бойынша сатып алған астық республикалық және жергілікті қорларды толықтыру үшін және мемлекетті қтауарлық интервенцияларды өткізу үшін пайдаланылады. Нарықта бағаларды асыра көтеруге әкеп соқтыратын жетіспеушілі кболған кезде мемелкет астықты өз запастарынан интервенциялық баға бойынша өткізеді. Мемлекеттік реттеу бағаларының жүйесіндегі шекті бағалар отандық астық өндірушілерді демпингтік бағалары бар сыртқы бәсекелестерді өз нарығында қорғау үшін арналған. Олар мемлекеттік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, астық бағаларының деңгейін сақтап отырады, ішкі нарықтың тұрақтылығы сақталуы шарттарымен оның экспортын ынталандырады.

Осы деңгейлерде дәнді дақылдардың бағлаар мониторингін және бағлаардың шынайы динамикасын қамтамасыз ететін арнайы қызметтердің бар болуы қажет. бағалақы тепе-теңдіктің бұзылуы салдарынан және инфляцияның себебінен пайда боалтын астық нарығының шығындарын кепілдік берілген бағаларды сәйкесінше өсіру жолымен немесе шығу тегі өнеркәсіптік өндіріс қаражаттарының қымбаттауын өтеуді қамтамасыз етуші өзге де нысандармен өтеу қажет. Пайда болған диспропорциялардың көлемін кем дегенде тоқсанына бір рет жұмыс істейтін статистикалық әдістемелер көмегімен өткізілетін бағаларды индекстеудің көмегімен анықтау қажет. ауыл шаруашылық Министрлігі нарықтық бағлаарға ретеушілік әсер ету тәсілдері туралы шешімді «Азық-түлік корпорациясы» арқылы қабылдайды.

2.2 Астық өнімдеріне бағаны қалыптастыруда кедендік тариф белгілеудің экономикалық тиімділігін талдау

Тауар мемлекеттің кедендік шекарасынан өткен кезде кедендік баж – тауардың санына- көлемнің нақты бірліктеріне (айырықша кедендік баж) байланысты болатын немесе тауардың кедендік құнынан пайызбен есептелетін (адвалорлы кедендік баж) салық нысаны [50].

Ішкі нарықтағы кіргізілген тауардың құнына кедендік төлемдердің ықпал ету мәселесіне аса назар аударылуы қажет, себебі ол тауардың ішкі бағасын қалыптастыруда, сондай-ақ, ұлттық өндірушілерді мүмкін болатын қорғауды анықтауда және сонымен бірге, ұтымды сыртқы экономикалық қызмет жағдайларын жасау үшін шешуші рол атқарады. Тарифтің экономикалық әрекет етуін мысал арқылы келтірейік, ол 8 суретте көрсетілген.



Сурет 8 - Кедендік тарифтің экономикалық мәні

Об және bD қисықтары X тауарына ішкі сұраныс пен ұсыныстың қисықтары болып табылады. Жабық экономикада, жетілген бәсекелестік жағдайында ішкі нарықтағы тауар бағасы OP_k тең болады. Ашық экономика жағдайында осы жекелеген тауардың бағасы OP_3 тең деп болжайық. Егер осы елдің X тауарына сұранысы барлық елдердің осы тауарға жалпы сұранысының оның әлемдік бағасына ықпалын тигізе алмайтындай елеулі емес бөлігін құрайтын болса, еркін сауда жағдайларында отандық бағасы да OP_2 тең болады. OP_3 бағасы кезінде елдің ішіндегі тұтыну O_b , ал елдің ішіндегі өндіріс $O_{aқұрайды}$. Импорт осы екі көлемнің айырмасы болады, ол a_b тең. Көлемі T тарифті енгізу OP_3 тариф көлеміне кіргізілетін тауарларға ішкі бағаның өсуіне әкеп соқтырады. OP_3 бағасы кезінде ішкі тұтыну O_b ден O_{c1} дейін қысқартылады, ішкі тұтыну O_a ден O_c өседі, ал кіргізілетін тауар саны a_b ден c_1 дейін азайтылады.

YZLM ауданы (P_2P_3 тариф ставкасына көбейтілген c_1 импорт құны) тарифті енгізгеннен кейінгі мемлекеттің кірісі болып табылады.

Баж салынған тауар өндірушілер өздерінің ұсынған тауарларын көбейткеннен пайда алатын болса, (O_a дан O_c дейін) жалпы алғанда тарифтің әрекеті экономиканың өндірістік тиімділігін және тұтынушылардың дәулеттілігін төмендетуі тиіс.

XYZ үшбұрышы экономикадағы өндіріс шығындарын көрсетеді. Әлеуеттердің толық бос емес болуы жағдайында тарифпен қорғалған саладағы өндіріс өндірістің тиімділігі жоғары өзге (қорғалмаған) салалардан келген әлеуеттер есебінен ғана өсе алады.

Сонымен, тарифті енгізудің нәтижесінде кейбір әлеуеттерді орналастырудың тиімділігі төмен деңгейде жүзеге асырылады.

MDS үшбұрышы қоғамдағы тұтыну (тұтынушылар артылғанын жоғалту) жоғалтуларын көрсетеді. Тарифтің әрекет ету нәтижесінде бір сатып алушылар аз қаланатын алмастырушы тауарларды сатып алуға мәжбүр, ал өзге

тұтынушылар осы тауарды сатып алуды жалғастыра отырып оның өндірісіне нақты экономикалық шығындардан асып түсетін баға бойынша төлеуге мәжбүр болып келеді.

Отандық өнеркәсіпті қорғау құралы ретіндегі тариф қаншалықты тиімді болатыны кіргізілетін тауар үшін баға бойынша сұраныс икемділігіне байланысты, егер импортты тауарларға сұраныстың бағасы бойынша икемділігі өте төмен болса, тарифті енгізу импорт көлемін елеулі емес көлемде өзгертуге әкеп соқтырады.

Осы жағдайда қорғаудың тиімдірек тәсілі болып квота табылады, ол кіргізілетін тауардың заттай түрдегі ең аз жол берілетін санын көрсетеді.

Шын мәнінде де, қорғаудың тиімді деңгейі – бәсекелес дайын импортты өнімге тариф салынатын жағдайдағы осындай өнімді өндіру үшін қажет импортталатын факторларға тариф не жоқ, не төменірек пайыздық ставка пайдаланылатын жағдайдағы дайын өнімді отандық жеткізушілерге берілетін нақты қорғау деңгейі. Мысалы, отандық өндірістегі және импортты бірдей бұйымдар 1000 теңге тұрады деп алайық. Әрі қарай отандық бұйымның бағасы 50% отандық өндірушілер қосқан құннан және 50% импортталатын шикізат құнынан тұрады деп есептейік. Егер импортталатын дайын бұйымдарға 10% салық салатын болсақ, оның бағасы 1100 теңгеге дейін өседі.

Бірақ, егер импортталатын шикізатқа тариф жоқ болса, оның бағасы 500 теңгеге тең болып қалады. Нәтижесінде отандық қосылған құн және баға 100 теңгеге көбейеді, бұл ретте отандық дайын өнім импорттыға қарағанда өзінің бәсекеге қабілеттілігін толығымен сақтап қалады. Сонымен, қорғаудың тиімді деңгейі 20% құрайды.

Импортқа кедендік баж мемлекет тарапынан сауданы шектеудің ең кең таралған түрі болып табылады. Тарифті енгізген кезде импортты тауардың ішкі нарықтағы бағасы әлемдік нарықтан жоғары көтеріледі. Тариф салғаннан кейінгі импортты тауардың ішкі бағасы ($P_{сГ}$) төмендегілерге тең болады: адвалорлы ставка кезінде (кедендік құннан %):


$$P_{с1} = P_{1ш} + Тау, \quad (16)$$

ондағы $P_{с1}^{TM}$ — сыртқы сауда мәмілесінің бағасы,

Тау — адвалорлы тариф ставкасы (кг үшін Еуромен) :

$P_{с1} = P_{1ш} * (1 + T_8)$, ондағы T_8 — айырықша тариф ставкасы, аралас ставка кезінде – $P_{с1}$ көп абсолютті көлемі бойынша.

Еркін сауданы шектейтін мемлекеттік сыртқы сауда саясаты кедендік тарифті ерекше құрал ретінде пайдалана отырып әр түрлі топтағы адамдардың игілігі мен мүдделеріне қалайша әсер ететінін талдайық.



Сурет 9 - Астық өнімдерінің нарығын талдау

Ресейдегі астық өнімдері нарығын мысалға келтіре отырып (8 сур. қараңыз – ондағы bc - астық өнімдеріне сұраныс қисығы, bc – ішкі ұсыныс қисығы) тарифті енгізудің салдарын тұтынушылардың иглігіне әсер етуін анықтаймыз. Ресейдегі астық өнімдеріне әлемдік баға ішкі тепе-теңдік бағасынан төмен деп алайық, сондықтан, Ресей үшін осы өнімді импорттау тиімді болып табылады. Егер бастапқыда Ресейде еркін сауда режимі болса, оның ішкі нарығындағы астыққа баға әлемдік бағадан ажыратылмайды. Осы бағамен ұлттық өндірушілер Об көлемі бойынша ғана астық өнімдерін ұсынуды қамтамасыз ете алады, ал сұраныс көлемі елеулі көлемде жоғары болып табылады және Oc_1 құрайды. Әлемдікке тең болып табылатын ішкі баға кезіндегі ұсыныс пен сұраныс арасындағы айырмашылық астық өнімдерінің импортымен жабылады, олардың көлемі осы жағдайда ($O(1 - O_э)$) тең. Қатынасты түрдегі төмен әлемдік баға бойынша астық өнімдерін сатып ала отырып тұтынушылар ұтады. (9 сур. қараңыз.).

Шет елдік бәсекелестіктен қорғау мақсаттарында кедендік тарифті енгізгеннен кейін ішкі нарықтағы импортталатын астық өнімдерінің бағасы T көлеміне өседі: $P_{11} = + T$. Осы жағдайларда бұрын импортты тауарды сатып алған тұтынушылар ұтылып қалады, себебі табыс деңгейі өзгермесе де осы өнімді аз көлемде және қымбат баға бойынша сатып алуға мәжбүр. Импорт қысқартылады, және астық өнімдеріне сұраныстың бір бөлігі қанағаттандырылғысыз қалғандықтан, тұтынушылар отандық өнімге жоғары сұранысты ұсынады.

Бірақ, кедендік тарифті енгізу тек қана импорттық өнімнің бағасын көтеруге әкеп соқтырмайды. Себебі, Әлемдік бағаның төмен деңгейі ресейлік өндірушілерді жеткіліксіз дәрежеде бәсекеге қабілетті қылды, олар астық өнімдеріне бағалар жоғары, ал олардың өнімдері бәсекеге қабелітті болуы үшін тарифті енгізуге мүдделі болды. Бірақ, өндіріс пен өткізуді кеңейту шығындардың өсуімен ұштасады және ол ресейлік өндірушілерге олардың

өнімдеріне баға өссе ғана тиімді болады. Сонымен, импортты астық өнімдері қымбаттауымен қатар отандық өндірістегі астық өнімдеріне де бағалардың өсуі орын алады. Біраз уақыттан кейін ішкі нарықтағы тепе-тең баға (импортты ескере отырып) жаңа жоғарырақ деңгейде орнатылады; $P_a = P^* + T$. Нәтижесінде, тарифті енгізу және әрі қарай бағаларды жоғарылату отандық өндірістің O_5 тен CB_1 дейін өсуіне, ішкі тұтынудың O_a дан $O_{сп}$ дейін төмендеуіне, ал импорттың көлеміне дейін қысқартылуына әкеп соқтырады. Яғни, кедендік тарифті енгізуден ең алдымен тұтынушылар зардап шегеді, себебі олар астық өнімдеріне қымбатырақ төлеп, соның салдарынан оны аз тұтынуға мәжбүр болады.

Импортқа кедендік тарифті енгізу импортпен бәсекелесетін отандық өндірушілер мүдделеріне сай келеді. Бір жағынан, олар сатылымдарды кеңейте алады, себебі импорттық тауарлар қымбат болады және тұтынушылар отандық өнімге өсіп келе жатқан сұранысты көрсетеді. Екінші жағынан, жоғарыда көрсетілгендей, импортты тауарлардың қымбаттауы отандық өндірушілерге бағаларды көтеруге және қосымша пайда алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өндірушілердің импортты тарифті енгізуден алған қосымша пайдасы тұтынушылар шығындарына қарағанда елеулі түрде төмен [51]. Ол отандық өндірушілер тек қана өз өніміне бағалардың көтерілуінен ұтатынымен, ал тұтынушылар бүкіл сатып алынатын өнім үшін қымбат төлейтінімен (отандық та, импортты да) түсіндіріледі. Импортпен бәсекелесетін өнімді отандық өндірушілерді қорғау деңгейін объективті бағалау үшін әр түрлі өндірістер технологиялық өзара байланысты екенін назарға алу керек. Ол мемлекет тарифпен бір саланы қорғай отырып онымен байланысты салаларды да, мысалы, оның өнімін шикізат ретінде, әрі қарай өңдеу үшін жартылай фабрикат ретінде және т.б. пайдаланатын салаларды қорғайтынын білдіреді. Қалай болғанда да, материалдық шығындар құрамдауыштарына баж ставкасы түпкі өнімге баж ставкасынан елеулі түрде асатын болса сала кедендік тарифпен қорғалғанына қарамастан қорғаудың іс жүзіндегі дәрежесі теріс болуы мүмкін деген пікір де дұрыс болып есептеледі.

Жоғарыда айтылып кеткендей, кедендік тариф тұтынушылар мен өндірушілер мүдделеріне әсер етуінен басқа ол мемлекеттік бюджет үшін маңызды табыс көзі болып табылады. Осы табыстың мөлшері тариф ставкасының импорт көлемінің (құндық немесе салмақтық көріністе) көбейтіндісіне тең болады. Кедендік тариф импортты тауарларға толығымен жол кесіп тастайтындай жоғары болмаған жағдайда ғана мемлекетке пайда әкелетінін айта кету керек. Тиым салушы тариф мемлекетке пайда әкелмейді. Әдетте, кедендік тариф отандық өндірушілерді шет елдік бәсекелестіктен қорғау мақсатында енгізіледі. Бірақ, кейде мемлекет экспортты да шектеуге барады. Экспортқа кедендік тарифті енгізу белгілі бір өнімге баға мемлекеттің әкімшілік бақылауында болғанда және өндірушілерге сәйкес *субсидияларды* төлеу жолымен әлемдіктен төмен деңгейде ұсталып тұрған кезде орынды болуы мүмкін. Осы жағдайда экспортты шектеуді мемлекет ішкі нарықта жеткілікті

ұсынысты қолдау үшін және субсидияланатын өнімнің артық экспортының алдын алу үшін қажетті шара ретінде қарастырады.

Экспортты тарифтерді көбінесе дамып келе жатқан елдер және ауыспалы экономикасы бар елдер пайдаланады. Өнеркәсібі дамыған елдер оларды сирек пайдаланады, ал АҚШ экспортқа салық салуға конституциямен тиым салынған. Барлық елдерде қолданылатын импорттық баждарға қарағанда экспорттық баждар жекелеген, әдетте, дамымаған елдерде орнатылады. Экспорттық баждар мен салықтардың ең кең желісі Аргентинада құрылған, онда олар фискалды мақсатта, сыртқы сауданы реттеу үшін емес, мемлекет қазынасының қаржылық әлеуеттерін толықтыру үшін қолданылады. Үндістанда олар 25 түрлі (шай, кофе, қара бұрыш және өзге де дәмдеуіштер, темекі, мақта, кендір және кендір бұйымдары, темір және марганец кендері) дәстүрлі ұлттық экспорт тауарларына салынған. Бірақ 1989 жылғы наурыздан бастап Үндістандағы экспорттық тариф сыртқы экономикалық қызметті либерализациялаумен, сондай-ақ, олардың қымбаттауы нәтижесінде бірқатар тауарлардың (мысалы, шайдың) экспорттық нарықтарын жоғалтуымен байланысты күшін жойды.

Ресейде соңғы уақытқа дейін экспорттық кедендік баждар елден шығарылатын көпшілік тауарларға қатысты қолданылды. Қазіргі уақытта әңгіме оларды жаңғырту туралы болып отыр. Ресейлік экспорттың құрылымы 80% отын-шикізат әлеуеттерінен тұрады. Машина құрылысы өніміне тек қана 9% құрайды, ал машина құрылысы өнімінің экспорты мәселесі негізгі мәселелер қатарына жатады, оның шешілуімен экспорт құрылымын жақсарту, Ресейдің әлемдік шаруашылық байланыстарға қатысу тиімділігін арттыру мәселелері байланысты[52].

Импорт саласында мемлекеттік кедендік саясат импортты шикізатты арзандатуға және ішкі нарыққа әлемдік тауар нарығының дайын бұйымдарын кіргізуді қиындатуға бағытталған. Әдетте импортты шикізатқа кедендік баж салынбайды немесе олардың мөлшері өте аз болып табылады. Шикізатқа импортты баждардың төмен деңгейін орната отырып мемлекет өзі дайындауға баратын тауарлардың әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатын өз алдына қояды. Дайын өнімдерге кедендік баждар жоғары деңгейде орнатылады. Соңғы жылдары кедендік тарифтерді төмендету тенденциясы байқалады. Кедендік тарифтің орташа әлемдік деңгейі 6% құрайды (2008 жылғы мәліметтер).

Жоғарыда келтірілген кестелерді талдаудан үлкен импортты тарифтерді енгізу екі теріс нәтижелерге әкеп соқтырады деген тұжырым жасауға болады: импортталатын тауарларға сатып алушылық қабілеттің төмендеуіне және ақшалардың мемлекеттік бюджеттен көлеңкелі экономикаға «қашып кетуіне» әкеп соқтыратын тауарларды контрабандалық жеткізілімдер көлемдерінің көбейтілуіне. Сондықтан, мемлекеттің табысын тауарға баж ставкасын көтермей, импорттың құндық көлемін көтере отырып, яғни салық салынатын базаны – импортталатын тауарлардың кедендік құнын дұрыс анықтай отырып көтеруге болады.

Дамыған капиталистік мемлекеттердің тарифтеріндегі баждар ставкалары 60 ж.ж. аяғында жалпы үлестік салмақта үндестірілген жүйенің тауарлы топтарының 60% үшін 6 - 10 % шектерінде болды. Дамыған елдердің мемлекеттік бюджет табыстарының жалпы сомасындағы кедендік баждардың үлесі 8,9% аспаған. Сонымен қатар, талдау көрсетіп отырғандай, ГАТТ шеңберіндегі келіссөздердің Уругвайлық рауынды барысында кедендік баждарды түсірудің орташа деңгейі 38 % келіскен болса да (өнеркәсіптік тауарлар бойынша) баждар ставкалары жоғары дәрежеде қалып отыр. Дамыған елдерде барлық тауарлық позициялардың 25% баждар ставкалары 10%, 20% жоғары болады. Бірақ, Ресей мен шет ел мемлекеттері импортының тауарлы құрылымын салыстыра отырып дамыған елдердегі импорттың тауарлы құрылымын назарға алу керек. Мәселен, Франциядағы пропорциялар төмендегідей: азық түлік және сусындар - 26%, шикізат пен жартылай фабрикаттар - 60%, дайын өнімдер - 13% [53].

Барлық дерлік елдер ұлттық экономикаларын қорғау үшін тарифтік протекционизмді қолданған және қолданып келеді. Айырмашылықтар протекционизм нысанын таңдауда, кедендік тарифтің тереңдігіне, таңдамалылық дәрежесіне, тарифтік шаралардың әрекет ету мерзіміне және т.б. қатысты болып отыр. Кіргізу баждары ставкаларының ең жоғары деңгейі Англияда, АҚШ-та, Германияда, Францияда, Жапонияда. Жоғары кедендік тарифтерді енгізудің, мысалы, Германиядағы мақсаты ұлттық өндірістің белгілі салаларын қорғап қана қоймай, нарықты өз индустриясы үшін қамтамасыз ету үшін өз тауарынан шет елдік тауарларды шеттету. 1951 ж. аяғында ГФР жаңа кедендік тариф күшіне енді, оның 1902 ж. тарифтен негізгі айырмашылығы барлық баждар тауар құнынан пайыздармен белгіленді (адвалорлы баждар), ал алдыңғы бажда айырықша баждар болған (тауардың нақты көлемінен). Аса жоғары баждар дайын өнімдерге, яғни Батыс Германияда кеңінен дамыған салалардың өнімдеріне белгіленді. Сонымен, ГФР ірі компаниялары сыртқы нарықтардағы күреске протекционистік үлгідегі кедендік тарифке сүйене отырып кірісті, ол батысгерманиялық экспорттың негізгі тауарлары болып табылатын дайын өнімдер бойынша ішкі нарықта бағалардың жоғары деңгейін сақтап қалып, соның есебінен сыртқы нарықтағы экспансияны қаржыландыруға мүмкіндік берді. Бірақ, әрі қарай ГФР кедендік саясатында өнеркәсібі дамыған елдердің әдеттегі артық протекционизмнен ерекшеленетін жаңа тенденциялар байқала бастады. Батыс Германияда өндірісті шоғырландыру үрдістері күшейтілді, олардың мөлшерлері бойынша Батыс Еуропада бірінші орын иеленген ірі капитал салымдарын жүзеге асыру нәтижесінде тауарлардың бәсекеге қабілетілігі артты. Ірі алтын валюталық резервтер жинақталды. Осылардың барлығы Батыс Германияға кедендік тарифті төмендету және өзінің басқа елдерге экспортын дамыту үшін көнулерді алу жолымен сыртқы нарықтар үшін күрес бастауға мүмкіндік берді. Осы бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі болып 1951 ж. ГАТТ ену табылды. Соңғы жылдары ГФР ГАТТ шеңберінде де, автономды түрде де бірнеше мәрте баждарды төмендетті. Ең көп мөлшерлерде баждар 1956-57 ж.ж. төмендетілді, онда

батысгерманиялық үкімет тұтынушылық тауарларға бағалардың өсуін осындай жолмен тежеуге тырысты[54].

Ресейде жоғары импорттық баждарды қолдануға өзгеше қозғарас қалыптасты. Көптеген экономистер өздерінің жағдайын ДСҰ енгізе отырып нашарлатқан Үндістанның, Бразилияның және Мексиканың тәжірибесін мысалға келтіре отырып кіргізу тарифтерін төмендетуді асығыс және қауіпті әрекет деп есептейді. Бірақ, осы жағдайда осы пікірмен келіспей, Ресейдің жоғарыда көрсетілген елдермен салыстырғанда индустриялды базасы дамыған екенін айта кету керек. Кіргізу баждарының жоғары ставкалары контрабандалық жеткізілімдердің санын көбейтуге, РФ кедендік шекарасы арқылы өтетін тауарлардың тауардың кедендік құнын төмендетуді қоса алғанда кедендік төлемдерді төлеуден жалтаруға ықпалын тигізеді. Сыртқы сауда кедергілерін жоғарылату отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруы күмән келтіретінін айта кету керек, себебі, егер бәсекеге қабілеттілігі жоғары тауарлар Ресейге кіргізілмейтін болса, өз өнімін «кедей» қанықпаған нарықта табысты түрде өткізіп жатқан ұлттық өндірушілер өз тауарларын жетілдіруге ынталы болмайды.


Баждардың бағаларға ықпал ету механизмі күрделі болып табылады. Баждардың тиімділігі ең алдымен ішкі нарықтағы және әлемдік нарықтағы тауарларға ішкі бағалардың арақатынасына байланысты болады. Салыстармалы үлгідегі автокөліктер әлемдік нарықта 5 мың доллар және кіргізу елінде 7 мың доллар тұрады деп алайық. Осы жағдайда шет елдік автокөліктерді енгізу жолындағы тиімді кедергі болып кем дегенде 50% (ол кіргізілетін автокөліктердің бағасын 7,5 мың долларға дейін көтереді) ставкасы бар баж табылады. Егер автокөліктің бағасы ішкі нарықта 5,5 мың доллар және әлемдік нарықта 5 мың доллар болатын болса өзгеше жағдай қалыптасады. Осы мысалда 6 - 10 % мөлшеріндегі баж тиімді протекционистік кедергі болып табылуы мүмкін. Әрі қарай, бағалар механизмі арқылы кедендік салық салу деңгейі экспорттық тауарларды өткізу кезіндегі фирмалар алатын пайдаларға әсер етеді. Экспорттық тауардың жолында тұратын кедендік кедергі жоғары болған сайын фирмаға болжанып отырған экспорттық іс-әрекеттен түсетін пайданың жоғары деңгейін қамтамасыз ету қиынға түседі. Болжанып отырған экспорттық іс-әрекеттен түсетін пайда мөлшерінен асатын кедендік баж ставкасы тауар экспортын тежеуі мүмкін деген болжам жасауға болады. Осы тұрғыда кедендік салық салу деңгейін бағалаған кезде баж ставкасы міндетті түрде фирмалар сыртқы сауда іс-әрекеттерінен алатын пайданы бағалаумен салыстырылуы қажет. Тек қана осылайша салыстыру осы ставка жоғары немесе төмен бе деген сұраққа жауап беру үшін объективті басымдық береді.

2.3 Астық өнімдері бағасын қалыптастыруға әсер ететін салыстырмалы артықшылықтарды талдау

Халықаралық сауда теориясы, атап айтқанда, салыстырмалы артықшылықтар теориясы сыртқы сауда қатынастары дамуының салдарынан

оларға қатысатын барлық мемлекеттер жалпы әл-ауқаттың өсуі түріндегі ұтыс алатынын айтып отыр. Сонымен қатар, осы ұтыс қалай таратылатыны негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Бір жағынан, ол елдер арасында біркелкі таратылуы мүмкін емес екені айқын, себебі, оның мөлшері әлемдік бағалар қандай деңгейде белгіленетініне байланысты. Екінші жағынан, жалпы мемлекет алатын сыртқы саудадан алынған ұтыс мемлекеттің ішінде өндірушілер мен тұтынушылар, экспорттаушылар мен импорттаушылар арасында да теңдей бөлінбейді. Соңында, мамандандудың нәтижесінде салалар арасында әлеуеттердің таратылуында өзгерістер болатынын және соның салдарынан өндіріс факторларының табыстары өзгеретінін естен шығармау керек [55].

Шартты мысалды қарастырайық (сурет 10) екі мемлекет – Ресей мен қазақстан – бір өнім- астық өндіретін болсын. Сыртқы сауда болмаған жағдайда екі мемлекеттердегі сұраныс пен ұсыныс сипаттамалары бірдей, Ресейдегі астық нарығындағы тепе-теңдік 1 т 120 долл. кезінде белгіленеді, ал Қазақстанда – 1 т үшін 200 долл. кезінде белгіленеді деп болжайық. Қазақстанда астық бағасы Ресейге қарағанда төмен, сондықтан, ресейлік өндірушілерге өз өнімін импорттау, ал Қазақстан тұтынушыларына – арзанырақ экспорттау астықты сатып алу тиімді болуы тиіс. Сонымен, бағалардағы бастапқы айырма экспорт пен импорт үшін мүмкіндіктер тудырады, бірақ барлығы әлемдік баға қандай деңгейде орнатылатынына байланысты. Екі елдегі де ішкі сұраныс пен ұсыныс сипаттамаларын біле отырып астықты экспортқа ұсынудың, импортты астыққа сұраныстың мөлшерлерін, нәтижесінде, тепе-тең әлемдік баға деңгейін анықтай аламыз. Еркін сауда жағдайларында ішкі бағалар әлемдік баға деңгейіне дейін өзгеретінін атап кету маңызды.



Сурет 10 - Сыртқы саудадан түскен ұтысты үлестіру

Ресейлік өндірушілер үшін (сурет 9,в) әлемдік баға (P_w) Ресейдегі бастапқы ішкі бағадан жоғары болса, астық өндірісін кеңейтіп оны экспорттау тиімді болады ($P_w > 120$). Әлемдік баға жоғары болған сайын Ресей өндірушілері астық ұсынуды кеңейте бастайды да Ресей тұтынушылары нарықта ұсынылатын сұранысты қысқарта бастайды. Сонымен, әлемдік нарықта астықты ұсыну мөлшерлері (S_X) астыққа бағалардың өсуі

жағдайларында пайда болатын Ресей ішкі нарығындағы ұсыныс пен сұраныс арасындағы айырмамен анықталатын болады: $S_X = S_A - D_A$.

Екінші жағынан, қазақстандық тұтынушыларға (сурет 10,а) егер оның әлемдік бағасы Қазақстандағы бастапқы ішкі бағадан төмен болса, импортталған астықты сатып алу тиімді болып табылады ($P_W < 200$). Әлемдік баға, нәтижесінде, еркін сауда жағдайларында, ішкі баға да төмен болған сайын Қазақстан тұтынушылары астыққа сұранысты көбейтеді, бірақ сонымен бірге, қазақстандық өндірушілер ұсыныс көлемін қысқарта бастайды. Сонымен, әлемдік нарықтағы астыққа сұраныстың көлемі (D_W) астыққа бағалардың төмендеуі жағдайларында пайда болатын Қазақстанның ішкі нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырмамен анықталады: $D_M = D_B - S_B$.

10б суретте импортқа сұраныс және экспорттық ұсыныс қисықтары көрсетілген, олар әлемдік нарықтағы тепе-теңдік бағасына сәйкес келетін нүктеде қиылысады. Біздің мысалда әлемдік нарықтағы тепе-теңдік 1 т астық бағасы 150 долл. болған кезде орын алады. Осындай баға кезінде Қазақстандағы артық сұраны (80 – 20 = 60) Ресейдегі артық ұсынысқа (90 – 30 = 60) сәйкес келеді. Баға жоғары болған кезде әлемдік нарықтағы астық ұсынысы сұраныстан асып түседі, ол бағаның төмендеуіне ықпалын тигізеді. Баға төмен болған кезде, керісінше, сұраныс ұсыныстан артады және әлемдік баға тепе-тең мәнге ие болғанша өседі.

Сұраныс пен ұсыныс моделі еркін сауда жалпы алғанда мемлекеттер үшін өзара тиімді болғанымен, тұрғындардың бір топтары ұтатынын, ал екіншілері ұтылатынын көрсетуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттер арасында сауда қатынастарын орнатқанға дейін Қазақстандағы тұтынушылар 50 мың т. астықты 1 т үшін 200 долл, ал Ресей тұтынушылары- 60 мың т. 1 т үшін 120 долл. сатып алды. Астықты осы бағалар бойынша сатып ала отырып, тұтынушылар ұтыс (тұтынушының артылғанын) алып отырды: Қазақстандағы астық тұтынушылары үшін d (1а сур.) ауданына тең, ал Ресейдегі тұтынушылар үшін $-g + h + k$ (1в сур.) ауданына тең болды.

Сауда қатынастарын орнатқаннан кейін Бразилия астық импорттаушысына айналады және ішкі нарықтағы баға 1 т. үшін 200 доллардан 150 долл. дейін төмендетіледі. Нәтижесінде, тұтынушылар астып сатып алуды 50 мың тоннадан 80 мың тоннаға дейін көбейтеді және олардың жиынтық ұтысы енді $a + b + c + d$ ауданын құрайды, олардың ішінде $a + b + c$ ауданы – ол сыртқы сауда нәтижесінде алынған таза ұтыс. Керісінше жағдай астық импорттаушысы болып табылатын Ресейде байқалады. Ресейдегі ішкі баға 1 т. үшін 120 доллардан 150 долларға дейін көтеріледі, ол астыққа сұраныстың төмендеуіне және сәйкесінше, оны сатып алулардың төмендеуіне әкеп соқтырады. Ресейдегі тұтынудың артылуы k ауданына тең болады, яғни, тұтынушылар сыртқы саудадан $g + h$ ауданы мөлшерінде таза шығындарға батады.

Сонымен, халықаралық сауда дамуының нәтижесінде импорттаушы мемлекеттегі тұтынушылар ұтады, себебі олардың өздеріне қажетті өнімді төмен баға бойынша көбірек сатып алу мүмкіндіктері бар, ал экспорттаушы

елдің тұтынушылары ұтылады, себебі баға өсуінің салдарынан сатып алулар көлемін қысқартуға мәжбүр болып табылады.

Сыртқы сауда қатынастарын белгілегенге дейін екі елдің өндірушілері нарықта белгіленген баға бойынша астық сатудан ұтты (өндірушінің артығы): Қазақстанда ол $a + e$ ауданына, ал Ресейде $-f + j$ тең болды.

Сыртқы сауда қатынастары орнатылғаннан кейін аргентиналық астық өндірушілері экспорттаушыларға айналады және жоғары бағалар және өткізу нарықтарын кеңейту түріндегі өндіріс көлемдерін ұлғайту үшін ынталар алады. Осы жааңа жағдайларда олардың жиынтық ұтысы $(f + j + g + h + i)$ ауданын, ал сауданы дамытудан түскен таза пайда $-(g + h + i)$ ауданын құрайды. Ресейлік астық өндірушілеріне келетін болсақ, олар өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі төмен болғандықтан, ішкі нарықтағы позицияларын шет елдік бәсекелестеріне береді де өндірісті қысқартады. Олардың жиынтық ұтысы енді e ауданын құрайды, яғни олар a ауданының мөлшерінде таза шығындарға батады.

Сонымен, халықаралық сауда дамуының нәтижесінде импорт алмастырушы елдердегі өндірушілер ұтылады, себебі, тиімдірек шет елдік өндірушілер тарапынан болып жатқан бәсекелестік оларды бағаларды төмендетіп, өндіріс көлемдерін қысқартуға мәжбүрлейді. Екінші жағынан, экспортты елдердің өндірушілері ұтады, себебі әлемдік нарыққа шыға отырып олар өндірісті ұлғайтып, өнімін жоғарырақ баға бойынша сату мүмкіндігін алады.

Егер импорттаушы мемлекет ретіндегі Қазақстанда тұтынушылардың таза ұтысы $a + b + c$ ауданын, ал импортпен бәсекелесуші салалардағы өндірушілердің таза шығындары a ауданын құраса, мемлекет үшін жалпы жиынтық әсер: $(a + b + c) - a = b + c$ тең болады. Экспорттаушы мемлекет ретіндегі Ресейде таза ұтыс $g + h + i$ мөлшерінде, ал тұтынушылар, керісінше, $g + h$ ауданын жоғалтады. Яғни, экспорттаушы мемлекет үшін таза әсер $(g + h + i) - (g + h) = i$ құрайды. Әрине, әр түрлі тұрғындар топтарының пайдалары мен залалдарын осындай тікелей салыстыру белгілі бір дәрежеде қате екенін естен шығармау қажет, себебі, олардың субъективті бағалары елеулі түрде ажыратылуы мүмкін (кедей адам үшін бір доллар жоғалту, бай адам үшін бір доллар қосымша ұтысқа карағанда маңыздырақ болып табылады). Сондықтан, бұл жерде әңгіме сыртқы сауда салдарын зерттеуге қатысты таза құндық көзқарас туралы болып отыр, онда біз олардың әл-ауқатының деңгейіне қарамастан әр түрлі адамдар үшін ақша бірлігінің тең құндылығы алғышартын басшылыққа аламыз. Осы көзқарас тереңірек әлеуметтік-экономикалық, саяси және т.б. талдаумен толықтырылуы мүмкін.

Жалпы алғанда, біз халықаралық сауданың дамуы барлық мемлекеттер үшін ұтыс беріп отырғанын көріп отырмыз. Бірақ, егер экспорттаушы мемлекетте осы таза ұтыс импортпен бәсекелесеуші өнім өндірушілердің шығындарынан елеулі түрде асатын болса, экспорттаушы мемлекетте, керісінше, әл-ауқаттың жалпы өсімі тұтынушылардың шығындарымен салыстырғандағы өндірушілердің көп ұтысы есебінен қамтамасыз етіледі. осы

тұжырым сыртқы сауда саласына мемлекеттік араласу себептерін түсіндіру үшін аса маңызды болып табылады.

10 а суреттен көріп отырғанымыздай, импорттаушы мемлекеттің таза ұтыс мөлшері ($b + c$ ауданы) импорттың нақты көлеміне ($80 - 20 = 60$) және баға қаншалықты төмендегенінен ($200 - 150 = 50$) байланысты. Осыған ұқсас экспорттаушы мемлекеттің таза ұтыс көлемі (1в суреттегі i ауданы) экспортың нақты көлеміне ($90 - 30 = 60$) және баға қаншалықты көтерілгеніне ($150 - 120 = 30$) байланысты.

Мемлекеттер арасындағы саудадан түскен ұтысты үлестіруді көрнекі көрсету үшін әлемдегі нарықтағы сұраныс және ұсыныс кестелерін пайдалану ыңғайлы, аталмыш кестеде ол үшін барлық қажетті ақпарат бар: экспорттың/импорттың тепе-тең көлемі және сауда қатынастарын орнатқанға дейінгі және кейінгі экспорт/импорт көлемі. Осы кестеде импорттаушы мемлекеттің таза ұтысы импортқа сұраныс қисығы D_W және әлемдік баға сызығы арасындағы ауданға, ал экспорттаушы-мемлекеттің таза ұтысы – әлемдік баға сызығы мен экспорттық ұсыныс қисығы арасындағы ауданға S_X тең.

Екі мемлекеттің де сыртқы сауда көлемі бірдей болғандықтан, ұтысты үлестіру осы мемлекеттерде бағалар қаншалықты өзгергеніне байланысты. Егер экспорттаушы мемлекетте бағалар X пайызға өскен болса (әлемдік бағаға байланысты), ал импорттаушы мемлекеттегі бағалар Y пайызға төмендеген болса, онда

Экспорттаушы мемлекеттің/ импорттаушы мемлекеттің ұтысы = X / Y

Біздің мысалымызда Қазақстандағы баға төмендеді: $(200 - 150)/150 \times 100\% = 33,3\%$, ал Ресей бағасы көтерілді: $(150 - 120)/150 \times 100\% = 20\%$. Сондықтан, нәтижесінде, Қазақстанның ұтысы $66,7\%$ жоғары болды.

Сонымен, халықаралық сауда өзара тиімді болып табылса да, одан түскен ұтыс біркелкі емес үлестіріледі. Бағалар көбірек дәрежеде өзгерген мемлекет көбірек ұтады. Өзгеше сөзбен айтқанда, импортқа сұраныстың немесе экспорттық ұсыныстың икемділігі төмен болған сайын саудадан түскен ұтыс жоғары.


Еркін сауда барлық мемлекеттердің- экспорттаушылардың да, импорттаушылардың да экономикалық әл-ауқатының өсуіне әкеп соқтыратынына қарамастан,, - іс жүзінде халықаралық сауда мемлекеттің араласуынсыз егшқашан және ешбір жерде шын мәнінде еркін түрде жамыған емес. Халықаралық сауда тарихы протекционизмнің – ішкі нарықты шет елдік бәсекелестіктен қорғау мақсаттарында сыртқы сауданы шектеудің мемлекеттік саясатының даму және жетілдіру тарихы болып табылады. сыртқы сауда қатынастарының даму барысында әр түрлі әлеуметтік топтар мен тұрғындардың экономикалық мүделері ұштасады, және де мемлекет, сөзсіз, осы мүдделер жанжалына тарттырылған болып шығады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы жағдайларда ұлттық экономика одан әрі ашық болып келеді және мемлекет өзінің саясатында экономика ішінде және сыртқыэкономикалық байланыстар саласындағы үрдістердің тығыз өзара байланысын ескеруі қажет.

сондықтан, соғыстан кейінгі жылдары тарифтер және сауда бойынша Бас келісімнің (ТСБК) және оның негізінде құрылған Дүниежүзілік сауда ұйымының шеңберінде протекционизмді әлсірету және халықаралық сауданы либерализациялау бойынша үлкен жұмыс жасалды, сыртқы сауда саясаты бұрынғысынша экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады[56].

Халықаралық сауданы реттеу үшін мемлекет пайдалантын құралдарды тарифтік (кедендік тарифті пайдалануға негізделген) және тарифтік емес (квоталар, лицензиялар, субсидиялар, демпинг және т.б.) болып екіге бөлуге болады. Сауданы шектеудің кеңінен таралған түрі болып мемлекеттің шекарасы арқылы кедендік ведомстволықтың бақылауымен өткізілетін кіргізілетін тауарлардан алынатын ақшалай алым түріндегі импортқа кедендік баж (тариф) табылады. Тарифті енгізген кезде импорттық тауардың отандық бағасы әлемдік бағадан жоғары көтеріледі.

Еркін сауданы дамыту олардың әл-ауқатын өзгерте отырып әр түрлі адамдар тобының мүдделерін қозғайтындықтан, еркін сауданы шектейтін мемлекеттік сыртқы сауда саясаты да осы адамдар тобының әл-ауқат деңгейіне әсер етуі тиіс [57].

Ең алдымен импорттық тауарларға тарифті енгізудің тұтынушылардың әл-ауқатының деңгейіне келтірген салдарын көрсетейік. Ресейдегі қант нарығын қарастырайық (сурет 11), онда D_d – қантқа сұраныс қисығы, ал S_d – ішкі ұсыныс қисығы. Қанттың әлемдік бағасы P_w тепе-теңдіктің ішкі бағасынан төмен деп болжайық, сондықтан, Ресей үшін осы өнімді импорттау тиімді болып табылады. егер бастапқыда Ресейде еркін сауда режимі болған болса, онда оның ішкі нарығындағы қант бағасы әлемдік бағадан өзгешеленбейді. Осы баға бойынша отандық өндірушілер қант ұсынысын тек қана S_1 мөлшерінде ұсынуды қамтамасыз ете алады, ал сұраныс көлемі едәуір көп болады және D_1 құрайды. ішкі баға кезіндегі сұраныс пен ұсыныс арасындағы әлемдікке тең айырма қант импортымен жабылады, оның көлемі осы жағдайда $D_1 - S_1$ тең болады.



Сурет 11- Импортқа кедендік тарифті енгізудің салдары

Енді Ресей үкіметі ұлттық өндірушілерді шет елдік бәсекелестіктен қорғау мақсаттарында импортталатын қанттың 1 т үшін T мөлшеріндегі кедендік тарифті белгілейді деп болжайық. Ішкі нарықтағы импортты қант бағасы T көлеміне өседі және $P_w + T$ құрайды. импорт қысқартылады және қантқа сұраныстың бір бөлігі қанаттандырылмаған болып қалғандықтан, тұтынушылар отандық өнімге жоғары сұраныс ұсынады.

Бірақ, кедендік тарифті енгізу импортталатын өнім бағасының ғана өсуіне әкеп соқтырмайды. Әлемдік бағаның төмен деңгейі аргентиналық қант өндірушілерді бәсекеге қабілетсіз қылды, сондықтан олар импортталатын қант бағасы жоғары және сол арқылы олардың өзіндік өнімі бәсекеге қабілетті болуы үшін тарифті енгізуге мүдделі болды. бірақ, өндіріс пен өткізуді кеңейту шығындардың өсуімен ұштасады және ол ресейлік өндірушілер үшін олардың өнімдеріне баға өскен болса ғана тиімді болады.

Сонымен, импортты қанттың қымбаттауымен қатар отандық өндірушілердің қантына да бағаның өсуі орын алып отыр. Біршама уақыттан кейін (импортты ескере отырып) ішкі нарықтағы тепе-тең баға жаңа, жоғарырақ деңгейде белгіленеді: $P_d = P_w + T$. Нәтижесінде, тарифті енгізу және одан әрі бағаларды көтеру отандық қант өндірісі S_2 өсуіне әкеп соқтырады, ішкі тұтыну D_2 дейін төмендейді, ал импорт $D_2 - S_2$ көлеміне дейін қысқартылады. Кедендік тарифті енгізуден ең алдымен тұтынушылар зардап шегеді, себебі олар бүкіл қант үшін (отандық және импортталған) қымбат төлеуге және соның салдарынан аз тұтынуға мәжбүр. Тарифті енгізуден келген тұтынушылардың таза шығындары $(a + b + c + d)$ ауданын құрайды.

Импортқа кедендік тарифті енгізу импортпен бәсекелесетін отандық өндірушілердің мүдделеріне сай келеді. Бір жағынан, олар сатылымдарды кеңейте алады, себебі, импорттық тауарлар қымбатқа түседі де тұтынушылар отандық өнімге өсіп келе жатқан сұраныс білдіреді. Екінші жағынан, жоғарыда көрсетілгендей, импорттық тауарлардың қымбаттауы отандық өндірушілерге бағаларды көтеріп қосымша ұтыс алуға мүмкіндік береді. Импортпен бәсекелесетін саладағы өндірушілердің қосымша ұтыс мөлшері a ауданына сәйкес келеді.

Өндірушілердің импорттық тарифті енгізуден алған қосымша ұтысы (a ауданы) тұтынушылардың шығындарына қарғанда елеулі түрде аз екенін көріп отырмыз ($a + b + c + d$ ауданы). Ол отандық өндірушілер өз өніміне ғана бағаларды көтергеннен ұтатынымен, ал тұтынушылар барлық сатып алынатын өнім үшін қымбат төлейтінімен түсініледі.

Сонымен қатар, кедендік тариф тұтынушылар мен өндірушілердің әл-ауқатына әсер етеді, ол да мемлекеттік бюджет үшін маңызды пайда көзі болып табылады. осы табыс мөлшері тариф ставкасын импорт көлеміне туындысына: $T \times (D_2 - S_2)$, немесе c ауданына тең болып табылады. кедендік тарифті енгізуден алған мемлекет пайдасы туралы айтатын болсақ, мемлекет сонымен бірге тарифті өзін жасаумен, қажетті құжаттаманы жүргізумен, кедендік қызметті күтіп-ұстаумен және т.б. байланысты белгілі бір шығындар көтеретінін айта кету керек. өзгеше сөзбен айтқанда, тарифті енгізуден түскен

табыстарды тарифтік жүйенің өзі ішінара «жеп қояды», яғни мемлекет үшін таза әсер болжанғаннан төмен болады.

Жүргізілген талдау импортқа кедендік тарифті енгізу табыстарды тұтынушылардан мемлекеттік бюджет және импорт алмастырушы салалардағы өндірушілер пайдасына қайта үлестіруіне әкеп соқтырады. Сонымен қатар, $(a + c)$ тең өндірушілер мен мемлекеттің жиынтық ұтысы $(a + b + c + d)$ құрайтын тұтынушылардың ұтылуынан аз екенін көріп отырмыз. Сонымен, импортқа кедендік тарифті енгізу қоғамның әл-ауқатының таза шығындарына әкеп соқтырады, ол $(b + d)$ ауданына сәйкес келеді. 2 суреттен көрініп отырғандай, осы таза шығындарды сандық бағалау үшін енгізіліп отырған тарифтің мөлшерін, сондай-ақ, импорт көлемінің қықсартылуын немесе импортқа сқұраныстың бағасы бойынша икемділігін білу қажет.


Тарифтен болған таза шығындардың пайда болуы екі себептермен түсіндіріледі: біріншіден, тұтынушылар өнім тұтынуды мәжбүрлі түрде қықсартады, себебі ол қымбаттайды (d ауданы); екіншіден, әлеуеттерді үлестірудің тиімділігін төмендетеді, себебі шығындар деңгейі жоғарырақ жеткілікті дәрежеде бәсекеге қабілетті емес отандық фирмалардың өндірісі кеңейтіледі (b ауданы).

Кедендік тарифтер сыртқы сауда саясатының маңызды құралы болып қала береді, бірқ олардың ролі соңғы онжылдықтарда біртіндеп әлсіреді. Соғыстан кейінгі кезеңде ТСБК шеңберіндегі көп жақты келіссөздер барысында кедендік кедергілердің елеулі түрде төмендеуіне қол жеткізілді: мәселен, өнеркәсібі дамыған елдердегі импорттық кедендік тарифтердің орташа өлшенген деңгейі 1940 ж.ж. аяғындағы 40-50% 1990 ж.ж. басындағы 4-5% дейін төмендеді, ТСБК келіссөздерінің «уругвайлық» рауындының нәтижесінде ол 3% жуығын құрауы тиіс. Бірақ мемлекеттің халықаралық саудаға әсер ету дәрежесі тарифтік емес сауда шектеулерінің нысандары мен әдістерін елеулі түрде кеңейтудің нәтижесінде өсті деп айтуға болады. бағалаулар бойынша, олардың саны қазіргі уақытта елуден астамын құрайды. сауданы реттеудің тарифтік емес шараларын белсенді түрде өнеркәсібі дамыған елдер пайдаланады. 1990 ж.ж. ортасына қарай ЕО елдерімен, АҚШ және Жапониямен импортталатын тауралардың орташа есеппен алғанлағы 14% негізгі тарифтік емес шектеулерге: импортты квоталар, экспортты ерікті түрде шектеу және демпингке қарсы шараларға кезікті. Кедендік баждарға қаарғанда «ашықтығы» төмен бола отырып тарифтік емес кедеріглер үкіметтердің ерікті әрекеттері үшін көп мүмкіндіктер береді және халықаралық саудада елеулі түрдегі белгісіздікті жасайды. осыған байланысты, ДСҰ алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі болып сандық шектеулерді біртіндеп алып тастау немесе тарифтеу (қорғаудың балама деңгейін қамтамасыз етуші отандық шектеулерді тарифтермен алмастыру) табылады[58].

Сыртқы сауданы тарифтік емес шектеудің кеңінен таралған нысаны болып квота табылады. квоталау белгілі бір кезең ішінде мемлекетке кіргізуге (импортты квота) немесе мемлекеттен шығаруға (экспортты квота) рұқсат етілген өнім көлемін сандық немесе құндық көріністе шектеу түрінде болады.

әдетте, сыртқы сауданы квоталау оны лицензиялау жолымен жүзеге асырылады, онда мемлекет өнімнің шектелген көлемінің импортына немесе экспортына лицензия береді және сонымен бірге, лицензияланбаған саудаға тиым салады.

Мысал ретінде импортқа квоталар белгілеудің экономикалық салдарын қарастырайық. Мемлекет астықты импорттаушы болып табылады деп болжайық (сурет 12), ондағы D_d – осы мемлекеттегі астыққа деген сұраныс, ал S_d – астықтың ішкі өндірісі. Еркін сауда жағдайларында астыққа деген ішкі баға әлемдік бағадан ажыратылмайды және P_w тең. Осы бағамен отандық өндірушілер мемлекеттің астыққа қажеттілігінің барлығын қамтамасыз ете алмайды, және импорт көлемі $D_1 - S_1$ құрайды. егер үкімет импорт көлемін шектегісі келсе және Q мөлшеріндегі квотаны белгілесе, ішкі нарықта астықтың жалпы ұсынысы $S_d + Q$ қисығы ретінде көрсетілуі мүмкін. Енді әлемдікке тең баға кезінде ұсыныс пен ұсыныс арасында алшақтық пайда болады: импортты сандық шектеудің нәтижесінде астыққа сұраныстың бір бөлігі қанағаттандырылмаған болып шығады және ол ішкі бағаның P_d дейін өсуіне әкеп соқтырады. Ішкі бағаның жоғарырақ деңгейі отандық астық өндірісінің S_2 дейін өсуін ынталандырады, бірақ, сонымен қатар, сұраныс D_2 қысқартылады.



Сурет 12 - Импортқа квотаны белгілеудің салдары

Енді біз импортты квоталаудың қоғамның әл-ауқаты үшін салдарын бағалай аламыз. Тұтынушылар баға өсуінің нәтижесінде шығындарға ұшырайды ($a + b + c + d + e$ ауданы). Отандық өндірушілер үшін квотаны енгізу тиімді – ол өндіріс көлемдерін кеңейтеді және өз өнімін жоғары бағамен өткізеді. Олардың қосымша ұтыс мөлшері a ауданын құрайды. $c + d$ ауданы егер лицензиялар сатылатын болса, мемлекет табысы болып (бәсекелестік жағдайларындағы лицензияның бағасы шамамен ішкі бағаның болжанып отырған өсіміне сәйкес келеді) немесе егер олар лицензияларды ақысыз түрде алатын болса, импорттаушылардың қосымша ұтысы болып табылады. кез келген жағдайда, осы ұтыс лицензия алушылар мен лицензия берушілер арасында үлестіріледі.

Сонымен, импортты квотаны енгізудің нәтижесінде жалпы мемлекет үшін $b + e$ ауданына тең таза шығындар пайда болады, яғни квота мен кедендік тарифтің әл-ауқат деңгейіне әсер ету нәтижелері ұқсас болып табылады. Бұл жердегі айырмашылық - тарифті енгізген кезде мемлекет әр уақытта қосымша табыс алады, ал квота белгілеген кезде осы табыс толығымен немесе ішінара импортерларға беріліп кетуі мүмкін.

Неге осы жағдайда мемлекет импортты шектеу құралы ретінде квоталарды пайдалануды қалайды? Біріншіден, квота импорт белгілі бір көлемнен асып кетпейтініне кепілдік береді, себебі шет елдік бәсекелестерді бағаларды төмендету жолымен сатылымдарды кеңейту мүмкіндігінен айырады. Кедендік тариф осындай кепілдік бермейлі. Екіншіден, квота квоталау саясаттың икемдірек және жедел құралы болып табылады, себебі әдетте тарифтерді өзгерту ұлттық заңнамамен және халықаралық келісімдермен реттеледі. үшіншіден, квоталарды пайдалану сыртқы сауда саясатын селективті қылады, себебі лицензияларды тарату жолымен мемлекет нақты кәсіпорындарға қолдау көрсете алады.

Сонымен қатар, импортқа квоталарды пайдалану қосымша теріс әсерлерге әкеп соқтыруы мүмкін. Бір жағынан, бағалық бәсекелестікті шектеп, отандық өндірушілерге отандық нарықтың белгілі бір деңгейіне кепілдік бере отырып квота экономиканы монополизациялауға ықпалын тигізуі мүмкін. Екінші жағынан, лицензияларды үлестірудің өзі импортаушылардың ашық бәсекелестігі жағдайларында ашық аукциондарда сирек орын алады сондықтан, ең жақсы жағдайда еркін және жеткіліксіз дәрежеде тиімсіз болып табылатын әкімшілік шешімдерге, ал ең нашар жағдайда - жемқорлықтың дамуына әкеп соқтырады[59].

Қазіргі уақытта ТСБК-ДСҰ ережелері төлем балансы тепе-тең емес болған жағдайда импортты сандық шектеулерді енгізуге рұқсат береді.

Сыртқы саудаға мемлекеттік әсер етудің тарифтік және тарифтік емес әдістері көпшілік жағдайларда әл-ауқатты таза жоғалтуға әкеп соқтыратынына қарамастан, олар әлемнің барлық елдерімен кеңінен пайдаланылады. Ол, бір жағынан, табысты қайта тарату әсерінің және салдарынан, протекционизм саясаты өздері үшін тиімді болып табылатын елеулі (және беделді) тұрғындар топтарының бар болуымен түсіндіріледі. Тұрғындардың осы топтары саудан шектеудің пайдасына қысым көрсетуі мүмкін және осындай қысым жиі өз нәтижелерін береді, мемлекеттің өзіне де кедендік тариф және протекционизмнің кейбір тарифтік емес шаралары көп табыс әкеледі.


Екінші жағынан, жоғарыда жасалған талдау жекелеген саладағы әл-ауқаттың өзгеруін бағалауға және тек қысқаша мерзімдегіге негізделді. Бірақ, протекционизмді жақтаушыларда, оның қарсыластары да қарапайым сандық тексеруге әр уақытта жатпайтын және сондықтан, ерекше қарауды талап ететін бірқатар қосымша аргументтер келтіреді.

Өндірісті ынталандыру және жұмысбастандықты көбейту. Протекционизмді жақтаушылар импортты шектеу қажет деп есептейді, біріншіден, отандық өндірушілерді қолдау, жұмыс орындарын сақтап қалу және

сол арқылы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін. *Екіншіден*, импортты шектеу мемлекеттегі жиынтық сұранысты көбейтеді және сол арқылы өндіріс пен жұмысбастылықтың өсуін ынталандырады.

Бірақ мәселенің мәні отандық өндіріс қорғауға мұқтаж екенінде және өзінің тиімділігі жеткіліксіз болуының салдарынан протекционизм саясаты да, бәсеелестікті шектей отырып осындай жағдайды сақтап қалу үшін жағдай тудырады. Сонымен қатар, импорт импорт алмастырушы елдерде жұмысбастылықты қысқартатын болса да сонымен қатар, ол жаңа жұмысбастылықты да жасайды (мысалы, импортты өнімді сатып алумен, сатумен, сатудан кейінгі қызмет көрсетумен байланысты). Нәтижесінде, мемлекет отандық өндірушілерді қолдауды протекционизмге қарағанда тиімдірек әдіспен, қоғамның әл-ауқаты үшін аз шығындармен қамтамасыз ете алады.

13 суретте салыстырмалы түрде кедендік тарифті белгілеудің және өндірушілерге балама субсидияны берудің салдары көрсетілген. Егер еркін сыртқы сауда режимі сақталатын және өндірушілер субсидия алатын болса, отандық өндірісті көбейту бағаларды көтермей орын алады, және салдарынан тұтынушылар шығынға батпайды. Өндірушілердің ұтысы $(c + d)$ ауданын, ал мемлекеттің субсидияға кететін шығындары $-(a + b) = (b + c + d)$ ауданын құрайды. сонымен, субсидияларды беруден пайда болған жалпы шығындар b ауданын құрайды, ал тарифті енгізгеннен пайда болған шығындар көбірек және $(b + e)$ ауданын құрайды.



Сурет 13 - Отандық өндірісті субсидиялаудың салдары

Жас салаларды қорғау. Протекционизм уақытша шара ретінде шығындар деңгейі әзірше жоғары болып табылатын өнеркәсіптің пайда болып жатқан әлеуетті салалары қалыптасып, өз позицияларын бекіту үшін қажет деген аргумент жиі айтылады. Осы салалар қалыптасып, олардың тиімділігі көтерілген сайын протекционистік қорғау деңгейі төмендей алады. Әсіресе осы аргумент дамып келе жатқан елдерге қатысты жиі келтіріледі. Бірақ, біріншіден, мемлекеттің жаңа салыстырмалы артықшылықтарын қалыптастыру тұрғысында қай сала шын мәнінде перспективті болып табылатынын анықтау

қиынға соғады. Екіншіден, жас салаларға қатысты протекционизм елеулі түрде олардың тиімділігін артыру үшін ынталарды төмендетеді және, нәтижесінде, қалыптасу (тұрақтану) кезеңі белгісіз ұзақ мерзімге созылуы мүмкін. Нәтижесінде, үшіншіден, жас салаларға байланысты да субсидияларды немесе өзге де жеңілдіктерді беру сыртқы сауда протекционизміне қарағанда қолдаудың тиімдірек тәсілі болып табылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджет табыстарын көбейту. Көптеген жағдайларда мемлекет мемлекеттік бюджет жетіспеушілігін жабу үшін қосымша табыстарға мұқтаж болғандықтан жүргізеді. Осы аргумент қалыпты салықтық жүйе қалыптасу сатысында болған және ішкі салықтарды жинаумен байланысты қиындықтар туындаған мемлекеттерде әйгілі болып табылады. әрине, мысалы, пайдаға салынатын салыққа қарағанда кедендік бажды ұйымдастырушылық тұрғыда жинап алу жеңілірек. Бюджет осы жағдайда бюджетке түсімдер баға бойынша импортқа сұранысқа қатты байланысты және икемділігі жоғары болған кезде мемлекеттің табыстары протекционизмді күшейту кезінде емес, әлсірету кезінде өседі[60].

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін және қорғанғыс қабілеттілігін қамтамасыз ету. Стратегиялық және әскери өнімді шығаратын салаларға қатысты протекционизм пайдасына аргумент экономикалық емес, әскери-саяси сипатқа ие. Мемлекетті импортқа аса тәуелділігі төтенше жағдайлар туындаған жағдайда мемлекетті ауыр жағдайға қалдыруы мүмкін деген пікір бар. бірақ, осы әділеті аргумент те дұрыс болып көрінгенімен тәптіштелген, нақты талдауды талап етеді. атап айтқанда, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті салаларды анықтаудың өзі де елеулі қиындықтар тудыруы мүмкін: оларға қаруларды, азық-түлік өнімдерін, компьютерлерді, киімдерді, автокөліктерді, энерготасушыларды және көптеген нәрселерді шығару жатқызылуы мүмкін. Мемлекеттің қауіпсіздігіне өз үлесін қоспайтын саланы атау қиын. Сонымен қатар, протекционизмнің көмегімен стратегиялық қалпына келдірілмейтін әлеуеттерді (мысалы, мұнай мен газды) шығаруды ынталандыру болашақта импортты жеткізілімдерден тәуелділікті жасауы мүмкін. Сыртқы саудаға шектеулерді енгізіп, оны қымбат қылмай, осы өнімнің запастарын әлемдік нарық бағалары бойынша жасау орынды. Сонымен қатар, стратегиялық салаларды да сыртқы сауда протекционизміне қарағанда тиімдірек тәсілмен (мысалы, субсидиялармен) қорғауға болады.

Көріп отырғанымыздай, протекционизм пайдасына айтылған аргументтер сөзсіз емес болып табылады, олар тәптіштелген тексеруді талап етеді және көптеген жағдайларда осы мақсаттарға жетудің тиімдірек құралдарын табуға болады. Сонымен бірге, әл-ауқатты жоғалтудан басқа протекционизм мемлекет үшін кейбір қосымша теріс салдар та тудыруы мүмкін.

Мемлекетаралық қарама-қайшылықтардың шиеленісуі. Бір мемлекетпен жүргізіліп жатқан протекционизм саясаты оның сауда әріптестері тарапынан жауапты шаралар тудырмайды деп айту қиын. Өзгеше сөзбен айтқанда, мемлекеттің сыртқы сауданы тарифтік немесе тарифтік емес шектеулерін енгізудің нәтижесі болып оның экспортын қысқарту, яғни жұмысбастылықты

төмендету, жиынтық сұранысты азайту және т.б. қысқарту да табылады. Мемлекеттер арасындағы экономикалық қарама-қайшылықтар оларға тарттырылған барлық мемлекеттер үшін елеулі теріс салдар тудыратын нағыз сауда соғыстары басталады. Оқиғалар дамуының осындай сценарийі өмірде жиі кездеседі.

Экспортты қысқарту және төлем балансының нашарлауы. Протекционистік сыртқы сауда саясаты импортты қысқарта және мемлекеттің таза экспортын көбейте отырып оның көтерілуіне әсерін тигізе отырып ұлттық валютаның айырбас бағамының деңгейіне сөзсіз әсер етеді. өз кезегінде, айырбас бағамының көтерілуі импортты ынталандырып, экспортты ұстап тұрады. Нәтижесінде, мемлекеттің төлем балансының нашарлауы орын алады, оның елеулі түрде теріс макроэкономикалық салдары бар.

3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСТЫҚ ӨНІМДЕРІНЕ ТАРИФ ЖӘНЕ БАҒА БЕЛГІЛЕУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

3.1 Астық өнімдеріне бағаны қалыптастыруда кедендік тарифтерді тиімді пайдалану жолдары

Мемлекеттің Қазақстан Республикасының кедендік аумағындағы тауар айналымын кедендік бақылау және реттеу құралдарын аса тиімді пайдалануын қамтамасыз ету ұлттық нарықты қорғау жөніндегі сауда-саяси міндеттерді жүзеге асыруға, отандық өнеркәсіптің дамуын ынталандыруға, нарықтық қатынастардың қалыптасуы жағдайындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық түрленулерді динамикалық түрде жүзеге асыру мақсатында құрылымдық қайта құру жасауға жәрдемдесуге негіз болады[61].

Кеден саясатын әзірлеу және жүзеге асыру ҚР кедендік тарифі, қорғау шараларының кешені (антидемпингтік, өтемақы және арнайы баждар), лицензиялау мен квоталауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасына тауарлар мен көлік құралдарын әкелуге немесе одан әкетуге шектеу қою, тарифтік преференциялар жүйесі және басқа қазақстан экономикасының әлемдік шаруашылықпен қарым-қатынасын реттеу шаралары сияқты арнайы механизмдер көмегімен жүзеге асырылады.

Нарыққа өту жағдайында мемлекеттік кедендік реттеудің негізгі элементтері болып экономикалық әдістер есептеледі.

Олардың арасындағы орташа орынға мемлекеттік шекарадан өту процесіндегі экспорттық-импорттық тауарлар легіне бағалық ықпал ететін тарифтік реттеу ие болып отыр.

Қазіргі кездегі мемлекеттің жүргізіп отырған кедендік-тарифтік саясаты елдің ішкі нарығын реттеу тетіктерінің ең негізгісі және ұлттық өндірушілер мен экспортерлерді қаржылық-экономикалық қолдау көзі болып отыр.

Тарифтік реттеу механизмінің негізгі элементі болып импорттық және экспорттық тауарлар бойынша төлемдер мөлшерін, яғни кедендік төлемдерін анықтайтын мөлшерлемелердің жүйелендірілген тізбесі (жинағы) ретінде қызмет атқарады.

Кедендік тариф, импорттық және/немесе экспорттық тауарлардың бағасын көбейте отырып, сыртқы сауда көлемі мен құрылымына әсер етеді. Кедендік тарифтің классикалық қызметі болып протекционизм (отандық тауарларды шетелдік бәсекелестіктен қорғау) және фиск (мемлекеттік бюджетті толтыру) саналады. Тарифтердің көмегімен сыртқы сауда балансының белсенді сальдосының қалыптасуына, валюта легінің артуына, әсіресе, оларды еркін кәсіпкерлік аймақ құру туралы мәселе қозғалғанда, елдің жекелеген аймақтарын дамытуға ықпал жасауға болады. Тарифтік реттеу қызметтері өзіне тариф элементтерін алатын және оны толтыратын

салық жүйесімен тығыз байланыста жүзеге асырылады. ҚР кедендік баждар жүйесін талдай отырып, олардың келесі түрлерін бөліп қарастыруға болады:

Кедендік реттеуде импорттық тарифтер негізгі үлесті құрап отыр және ішкі салық жүйесімен параллельді түрде ең алдымен баға мөлшеріне, кәсіпорынның рентабельділігіне, ұлттық валюта жағдайына, импорттық тауарлардың оңтайлы тауарлық құрылымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Экспорттық кедендік тариф реттеу құралы ретінде сыртқы саудада саны шектеулі елдерде, негізінен, едәуір көлемде табиғи шикізаты бар және соның арқасында әлемдік тауар нарығында өз позициясын берік ұстанып отырған дамушы елдерде қолданылып отыр. Жекелеген жағдайларда олар экспорттық бағаға ықпал етуде және елдің валюталық ресурсын толтыру көзі болып отыр. Қазақстандағы экспорттық тарифті қолдану туралы айтатын болсақ, біздегі өнімдердің ішкі бағаларын әлемдік бағаларға сәйкестендіру саясаты жүргізілген жатты да ескерген жөн. Экспорттық баждарды енгізуде қазақстандық шикізат базасын жан-жаққа тартудан қорғауға, дайын өнімді экспорттауға ынталандыруға ғана талпынып қойған жоқпыз, сондай-ақ фискальды қызметті жүзеге асыруға тырыстық. Одан кейін, сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру, отандық тауар өндірушілерді қолдау, сонымен қатар сыртқы экономикалық қызметті реттеудің заңнамалық және нормативтік базасын бірыңғайлау экспортқа ынталандыру мақсатында Кедендік одақ аясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы № 810 Қаулысымен баждар салымы алынып тасталды.

Кедендік баждар да, өздерінің экономикалық мәні және ықпал ету сипаты жағынан сыртқы сауда процесін нарықтық реттеушіге жатады. Кедендік баждар дегеніміз ақша алымы немесе ел шекарасы арқылы тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдарына мемлекеттің салатын салығы, олар ең алдымен тауар бағасын көтереді және бісекелестікке қабілеттілігін төмендетеді. Сондықтан да кедендік баждар сыртқы нарықта сауда-саяси бәсекелестіктің белсенді құралы ретінде пайдаланылады.

Отандық өндірісті қорғау үшін барлық елдер импорттық тауарларға кедендік баждар салу механизмін қолданып отыр. Импорттық кедендік баждардың объективті негізі болып әлемдік және ұлттық баға арасындағы айырмашылық есептеледі. Алдыңғы қатарлы елдерде ұлттық бағаға ықпал ететін еңбек өндірісі деңгейінде ешқандай өзгешеліктер жоқ, және кедендік баждар деңгейі де осыған қатысты төмен болып отыр. Дамушы елдерде ұлттық шығындардың жоғарғы деңгейіне қарамастан, отандық өндірушілерді қорғау үшін импорттық тауарларға едәуір жоғары кедендік баждар қолданылып отыр. Халықаралық еңбек бөлінісін дамыту барлық немесе көптеген елдердегі импорттық баждарды азайту үшін келешекте жағдай туғызатын қоғамдық еңбек өндірісі деңгейінде ұлттық өзгешеліктерді қысқартумен қатар жүзеге асырылып отыр. Дегенмен, бұл жалпы заңдылық кейбір өзгешеліктерге жол беріп отыр: жекелеген елдерде дамудың белгіленген кезеңдерінде еңбек өнімділігі кемуі мүмкін, бұл Қазақстанда да

орын алып отыр, немесе мысалға экономикаға инфляция мен ішкі бағаның өсуі тән болған аздаған жылдар бұрын Ресей Федерациясында да орын алған. Бұл кезеңдегі әлемдік бағалар тұрақты болып қалып отыр, тіпті төмендеуде. Осы жағдайларда шетелдік тауарларға импорттық баждарды азайтудың алғышарттары болмай отыр. Отандық өндірісті қорғау үшін ұлттық шығындардың қандай деңгейін экономикалық негізделген және шетелдік бәсекелестіктен қорғауды талап ететіндігін есепке алған жөн. Әрине, бұл қорғау жеке шығындары орташа ұлттық деңгейден асып кететін техникалық артта қалған, келешексіз кәсіпорындар мен өндірістерге қатысты қолданбайды, бұл оның техникалық және экономикалық артта қалғандығын жоюы болып есептеледі. Ұлттық өндірушілердің негізгі бөлігі бәсекелестік қабілеті шектелген өнімдер шығаруға қабілетті, яғни ол әлемдік нарықта бәсекелестікке шыдай алмайды, бірақ ішкі нарықта бұл нарықтың шетелдік бәсекелестіктен қорғалған жағдайында бәсекелестікке қабілетті болып келеді [62].

Басқа экономикалық сипат экспортталатын тауарлардың кедендік баждарына тән болып отыр. Ол үкімет белгілеген тауарлардың шектелген номенклатурасы бойынша алынады, және алым үшін негіздеме ұлттық шығындар әлемдік деңгейден төмен болған жағдайда туындауы қажет. Экспорттық баждар тарихи және өнер туындыларына, сонымен қатар әзірленуін мемлекет қаржыландырған интеллектуалды өнімдерге қолданылады, сондықтан да бұл өнімдердің барлығы ұлттық игілік ретінде қарастырылады. Экспорттық квоталарды алып тастау және экспорттық баждардан ақырындап бас тарту кеден ретінде мемлекеттің экспорттық мәмілелерге назар аудармай қоюын білдірмейді.

Халықаралық тәжірибеде тарифтік реттеу олардың белгілену ретімен байланысты бірнеше баждар түрлерінен тұрады:

- салық салынатын тауарлардың кедендік құнына пайыздық мөлшерде есептелетін адвалорлық баждар,
- салық салынатын тауарлар бірлігіне есептелетін арнай баждар,
- кедендік салымдардың аталған екі түрін де үйлестіретін аралас баждар;

Қажет жағдайларда кезеңдік және ерекше баждар қолданылады. Соңғысына арнаулы, антидемпингтік және өтемақылық баждар жатады. Тауардың шығарылған еліне байланысты кедендік баждар максимальды, минимальды және преференциалды болып бөлінеді. Шығу сипатына қарай баждар автономиялық және конвенциялық түрлерге бөлінеді [63].

Қазақстандағы импорттық тарифтер жүйесі, басқа елдердегі сияқты, келесі негізгі қызметтерді атқарады:

1) протекционистік, бұл отандық тауар өндірушілерді шетелдік бәсекелестерден қорғауға негізделген, мұндайда жұмысшылар мен қызметкерлердің табыс көзі болып саналатын жұмыс орындары да қорғалады. Қазақстан үшін бұл проблема аса көкейкесті болып отыр, себебі бір жағынан сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру ұлттық

өндірушілердің ішкі нарықтың едәуір бөлігін жоғалтуына әкеп соқтырса, екінші жағынан байқалып отырған экономикалық тұрақтылық белгілері мен қазақстандық өндірушілердің күш жинауы жаңа фазада бәсекелестік күрес туралы сұрақ тудырып отыр. Нарықтық өзгерістер барысында сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру нәтижесінде қазақстандық өндірушілердің 30% ішкі тұтыну нарығын жоғалтуға әкеп соқтырған осы қызметтің бірден әлсіреуі байқалды. 1994 жылы бөлшек саудадағы тауар айналымының импорт үлесі 20%-ін құраса, ал 2001 жылы ол 40% шамасында болып отыр.

2) фискальды, мемлекеттік бюджеттік қамсызданудағы қызмет түрі. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, елдің экономикалық дамуындағы мемлекеттік табыс көзі болып есептелетін импорттық баждар ролі төмендеуде. АҚШ-та 19 ғасыр соңында бюджетке түскен барлық түсімдердің 50%-і импорттық баждар есебінен өтелген болса, ал қазіргі уақытта бұл үлес 1,5%-тен аспай отыр. Бұған ұқсас көптеген басқа өнеркәсіптік дамыған мемлекеттерде – бұл сәйкес көрсеткіш 1%-тен аспай отыр, ал табысы орта деңгейдегі мемлекеттерде - 9%-ті құрайды. Қазақстанға келетін болсақ, фискальды қызметті атқаруда бұрынғыдай кедендік органның басым бағыты болып отыр, себебі алынуы кедендік қызметтерге жүктелген кедендік төлемдер мен салықтар республиканың мемлекеттік бюджетін толтырудың бірден бір көзі болып табылады. Сондықтан да әрине, Қазақстанда кедендік істі ұйымдастыруда мемлекеттік бюджеттің қалыптасқан жалпы сомасының едәуір меншікті салмағын (20% шамасында) құрап отырған кедендік төлемдер мен салықтардың толығымен және уақытылы төленуін бақылау мәселесіне көп назар аударылып отыр [64].

Жоғарыда айтылғандардан түйетініміз, Қазақстан үшін кедендік тарифтердің фискальды қызметінің маңыздылығы салық тәртібінің төмен және нақты секторлардың “ақшасыздығы” жағдайында импорттық баждар мемлекеттік қазынаны толтырудың аса сенімді көздерінің бірі болып саналады.

3) реттеуші қызмет, оның мәні елдің сауда және төлем балансының тұрақтылығында.

Бұл қызметтерді тиімді жүзеге асыру аясында импорттық кедендік баждар негіздемесі туралы сауал туындайды. Белгіленген шамада бұл импорттық баждардың экономикалық болмысының әлі күнге дейін анықталмағандығымен байланысты. Ал бұл, өз кезегінде баждардың болмысын, олардың қызметі мен қалыптасу әдістемесін ашуға мүмкіндік берері анық.

Экономикалық әдебиетте осы күнге дейін баждардың жанама салық түрі болып табылатындығы жөніндегі тұжырымдамасы басым болып келген. Бұл көзқарас Үлкен Кеңес Энциклопедиясында айқындалған: “Баждар жанама салық түрі болып табылады” Кедендік баждардың ұқсас анықтамасы сыртқы экономикалық қызмет туралы көптеген әдебиеттерде

келтірілген. Ол сыртқы экономикалық байланыс мәселелері бойынша басқа жарияланымдарда кеңінен таралған.

Соңғы жылдары РКА ғылыми еңбектерінде кедендік баждардың экономикалық табиғатына басқа көзқарас қалыптасып отыр, ол келесі анықтамаларға телінеді: баждар әрбір тауар бойынша оның негіздемесін болжайтын бағалық негізі бар баға элементі болып табылады. Бірақ ол іштей салық формасы ретінде шығады, себебі ол мемлекет иелігіне өтіп, ел бюджетіне түседі. Баждар табиғатын түсіндіруде олардың қызметі мен негіздемесін түсінудегі айырмашылықтар туындайды.

Егер баждар жанама салық түрі болып табылса, онда олар фискальды қызметтерді, яғни бюджет табысын толтыру қызметін атқарады, олардың негізінде салықтарды негіздеуде қолданатын сол әдістерді пайдалану қажет болады. Кедендік баждардың бағалық табиғатын мойындауда олардың құн негіздемесі мен оны анықтау әдістері туралы сауал туындайды. Әкелінген баждар әлемдік шығындар және жоғары ұлттық шығындар және сәйкес өнімді импорттаушы елдердің бағалары арасындағы айырмашылық түрінде қалыптасады [65].

Тауарлар мен өнімдер топтарына әкелінетін кедендік баждарды дифференциациялау – аса күрделі және жауапты мәселе, оның шешіміне отандық нарық жағдайы және оның қатысты тауарлармен толықтырылуы, отандық өндіріс техникасы мен технологиясының деңгейі, оның түрлі салалары мен өндіріс түрлерінің дамуы, ғылым мен мәдениеттің дамуы, халықтың денсаулығын және қоғамдық үлгі-өнегені сақтау, экология жағдайы және т.с.с. жайттар байланысты болады. Бұдан шығатыны, бұл мәселе шенеуніктердің тар шеңберінде және сәйкес коммерциялық құрылымдардың мүдделерін әрекеттендірусіз шешіле алмайды, оны шешуде мемлекеттік көзқарас және қоғамдық мүдде қалыптасуы қажет.

Мәселенің күрделілігі оны әзірлеуге түрлі мамандықтар бойынша білікті мамандарды – тауартанушыларды, технологтарды, экономистерді, қаржыгерлерді, халықаралық құқық саласында мамандандырылған заңгерлерді, экологтарды, медицина қызметкерлерін, ғылым, мәдениет, өнер саласының және т.б. салалардың мамандарын жұмылдыру қажеттілігін де анықтайды.

Баждар деңгейі оның ұлттық және интернационалдық шығындар арасындағы айырмашылық шамасына қарай, баға мен мемлекеттің сыртқы сауда саясатына байланысты дифференцияланады. Ең төмен әкелінген баждар экономикалық дамыған елдерде қолданылады, себебі олардың экономикасындағы жоғарғы бәсекелестік оны сақтау үшін жоғары баждарды қолдануды қажет етпейді. Дамушы елдер олардың экономикасы бәсекелестікке әлсіз болғандықтан, мемлекет тарапынан шетелдік бәсекелестерден қорғауды қажет етеді. Қазақстан экономикасының бәсекелестікке қабілеттілігінің төмендігі ұлттық өндірісті қорғау үшін импорттық баждардың аса жоғары мөлшерлемесінің қажеттігін анықтап отыр. Баждар мөлшері өнімдердің түрлері мен топтары бойынша, сәйкес

салалар мен өндірістердің тиімділігі мен бәсекелестікке қабілеттілігін есепке ала отырып, дифференциациялау арқылы белгіленеді: ең төмен баждар мемлекет тарапынан қорғау шараларын қажет етпейтін тиімді және бәсекелестікке қабілетті өнімдерді әкелуге белгіленеді, аса жоғарылары – шамалы тиімді және бәсекелестікке қабілетті емес өнімдерге қолданылады.

Экономикалық артта қалған елдердің тауарларына, ереже бойынша, әкелінім баждары салынбайды, бұл олардың экономикасының тиімсіздігімен және бәсекелестікке қабілетсіздігімен түсіндіріледі.

Баждар деңгейіне ұлттық экономиканың салалары мен кішкене салалары қатысында сәйкес елдердің үкіметтерімен жүргізілетін экономикалық саясаты ықпал етеді. Бұл саясат әртүрлі мақсаттарды көздейді және соларға сәйкес импорттық баждар мөлшерлемесі анықталатын болады. Егер мемлекет ішкі нарықтағы отандық және импорттық тауарларға бәсекелестік шарттарын теңестіру шарттын қойса, онда ол импорттық баждар мөлшерлемесін әлемдік және ұлттық шығындар мен бағалар арасындағы айырмашылықтармен толық сәйкестікте анықтай алады. Мұндай саясатты, қатаң түрде ескерсек, протекционистік деп есептеуге болмайды, себебі ол отандық тауар өндірушілерді қоса алғанда, тараптардың біреуі үшін бәсекелестік артықшылықтар қалыптастыра алмайды.

Мемлекет отандық өндірушілер өнімдерінің ішкі нарықта өткізілу мүмкіндігін кеңейту үшін тауарларды әкелуді шектеуді алға мақсат етіп қояды. Бұл мақсатқа жету үшін ұлттық және интернационалдық шығындар мен бағалар арасындағы айырмашылықтың артуы деңгейінде импорттық баждарды белгілейді. Мұндай баждар өнім импортерлері үшін тыйым салынған және отандық тауар өндірушілер үшін протекционистік деп есептелуі мүмкін.

Бұрын байқағанымыздай, Қазақстанда баждар жүйесі ғылыми-әдістемелік ақпараттық қамсыздандырусыз, білікті мамандардың, мұндай жұмыстар тәжірибесінің, сәйкес сынамалар мен қателер әдісінің болмауы жағдайында қалыптасқан болатын. Импорттық баждар жүйесін құру жөніндегі жұмыс асығыстықпен және ВАҚ, ССҰ және алдағы позицияларды дамыған елдер алып отырған басқа халықаралық және аймақтық одақтардың қысым жасауымен жүзеге асырылды. Әрине, бұл одақтар мен келісімдер экономикалық дамыған елдер үшін пайдалы саналатын шегіністерге Қазақстанның көндігінуіне қол жеткізді. ВАҚ қысым жасауымен 1996 жылы Қазақстанда ел мүддесіне қайшы келген, бірақ оның батыстық серіктестері үшін пайдалы саналған экспорттық баждар төлемі байқалған. Нәтижесінде ұлттық нарықта ішкі бағалар көтерілді, ол шығындардың инфляцияға ұшырауына және келешекте қазақстандық тауарлардың бәсекелестікке қабілеттігін төмендетуіне қосымша себеп болды. Нәтижесінде елдегі өндіріс одан ары төмендей бастады [66].

Экономикалық негізделген баждар жүйесін қалыптастыру мәселесі ТМД елдері үшін қандай мәнге ие болса, Қазақстан үшін де маңызы зор болып отыр. Баждар СЭЖ реттеудің басты экономикалық құралы болып табылады. Экономикалық негізделген импорттық баждар жүйесінің және отандық тауар өндірушілерді қорғау мен экспорттық өндіріс пен экспортты ынталандыру жөніндегі тиімді шаралардың болуы елдің сыртқы экономикалық саясатын, қазақстан экспорты мен импорт стратегиясын, ел экономикасын құрылымдық-технологиялық қайта құрудың сәйкес міндеттерін табысты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Қазіргі кездегі қолданыстағы импорттық тарифтер жүйесі халықаралық практикада жалпыға бірдеу қабылданған принциптерге құрылған. Бұл принциптерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Кеден кодексі және басқа заңнамалық актілер қатарында сәйкес нормативтік-құқықтық база құрылған.

Қазақстанның кедендік тарифтерін талдай отырып, әлемдік тәжірибедегідей, әртүрлі тауарларға белгіленген импорттық тарифтердің базалық құрылымы (ең алдымен адвалорлық тарифтердің) бірыңғайландырылған және 0 ден 30% диапазонында өзгеріп отырады. Бұл бірыңғайландыру тарифтердің сандық градациясына ғана қатысты – адвалорлық мөлшерлемелер 5% қадаммен өзгеріп отырады (яғни 5-10-15-20-25-30%). Мұндайда импорттық тарифтердің құрылымдық кескіні көбіне әкелінетін тауарларды қайта өңдеу шегінде анықталады. Бастапқы шикізат пен материалдарға (бастапқы өңдеу) кедендік тариф тағайындау импортталатын тауарлардың кедендік бағасының 0-5% шегінде тіркеледі, жартылай фабрикаттарға және оның құрамдарына – 5-15%, импортталатын дайын өнімдерге – 15-30% аясында тіркеледі.

Кедендік тарифтерді белгілеудің аталған принциптері тәжірибеде әрқашан қолданылып отырған жоқ. Нарықтық экономика жағдайында импорттық тарифтерді басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру Қазақстанда бастапқы сатыда болып отырғандығын атап өткен жөн. Оның көрсетілген жағдайларға негізделген аса маңызды кемшіліктері өзінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілмеуімен, сондай-ақ мемлекеттік экономикалық саясаттың басқа бағыттарымен әлсіз байланыста болып отырғандығымен түсіндіріледі. Нәтижесінде, көптеген жағдайларда, импорттық тарифтер қажетті негіздемесіз және қабылданған шешімдердің салдарын ашатын қажетті аналитикалық есептеулерінсіз айқындалып отыр. Осы себептермен тауар топтарына тарифтердің өзгертілуі қажетті өзара байланыссыз жүзеге асырылады және көбінесе жүйесіз түрде болып отыр [67].

Біздің жүргізген талдауымыз көрсеткендей, қазіргі кезде Қазақстанда қолданылып отырған тарифтік жүйесіне соңғысының үлесіне шешілетін кедендік салымдардың орташа номинальды және орташа есептелген деңгейі арасында едәуір алшақтық тән болып отыр. Егер тарифтік мөлшерлемелердің орташа номинальды деңгейі нарықты қорғаудың жалпы,

формальды режимін анықтаса, онда орташа есептелген деңгейі – кедендік тосқауылдың нақты деңгейін белгілейді, яғни нақты импортталатын тауарлар шеңбері бойынша қорғау дәрежесін анықтайды. Орташа есептелген тарифтер мөлшерлемесінің номинальды тарифтер мөлшерлемесінен асуы елде нақты импорт жүзеге асырылып отырған тауар позициялары бойынша аса жоғары әкелім тосқауылдары туралы көрнекті түрде бейнелеп береді. Әлемнің көптеген елдерінде жағдай керісінше болып отыр – онда орташа номинальды тариф орташа есептелген тарифтен асып отыр.

Аталған импорттық тарифтермен қатар қолданыстағы жүйеге басқа кемшіліктер қатары тән, оның ішінде:

- ішкі нарықты протекционистік қорғауға емес, фискальды мақсаттарға айрықша бейімделу – 5% деңгейінде төмен мөлшерлемелер өте көп. Мысалы, 5% мөлшерлеме бойынша бәсекелес емес импорт позициясындағы көптеген тауарларға салынады; егер нарықты қорғау тұжырымдамасына ғана сүйенетін болса, баждардың нөлдік мөлшерлемелерін белгілеу дұрыс болар еді, осылайша қазақстандық тұтынушылар мен инвесторлары үшін қолайлы экономикалық жағдай туғызу;

- бір ғана тауарлық топтағы өнімдер аясында мөлшерлемелерді дифференциациялауға негізделген экономикалық тұрғының болмауы, бұл әкелінетін тауарлар кодын бұрмалап декларациялау және бюджет түсімдерінің жеткіліксіздігі нәтижесінде кедендік әкелінім баждарын төлеуде импортерлердің “үнемдеу” мүмкіндігін ашып береді.

- тариф эскалациясы және тиімді тариф тұжырымдамалары, яғни импортталатын тауарларды қайта өңдеу дәрежесіне байланысты импорттық кеден тосқауылының белсенді артуы (яғни баж мөлшерлемесінің артуы) сияқты тарифтік саясаттың “алтын ережелері” сақталмай отыр. Шикізат та, оның құрамдары да және дайын өнім де бірыңғай мөлшерлемелер бойынша салық өте жиі салынып отыр (мысалы электрлі машиналар мен жабдықтар және олардың құрамындағылар кедендік баждың 10% бір мөлшерлемесімен салық салынып отыр).

Мұндайда кедендік әкелінім баждарының қолданыстағы жүйесінің эскалация дәрежесі әлемнің өнеркәсіптік дамыған елдеріндегі ұқсас көрсеткіштерге салмақты орын беріп отыр. ТСБК “уругвайлық” раунд нәтижесінде келісімге қатысушы елдердегі дайын өнімге салынатын орташа мөлшерлеме әкелінген шикізатқа салынған ұқсас мөлшерлемеден шамамен 8 есе артық болған. Нақты кедендік тосқауылдар бойынша баға беруде (яғни орташа есептелген тариф бойынша) бұл айырмашылық аса маңызды болып отыр: мысалы АҚШ-та – 28 есе, ЕҚ – 30 еседен астам. Қазақстанда жағдай басқаша болып отыр – дайын өнімнің орташа мөлшерлемесі шикізат мөлшерлемесінен 3 есе ғана артық.

- ұлттық мамандандырылған салалардағы бәсекелес өнімдер (әр топтағы өнім түрі бойынша дифференциаланусыз) бойынша дайын өнім

нарығының сегментін қорғаудың негізделмеген жоғары тосқауылдары жиі белгіленуде;

- қолданыстағы тарифтер үшін жоғары деңгейдегі өңделетін өнімдер және ғылыми сыйымды өнімдердің көптеген түрлері үшін олардың тыйым салынған сипаты тән.

Осылайша, сыртқы сауданы тарифтік реттеуді жетілдіру мақсатында жүргізілген талдау негізінде автор кедендік баждардың нақты мөлшерлемелерін қолдану жөнінде ғылыми негіздеме және аналитикалық есептеулер базасында кедендік тариф қалыптастыруды ұсынады. Бұл ұлттық басым бағыттағы салаларды дамытуға ынталандыру мақсатында әрбір топта өнім түрлері бойынша импорттық тарифтерді терең дифференциациялаумен, сондай-ақ кедендік тарифтер эскалациясы деңгейін арттырумен және кедендік баждар мөлшерлемесін әзірлеуге және негіздеуге сарапшыларды жұмылдырумен қатар жүргізіледі.

Осы әдістемеге сәйкес импорттық кеден баждарының бастапқы шамасы ішкі нарықтағы экспортқа шығарылатын тауарларды өткізушілер үшін де, отандық және импорттық өнімдерді тұтынушылар үшін де тең пайдалылық тұжырымдамасына сүйене отырып, анықталады.

Импорттық баждарды есептеуде біз келесі формуланы қолдандық:

$$Ип = (Спа + Пра + Тзр) \times К - (Цм + Тз), \quad (17)$$

мұндағы

Ип – импорттық кедендік баж

Спа – ұқсас отандық өнімнің экономикалық негізделген өзіндік құны

Пра – ұқсас отандық өнім өндіруде экономикалық негізделген пайда (доллар есебінде)

Тзр – ұқсас отандық өнімдерді дайындаушы-кәсіпорыннан тұтынушыға жеткізуде туындайтын көліктік-дайындаушылық шығындар (доллар есебінде)

К – ұқсас отандық өнім сапасын импорттыққа келтіру коэффициенті.

Цм – импорттық өнімнің әлемдік құны

Тз – импорттық өнімді ҚР шекарасынан тұтынушыға жеткізуде туындайтын көліктік-дайындаушылық шығындар (доллар есебінде).

Мұндайда К коэффициенті импорттық өнім сапасы жағынан отандық өнім сапасынан асатын жағдайда қолданылады. Біздің жағдайымызда сапаға келтіру коэффициенті 1 арқылы қабылданды. Отандық және импорттық өнімді жеткізуде туындайтын көліктік-дайындаушылық шығындар біркелкі шамада қабылданған, сондықтан да олар есептелмейді. Әлемдік баға ретінде биржалық баға мен ірі экспортерлер бағасы алынды. Баждарды негіздеу базасы есебінде шығындардың жоғарғы дифференциациясы күшіндегі өндірушілердің орта есеп бағалары алынды [68].

Жүргізілген есеп өсімдік майы, қанта және сары май сияқты өнімдер бойынша импорттық кеден баждарының адвалорлық мөлшерлеме деңгейін нақты өзгерту қажеттілігін көрсетіп берді.

Тамақ өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша келтірілген баждарды есептеулер баждардың сәйкес мөлшерлемесін аса терең және жан-жақты талдау, сондай-ақ оларды дифференциациялауды (мысалы, қанттың импорттық легін оны өңдеу, бастапқы шикізат, жеткізу кезеңділігі, сонымен қатар Кедендік одақ елдерінен импорттау бағыттары деңгейінде шектеу қою) көрсетті. Кедендік тарифті дифференциациялауды тереңдету және баждардың мөлшерлемесін есептеуді аса негіздеу үшін, мына көрсеткіштер бойынша ақпараттық қамсыздандыру негізінде тарифтік қорғауды қажет ететін тауарлар легіне мониторинг жүйесін құру қажет:

- отандық өндірушілердің ішкі бағалары, өзіндік құны және экономикалық негізделген пайда;
- әлемдік бағалар,
- есептік сыртқы сауда бағалары;
- сыртқы сауда айналымының көлемі мен динамикасы жөніндегі деректер.

Осылайша, осы деректер негізінде кедендік баждар шамасына тұрақты есептеулер және кедендік құнды анықтауға бақылау жүргізуге болады. Ұсынылған шаралар заңнамалармен бекітілуді талап етеді, яғни “Кедендік тарифтер мен баждар туралы” Заңда есепті кезеңде (тоқсан) кем дегенде бір рет алынатын мониторинг нәтижелеріне байланысты кедендік баждар мөлшерлемесін жедел түрде қайта қарау мүмкіндігін қарастыру қажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жүргізіп отырған, жаңа инвестициялық саясатпен, шаруашылық және сыртқы экономикалық қызметтің құрылымдық өзгерісімен, нарықтық қатынастардың ары қарай дамуымен, халықаралық сауда және кедендік ұйымдардағы интеграциямен сипатталатын экономикалық реформалар жағдайында келесі мәселелерді тиімді шешуге қабілетті қазіргі кедендік қызмет құру қажеттілігі туындап отыр:

- сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу шараларын әзірлеуге және іске асыруға, Қазақстан Республикасы мүддесінде кедендік саясат қалыптастыруға қатысу, басқа мемлекеттік органдармен қатар ұлттық экономиканы дамытуға ықпал ету, елдің сыртқы экономикалық, ғылыми-техникалық, азық-түліктік, экологиялық және қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- СЭҚ түскен пайданың ел бюджетіне толығымен түсуін қамтамасыз ету, тауарларды әкелу/әкетуге бақылауды күшейту;
- кедендік заң бұзушылықпен, контрабандамен, халыққа зиян келтіретін есірткі заттарының, зиянды және қауіпті тауарлардың заңсыз қозғалысымен тиімді күрес жүргізу;

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын әзірлеуге белсенді қатысу арқылы әлемдік шаруашылық байланыс жүйесіне кіру.

Талдаудан көретініміздей, аталған мәселелерді шешу қазіргі кедендік қызмет үшін көкейкесті мәселе болып отыр. Кедендік қызметті кең ауқымда жетілдіру қажеттілігі туындап отыр, оны сыртқы экономикалық қызметтің

өсіп келе жатқан көлемі мен жан-жақтылығына сәйкестендіру, кедендік қызметтің Қазақстанның сыртқы және ішкі саясатының тұрақты өзгеріп тұратын шарттары мен міндеттеріне, халықаралық кеден тәжірибесінде қабылданған ережелерге, нормаларға, стандарттар мен процедураларға бейімделуі. Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан Республикасы Үкіметі кедендік органдар алдына қойған осы міндеттер аталған Бағдарлама дайындауды қажет етті.

Кедендік органдардың қызметін талдаудан көретініміз, қысқа мерзім ішінде Қазақстан Республикасында іс-әрекетке аса қабілетті кедендік қызмет қалыптасты. Кеден ісінің заңнамалық базасы құрылған және жетілдірілуде. Мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігін толтыру, сыртқы экономикалық қызметті реттеу, кеден ісі саласында контрабандамен және заң бұзушылықпен күресу механизмі қалыптасты. Тармақталған кедендік құрылым қалыптасуда. Кедендік орган арқылы басқару жүйесін құру аяқталуда. Кеден қызметінің кадрлық құрамы жасақталған. Кедендік органдардың тәжірибелік қызметіне компьютерлендіру және ақпараттық қамтамасыз ету элементтері енгізілуде.

Қазіргі кедендік қызмет республиканың сыртқы экономикалық саясат жүргізуде маңызды орынға ие болып отыр және Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өтуінде бақылау және фискальды қызметтерді атқарады.

Қазіргі кедендік жүйенің негізгі кемшіліктері мыналар:

- жүйе ішіндегі ақпараттық қамтамасыз етудің жетілдірілмегендігі;
- басқару жүйесін құрудың аяқталмағандығы;
- заңнама базасының жетілдірілмегендігі;
- кеден ісі саласында контрабандамен және қылмыспен күресудің жеткілікті тиімді шараларының болмауы;
- әлеуметтік қорғау мәселелері кешенінің шешілмегендігі, білікті кәсіби мамандардың жетіспеуі;
- материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі.

Бұлардың бәрі шешілген мәселелермен және сыртқы экономикалық қызметтің түрлілігіне қарама-қайшы, СЭҚ қатысушыларына кедендік қызмет көрсетудің сапасы мен жеделдігінде көрініс тауып отыр, мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігін толтыруда проблема тудырады, кедендік ережелердің бұзылуына және кедендік қызмет саласында қылмыскерлік санының көбеюіне әкеп соқтырады.

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының кедендік қызметін реформалаудың негізгі мақсаты болып мына негізде мемлекеттің экономикалық саясатын және Қазақстанның қауіпсіздігі стратегиясын жүзеге асыру тиімділігін арттыру саналады:

- кедендік әдістер арқылы сыртқы экономикалық қызметті бақылауды жүзеге асыру;
- мемлекеттік құқық қорғау қызметтерін жүзеге асыруда ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету.

Реформаларды табысты жүргізу үшін, сөзсіз, сәйкес ресурстар мен қаржыландыру көздері қажет. Бағдарламада көрсетілген шараларды қаржыландыру мәселесі аса күрделі болып отыр. Қазақстан Республикасының кедендік қызметін реформалауды қамтамасыз етудің қаржы механизмі мәселесі кедендік қызметті дамытуға қарастырылған мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлу, республиканың кеден қызметін реформалауға қызығушылық танытып отырған әлемдік қаржы институттары тарапынан инвестициялар тарту мағынасын білдіреді.

Кедендік ресімдеу мен бақылау процестерін компьютерлендіру және автоматтандыру саласында [69].

Қазақстан Республикасының кедендік қызметін автоматтандыру қажеттілігі республика егемендік алғаннан кейін, Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа кіруімен байланысты туындады.

ҚР КҚ БААЖ құру аясында өткен кезеңде on/off-line режимінде ақпараттық пакеттермен алмасу жүйесі әзірленген, бұл орталық кедендік органды облыстық басқармалармен және кедендермен біріктірген Қазақстан Республикасының кедендік қызмет деректерімен алмасу ресубликалық желісі.

Қазіргі уақытта тауарларды ресімдеу мен бақылаудың жетілдірілген бағдарламасы енгізілуде (ТАИС-2).

Кедендік органдарды реформалаудың негізгі мақсаты – кедендік ресімдеу және бақылау процестеріне компьютерлендіру және автоматтандыруды енгізу, жаңа ақпараттық технологияларды құру, кедендік ресімдеу және кедендік бақылау процестерінің тиімділігін арттыру, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының қозғалысы туралы деректердің бірыңғай ғаламдық бланкін жасау болып табылады.

Осы саладағы бірінші кезекте тұрған міндеттер:

- кедендік шекарадан өту сәтінен бастап толық ресімдеуден өткенге дейін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу және кедендік бақылау процесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану;

- кедендік органдардың техникалық базасын жетілдіру және нығайту;

- ҚР КҚ БААЖ толық ауқымда ашу, Кедендік одаққа қатысушы елдердің кедендік қызметінің ақпараттық кеңістігінде интеграциялануы, халықаралық стандарттарға, оның ішінде ДСҰ қабылданған стандарттарға жақындауы;

- мемлекеттік органдарға, бірінші кезекте сауда саясатын қалыптастыратын ведомстволарға аналитикалық және ақпараттық материалдар беріп отыратын кедендік статистиканың шынайылығын қамтамасыз ету;

- кедендік қызметті автоматтандырудың жаңа жүйелері мен технологияларын әзірлеу;

- іс жүргізудің электрондық жүйесіне және қағазсыз технологиясына өту.

Қазақстан Республикасының кедендік қызметін басқару процесінде туындаған мәселелерді шешу ҚР КҚ БААЖ жобасы аясында ақпараттық-аналитикалық жүйе құру арқылы мүмкін болады. Осындай жүйені құрудағы басты мақсаттардың бірі басқару процестерін автоматтандыру негізінде кедендік органдар қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады. “Универсалды АРМ” қолданбалы программалық қамсыздандыруды оған аналитикалық-болжау бағасы модулін қосу арқылы ары қарай жетілдіру мәселесі алға қойылып отыр.

Ақпараттық-аналитикалық жүйенің негізгі міндеттері:

- кедендік органдар қызметін жүйелі талдау және жедел диагностикалау;

- кедендік органдар қызметінің нәтижесін болжау;

- басқару шешімдерінің варианттарын дайындау.

Көрсетілген мәселелерді шешу үшін ақпараттық-аналитикалық жүйенің:

- кедендік органдар қызметін жүйелі талдаудың қазіргі әдістемесі;

- талдау, болжау, шешімдерді оңтайландыру және қабылдаудың сандық әдісі;

- кедендік органдар қызметінің тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі;

- кедендік органдар қызметін талдау және диагностикалау үшін ақпараттық базаның болуы.

Кедендік одақ аясында жасалған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес кеден ісінің заңнамалық және құқықтық базасын, ТМД қатысушы елдер, Дүниежүзілік кеден ұйымының, Дүниежүзілік сауда ұйымының, басқа халықаралық ұйымдардың ұсыныстарымен сәйкестендіру;

- жақын және алыс шет елдерің кедендік қызметімен кедендік-құқықтық ынтымақтас болу, жедел ақпараттармен алмасу, сондай-ақ экспорттық-импорттық мәселелерге байланысты дерек қорларымен алмасу;

- транзиттік тасымалдарды дамытуға жәрдем көрсету;

Қазақстан Республикасының заң шығарушы органдарына кедендік заңнамаларға олардың қолданылу тәжірибесін талдау негізінде өзгертулер мен толықтырулар жөніндегі ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

СЭҚ қатысушыларын құқықтық қорғаумен қамтамасыз ету;

- кеден ісі бойынша нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу және одификация жүргізу.

- Кедендік органдардың құқық қорғау қызметтерін құқықтық қамтамасыз етудің негізгі міндеттері:

- заңнамалық және ведомствоішілік нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

- кедендік органдардың жедел-ізвестіру шаралары бойынша нормативтік базасын әзірлеу;

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен өзара байланыс нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу;

Қазақстан Республикасының кедендік органдарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету құқықтық шараларын әзірлеу;

- кедендік қызметті кедендік бақылаудың жаңа буын техникалық құралдарымен қамтамасыз ету

- Кедендік ресімдеу және кедендік бақылау механизмін жетілдіру саласында

Кедендік процедураларды реформалаудың алдыңғы кезектегі міндеттері болып:

- кедендік ресімдеуді жүзеге асыруда және тауарларды шығару туралы шешім қабылдауда кедендік органдардың төменгі бөлімшелерінің жауапкершілік деңгейін көтеру;

- кедендік ресімдеу процесіне жұмылдыру арқылы кедендік брокерлердің жауапкершілігін күшейту;

- халықаралық практикада жалпыға бірдей қабылданған процедуралар мен құжаттармен бірге кедендік процедуралар және кедендік құжаттамаларды бірыңғайлау;

- алдын ала және мерзімдік декларациялау процедураларын жетілдіру арқылы тауарларды кедендік ресімдеуді оңтайландыру;

- қауіптерді талдау негізінде пост-кедендік бақылауды қайта жүргізу арқылы таңдамалы кедендік бақылауды ұйымдастыру;

- Қазақстан республикасының кедендік органдарының кедендік заңнама нормаларын біркелкі қолдануға бақылауды жетілдіру және күшейту;

- тауарларды, жүктерді және жеке тұлғалардың жеке заттарын кедендік ресімдеудің оңтайландырылған схемасын әзірлеу және енгізу;

- жеке тұлғалардың қол жүгі мен жүктерін “қызыл-жасыл коридор” принципі бойынша жеделдетілген кедендік ресімдеу жүйесін дамыту;

- кедендік режимдер аясында кедендік бақылауды жүзеге асыруда тауарларды сәйкестендіру тәсілін жетілдіру;

- экспортталатын технологияларды, ноу-хау, интеллектуалдық меншік объектілерін кедендік ресімдеу және бақылау процедураларын оңтайландыру;

- тауарларды жеткізу және кедендік режимдерді қолдануды бақылау тиімділігін арттыру шараларын әзірлеу.

Кедендік органдардың фискальды-экономикалық қызметін жетілдіру саласында

Кедендік органдардың СЭҚ реттеудің кедендік-тарифтік механизмін келешекте жетілдіру, кедендік-банктік валюталық бақылау жүйесін жетілдіру бойынша негізгі қызмет бағыттары болып мыналар есептеледі:

- кедендік баждарды ақырындап азайту қажеттілігін есепке ала отырып, кедендік-тарифтік саясатты жетілдіруге бағытталған аналитикалық ұсыныстарды әзірлеу;

- кедендік төлемдер мен салықтарды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін құру базасында кедендік-тарифтік реттеу бөліміндегі деректердің бірыңғай құрылу жүйесіне кезенді түрде көшу;
 - кедендік органдар мен банктерді біріктіретін ақпараттық желісін құру;
 - толық автоматтандырылған есепке алу жүйесінің деректері базасында негізделген таңдаулы бақылау мен тексеру технологиялары;
 - тауарлардың кедендік құнын тиімді бақылау механизмін жетілдіру;
 - ТСБК/ДСҰ талаптарына сай тауарлардың кедендік құнын белгілеу және бақылауды жүзеге асыру;
 - СЭҚ ТН сәйкес, тауарлардың шыққан елін анықтау арқылы тауарларды дұрыс жіктеуді бақылау механизмін жетілдіру;
 - СЭҚ ТН сәйкес тауарларды сәйкестендіру процедураларын жетілдіру;
 - Қазақстан Республикасының кедендік органдарының тауарлардың шығу тегі туралы берілген сертификациялардың шынайылығын бақылау бойынша бенефициар-елдердің құзыретті органдарымен өзара байланыс тәртібін әзірлеу және тәжірибеде қолдану;
 - СЭҚ қатысушыларының кедендік және салық заңдарын орындауын бақылау бойынша Қазақстан Республикасының кедендік және салықтық қызметтерінің өзара байланыс механизмін әзірлеу және тәжірибеде жүзеге асыру;
 - Қазақстан Республикасымен бірігіп еркін сауда аймағын немесе Кедендік одақ, я болмаса екі жақты келісім құратын мемлекеттерден шығарылған тауарлар әкеліміне тарифтік преференциялар беру механизмін әзірлеуге қатысу;
 - кедендік төлемдер мен салықтар салынатын тауарлар бойынша экспорттық-импорттық келісім-шарттарының мониторингі;
 - валюталық-банктік кедендік бақылау жүргізудің нормативтік құқықтық базасын қалыптастыруды аяқтау.
- Кедендік органдардың экономикалық мүдделерді қорғаудағы қызметінің негізгі бағыттары мыналар:
- тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өту кезіндегі рұқсаттамалық тәртіпті орындауды қамтамасыз ету;
 - экономикалық контрабанда және кедендік заң бұзушылықпен күресу формалары мен әдістерін жетілдіру;
 - заң бұзушылықты тергеу әдістемесін және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен өзара байланыс механизмін әзірлеу;
 - есірткі заттарының, қару, әскери оқ-дәрі, валютаның, энерготасымалдаушылардың заңсыз өтуін бақылау, интеллектуалды меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту;

- кедендік іс саласындағы қылмыс пен заң бұзушылықтарды бірыңғай жедел есеп пен қылмыстық статистикаға енгізу.

3.2 Экспортқа бағытталған астық өнімдерді дамытудың сауда саясаты механизмдерінің қолданылуы

Мемлекеттердің азық-түлік қорында үлкен ролді астық шаруашылығы атқарады. Астық басты азық-түлік тауары болып табылады, көпшілік азық-түлік өнімдерінің бағалары белгілі бір көлемде астық бағасына байланысты қалыптасады. Астық нарығының жай-күйі әлемдік те, ұлттық та қауіпсіздікті сипатайды.

Кеңінен таралған астық дақылдары болып бидай, күріш және сұр нанадар-қарабидай, арпа, сұлы, жүгері және басқалары табылады. астық шаруашылығында бидай өсіру айырықша сала ретінде, ал сауда – дербес астық нарығы ретінде қарастырылады.

Астықтық экспорттық әлеует бидай егуші мемлекеттің экспорттық әлеуетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. ол астық экспорты ауылшаруашылық тауар өндірушілерін өзінмен өзі қаржыландыруды қамтамасыз етуінің маңызды факторы болып табылатынымен, ал астық экспортының үлесі жалпы мемлекеттің экономикалық әлеует ерекшелігімен, ондағы минералды запастардың бар болуымен, экономикалық дамудың жалпы деңгейімен және т.б. анықталуына байланысты. Астық – көп мақсатты, стратегиялық өнім, ол кез келген мемлекеттің азық-түлік жүйесінің негізін құрайды, ал астықпен қамсыздандырылу деңгейі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің және экономикалық тәуелсіздігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Астық шаруашылығының дамыған инфрақұрылымын қалыптастыру мәселелерін шешу басқару теориясы әдістерін қолдана отырып жүйелік талдауды пайдалану кезінде оны күрделі экономикалық жүйе ретінде қаарстырған кезде ғана мүмкін.

Экономикалық әдебиетте көбінесе біздің ойымызша (экспорттық саясат) деп атауға болатын өзінің сыртқы саудасына қатысты мемлекеттің тұтас саясатының бірінші бөлігі болып табылатын, мемлекеттің экспорттық әлеуетін қалыптастыру және дамыту мәселелері назардан тыс қалады.

«Экспорттық саясат» ұғымын «сыртқысауда саясаты» («кедендік-тарифтік», «валюталық» және т.б.) ұғымымен шектеу төмендегідей маңызды мәселелерді артқа тастайды: халықаралық бөліністе мемлекеттің алатын орны; мемлекеттің нақты экспорттық жағдайын бағалау; оның экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып мемлекетке максимум пайда әкелетін тиімді экспорттық әлеуетті дамыту мақсаттарында өнеркәсіптік және экономикалық стратегияны құру; халықаралық аренада мемлекеттің алатын орнын таңдау; таңдалған стратегияға сәйкес салалар мен өндірісті дамыту бойынша мақсаты саясатты жасау;

Қажетті инфрақұрылымды және экспорттық әлеуеттің даму механизмдерін жасау: экспорттық несиелеу жүйесін, экономикалық ынталандыру жүйесін

және т.б. сондықтан, бүгінгі таңда экспорттық саясатты жалпыэкономикалық саясаттан бөлек қарастыру мүмкін емес. Нақты осы жүйелік тұрғыда жалпы мемлекеттің және жекелген саланың экспорттық әлеуетін қалыптастыру қағидаларын қарастыру талап етіледі [70].

Сонымен бірге, белгілі бір тауарларға қатысты мемелкелердің экспорттық стратегиясын таңдау туралы айтуға болады. жалпы экспорттық саясат негізгі қағидалармен анықталады, олар мемелкеттің экономикалық жағдайына, экспорттық тәуелділікке және мемелкеттің экономикалық жағдайындағы экспорттың роліне байланысты.

Астық нарығының экспорттық әлеуеті- экономиканың аграрлық секторының климаттық, табиғи және өге де объективті факторларды, сондай-ақ, мемелкеттің ішкі қажеттіліктерін біртіндеп қамтамасыз етуді ескере отырып сәйкес сападағы астықты жыл сайын сыртқы нарыққа жеткізіп отыру қабілеті. Қазақстандық астық нарығының негізгі ерекшеліктері туындайды:


1. Қажеттіліктің төмен деңгейі және ішкі қажеттіліктерді өзіндік өндіріс көлемімен жоғары түрде жабу. Нәтижесінде әрбір жыл сайын Қазақстан астықты 3-5 млн. тонна деңгейінде экспорттайды.

2. Астық егуші аймақтардың мемлекеттің солтүстік бөлігінің бойында шоғырлануы. Ол ұсақ фермерлік шаруашылықтардың жақын маңда орналасқан сыртқы нарықтармен өзара байланысты болуына орай экспорттың әлсіз бақыланатынына әкеп соқтырады. Мәселен, шекаралас аймақтарда фермерлер көбінесе ресейлік трейдерлермен тығыз байланыста болады. ол қазақстандық нарыққа, әсіресе, трейдерлер жоғары баға ұсынған болса, елеулі залал әкелуі мүмкін.

3. Астық жеткізілімін халық тығыз орналасқан және астық жетіспеушілігі бар аймақтарға (Иран, Ирак, Ауғанстан, Орта Азия елдері, Моңғолия және т.б.) астық жеткізілімдерінің мүмкіндіктерін ашатын мемлекеттің тиімді геосаяси орналасуы.

Келтірілген ерекшеліктер мен астық нарығының қалыптастырылу және даму механизмдері кестесінен туындайтын басты тұжырым болып астық нарығы – ол екі нарықтардың жиынтығы болып табылатыны, және осындай жиынтық астық нарығын сипаттап қана қоймай, оны реттеудің бүкіл механизміне өз белгісін қояды. Астық экспорты астық нарығын реттеудің маңызды, тіпті, басты факторына айналады. Сыртқы нарықтың мемлекеттің агроөнеркәсіптік дамуында алатын орны соншалық, оны елемей мүмкін емес болып табылады. осы тұжырым айқын болмаса да, белгілі бір дәрежеде астық шаруашылығының тиімділігін арттырудың әр түрлі аспектілерін зерттейтін көптеген қазақстандық және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде көрінеді [71].

Астық нарығының қалыптасуы мен дамуына, сондай-ақ, экспорттың жоғары деңгейін қолдап отыру үшін қажетті экспорттық әлеуеттің қалыптасуы мен дамуына, экспорттық стратегияны жасауға және ауылшаруашылық тауар өндірушілердің экспорттық бағытталуын қолдап отыру үшін қажетті болып табылатын негізгі факторларды қарастырайық.



Сурет 14-Астық нарықтарының қалыптасу және даму механизмі

14 суретте астық нарықтарын қалыптастыру мен дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі келтірілген. Одан көрініп тұрғандай, астық өндірісіне ықпал етуші барлық факторларды ішкі және сыртқы факторларға бөлуге болады.

Шартты түрде осы факторларды жүйелік (объективті) факторларға (оларға ықпал ету мүмкін емес) және субъективті факторларға бөлуге болады. жүйелік факторларға жататындар: географиялық фактор, яғни нарықтардың ұзақ болуы және тамсылдауға жарамайтыны, мысалы, Қиыр Шығыс, Африкандық мемелкеттер; сыртқысаяси факторлар, мысалы, сауда эмбаргосын енгізу Ирактағы соғыс, үшінші мемелкеттер – АҚШ, Ресей және т.б. тарапынан төнетеін қауіптер және т.б.; нақты жылдағы өнімділік; табиғи факторлар (тәуекелді немесе өнімді жер өңдеу аймағы) және т.б.

Субъективті факторларға мемлекетте экспорттық және импорттық баждарды енгізуді, мемлекеттегі экономикалық жағдайды, мемлекеттің сыртқыэкономикалық саясатын, транзиттік мемлекеттердегі көліктік тарифтерді, өзіндік көліктік инфрақұрылым деңгейі, жер өңдеу мәдениеті төмен болуының салдарынан болған өнімділік және т.б.).

Өзгеше сөзбен айтқанда, экономикалық әсер етуді өсіру мен мемлекеттің ауылшаруашылық және астық дамуын мемлекеттік ынталандыруының (соның ішінде, астық өндірісін тікелей және жанама дамыту мәселелері) астық нарығының экспорттық әлеуетін қалыптастыру мен дамытуына тікелей қатынасы бар.

Осыған байланысты экспорттық әлеуетті қалыптастыру мен дамытудың негізгі қағидаларын ажыратуға болады:

1. Экспортты артықшылықпен ынталандыру қағидасы мемлекетке астық секторы өзін өзі дамыту, сыртқы нарыққа шығу, валюта табу және сол арқылы өзін өзі дамытудың жоғары деңгейін қамтамасыз етудің жоғары ынталарына ие болу мемлекет үшін экономикалық тұрғыда тиімдірек болуымен байланысты астық нарығының ерекшелігімен байланысты. Экспортты ынталандыру экспорттық несиелерді беру, экспорттық несиелерді сақтандыру, астықты темір жолмен тасымалдауға тарифтерді төмендетудің және т.б. тетіктері арқылы жүзеге асырылады.

Сыртқы нарық бастапқы ма, ішкі нарық бастапқы ма деген мәселені шешу кезінде өзгеше маңызды сәт – ол ауылды мемлекеттің астық секторын тікелей қолдауына елеулі қаражаттарды жұмсамастан ауылдың өз бетімен даму (экспорт фактісі әлемдік нарықтағы баға ішкі бағадан жоғары екенін білдіреді) мәселесі шешілетінінде. Өзгеше сөзбен айтқанда, экспортты жанама қолдау астық өндірісін тікелей қолдауға қарағанда тиімдірек, себебі елеулі дәрежеде бизнес пен экономиканың өзін өзі қаржыландырылуына, мемлекеттік қаражаттардың үнемделуіне ықпалын тигізеді. Осы жағдайда экономикалық әсер мультипликативті болып табылатынын ескеру қажет, себебі ауылшаруашылық тауар өндірушілерін экспортты қолдау арқылы дамыту әлеуметтік мәселелердің шешілуіне: жұмысбастылықтың, ауылдықтардың табыстарының көтерілуінің және жалпы жұмыс деңгейінің көтерілуіне ықпалын тигізеді.

2. Өткізу нарықтарын сақтап қалу қағидасы. Бүгінгі таңда негізгі елдер – астықты экспорттаушылар (АҚШ, Канада, Австралия, Еуропалық Одақ, Аргентина) осы елдердің импорттаушы мемлекеттері оларға сеніп ұзақ мерзімді қатынастар орнатуының арқасында артықшылық жағдайда тұр. Нақты осы жағдай бағалық диспропорцияға қарағанда маңыздырақ болып табылады. осы қағиданы сақтау мемлекеттің экспорттық баждарды сақтықпен қолдану тұрғысында маңызды. Ол, өзге қағидалар сияқты, кедендік реттеуді қолдану тәптіштеп ойластырылған және түгенделген болуы және бір өлшемге – ішкі нарықтың қажеттілігіне негізделмеген болуы туралы айтады.

Өзгеше сөзбен айтқанда, тапшылық, ішкі нарықтағы төмен ұсыныс баждарды енгізу үшін негізгі сылтау болмауы тиіс. Себебі, баждарды енгізуден

пайда болған шығындар ауырық болып азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қысқа мерзімі мінетіне қарағанда ұзақ мерзімді әрекетке ие болуы мүмкін. Бүгінгі таңда әлемдік нарық мемелкет әрдайым астық пен нанға өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындай дамыған. Бірақ, өткізу нарықтарын жоғалту валюталық түсімнің үлкен шығындарымен ұштасуы мүмкін.

Сондықтан, ішкі нарықтағы сатып алу бағаларын көтеру және интервенциялық сатып алулар жолымен ішкі нарықты мемелкеттік реттеудің экономикалық әдістері әрдайым артық болады.

3. Экономикалық әдістерге кедендік-тарифтік әдістерге қарағанда артықшылық беру әдісі алдыңғысынан туындайды және біз жоғарыда атап кеткендей, экспорттық баждардың салдарын болжмау мүмкін емес болғандықтан, елеулі түрдегі кемшілігі бар. сондай-ақ, оған астық өнімділігін болжау аса қиын және егін жинау аяқталғанша анық еемс болуы да әсерін тигізді. Мысалы, егін жинау кезіндегі жаңбырлар, ауа райының салқындауы немесе өзге де стихиялық апаттар егін жинаудың барлық бар болжамдарын жоққа шығаруға қабілетті.

Қазақстан осы жағдайда квоталау мен кедендік шектеу сияқты шекті шараларды сирек пайдалана отырып парасатты саясат жүргізеді. Мәселен, 2013 жылдың басында ресейлік трейдерлердің қазақстандық астықты сатып алуының салдыранн шекаралас аудандарда ішкі нарықтағы астықтың кемшілігі байқалды.

Көктемде астық жетіспеушілігі қауіпі сатып алушылық бағаларды 125 долларға дейін көтеру арқылы тойтарылды, ол астық сатылымын тоқтатылуына әкеп соқтырды.

4. Сыртқы нарықтың үзіліссіз мониторингі қағидасы. Астық нарығы өзінің белгісіз болуына байланысты сыртқы нарықтағы белгісіздіктің жоғары деңгейі болашақ егінге сұраныстың анық болуына, анық болжаудың мүмкінсіздігіне әкеп соқтырады. Сыртқы нарықты және нарықтағы трейдерлердің мінез-құлқын зерттеу әрдайым мемелкеттің де, астық өндірушілері мен ұлттық тррейдерлердің назарында болуы тиіс. Сыртқы нарықтың мониторингін жүргізу аса шеберлікті талап етеді, себебі биржадағы мінез-құлық көбінесе болжанбайтын болып табылады.

Мәселен, көптеген трейдерлер және брокерлер қытай үкіметінің мәлімдемелеріне сенбеушілікпен қарады, себебі: «Қытай бір нәрсені сатып алуды жоспарлап отырғанда, ол ол туралы ешкімге хабарламайды».

Көпшілік осы пікірмен келіседі, себебі Қытай әр уақытта ірі масштабты сатып алуларда аяқастылықты және нарықтан кетудің де осындай аяқастылығын көрсетіп отырды.

5. Сыртқы нарыққа шығудың теңдей жағдайларын қамтамасыз ету қағидасы. Осы қағиданы сақтау астық өндірісі нарығында ірі компаниялар ұсақ өндірушілерге қысым көрсетуі мүмкін болғандықтан аса маңызды. Мәселен, Қазақстанның ірі астық компаниялары ұсақ шаруа қожалықтарына қарағанда оларға бағаларды да, сыртқы нарыққа шығудың шарттарын да мойындата отырып бәсекелестік артықшылық жағдайында болады. осы жағдайларда елеулі

емес экспорттық баждар да ұсақ тауар өндірушлер үшін сыртқы нарыққа шығу үшін елеулі кедергі болып табылады, ал ірі астық компаниялары оларды оңайлықпен жеңе алады.

6. Жоғары сападағы астық экспортын қалау қағидасы. Бүгінгі таңда әлемдегі ахуал төмендегідей: астық бағасы ұсыныстан жоғары болуына және жалпы бағалар динамикасы оң болуына қарамастан, астық сапасына қойылатын талаптар жоғарылап келеді. Мәселен, желімтігі 25% дейінгі бидайдың бағасы 20–30% төмен, ал 23% дейінгі желімтігі бар бидай мүлдем сұранысқа ие емес. Осыған ұқсас протеин деңгейі төмен бидайға (11,5% кем) қосымша импорттық баж салынады.

7. Өнімнің сапасын қатаң мемлекеттік бақылау қағидасы. Ұсақ немесе арам ниетті экспорттаушылар республиканың астық импорттаушысы ретіндегі имиджін бұзуы және ол өзге де адал ниетті экспорттаушыларға өз әсерін тигізуі мүмкін. Мәселен, бірқатар экспорттаушылар ылғалдылығы жоғары және шикі желімтігінің пайызы төмен астықты жібереді.

8. Астықты өңдеу өнімін жақын жерде орналасқан сыртқы нарықтарға экспорттауға бағытталу қағидасы. Әңгіме астықты өңдеу өнімінің (ұнның) экспорты экономикалық тұрғыда тиімдірек болып табылатыны және Қазақстанның Өзбекстанмен осы тұрғыдағы ынтымақтастық тәжірибесі Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінің дамуына ықпалын тигізетінін көрсетіп отыр.

9. Ауыспалы запастарды жан-жақты есепке алу қағидасы. Әлемдік нарықтағы бағалар ұсыныспен сұранысқа ғана емес, астықтың ауыспалы запастарының бар болуы және деңгейімен байланысты болып табылатын тұтынушылардың кейбір болжамдарына әсер етеді. Мәселен, барлық негізгі экспорттаушы – мемлекеттердегі (ЕО елдерінде – 3 млн. тоннаға, Канадада – 330 мың тоннаға, Австралиядла – 50 мың тоннаға) арпаның ауыспалы запастары қалдықтарының қысқартылуы баға қалыптастыру кезінде төмен өнімділікті болжаумен қатар шешуші рол атқарды.

10. Экспортты ынталандыру кезіндегі экологиялық баланс қағидасы. Мемлекет экспортты өсіру мақсаттарында ауыл шаруашылық нарықты тым қарқындалу экологиялық және әлеуметтік тепе-теңдікті бұзатынын естен шығармау қажет. осы тұрғыда ауылдық саладағы экспорттық мүдде өзге факторларды, ең алдымен, табиғи және әлеуметтік факторларды жауып тастамауы тиіс. Олай болмағанда, экспорттық стратегияның табыс факторлары тұрақты бола алмайды.

11. Іргелес нарықтардың әрекеттесу қағидасы. Әңгіме ең алдымен астық экспортына оларға ұсақ шаруа қожалықтары бағытталатын көршілес мемлекетердің нарықтары әсер ететіні туралы болып отыр. Мәселен, 2003 жылдың аяғында қазақстандық астықты Украинаның және Ресейдің трейдерлері белсенді түрде сатып алды, себебі олардың нарықтарындағы астықтың бағасы Қазақстанның ішкі нарығына қарағанда (шамамен тоннасы үшін 110-130 АҚШ долл.) жоғары.

12. Агронарықты демонополизациялау қағидасы. Бір жағынан, Қазақстандағы астық өндірісінің ерекшеліктері, өндірісті шоғырландырусыз

астықты өндіру мүмкін емес және тек қана ірі астық өндірісі әсіресе, өнімділігі және топырақ құнарлығы аз аймақтардағы шығындарды минимизациялауға қабілеттіліктерімен байланысты. Екінші жағынан, өндіріс пен экспортты жеелеген құрылымдармен монополизациялау фактілері ұсағырақ құрылымдардың сыртқы нарықтарға қол жеткізілуін елеулі түрде шектеуге қабілетті. Бағалық қысым және өткізуді монополизациялау жалпы алғанда қалған тауар өндірушілердің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соқтыруы мүмкін. Осы жағдайда ең қолайлы нұсқа болып өзіндік сатып алушылық және экспорттық ұйымдарды дамыту, сондай-ақ, экспорттық саладағы монополияға қарсы бақылау, бағалық келісімдерге жол бермеу, астықты дайындау мен өткізудің монополизациялануына жол бермеу табылады [72].

Келтірілген қағидалар экспорттық стратегияның негізіне салынуы тиіс. Экспорттық әлеуетті қалыптастыру және дамыту мәселесі астық нарығындағы экспорттың ролі елеулі маңызға ие болғандықтан, дербес қарастыруды талап етеді. ол астық дақылдары нарығының рентабельділігі төмен және оның табиғи-климаттық факторлардан жоғары дәрежеде тәуелді болуы сияқты жалпы ауылшаруашылығының ерекшелігімен байланысты, ол ұзақ мерзім ішінде рентабельділік пен пайдалылықты қолдап отыру үшін сыртқы нарықтың ролін ерекше етеді.

Сондықтан, саланың экспорттық әлеуеті мемлекеттің аса назарында болуы тиіс. Мемлекет осындай жағдайда ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету мәселелерімен ғана шектеле алмайды.

3.3 Қазақстанның Кеден Одағы аясында астық өнімдеріне кедендік тариф пен баға саясатының болашағы

Қазақстанның тәуелсіздік алып, егемендікке ие болуы жаңа заңдарды қажет етті. Ұлттық қауіпсіздікке байланысты жаңа құқықтық инфрақұрылымдардың құрылуы жаңа басты бағыттар мен заң шараларының қабылдануына алып келеді. Осындай басты бағыттардың бірі-кеден жүйесі.

Кеден ісі саласы-Қазақстан Республикасының кеден саясатын іске асыру кезінде кеден ісін қолдану жөніндегі мемлекеттік реттеу саласы. Кеден ісі кеден саясатының мақсатқа жету құралы ретінде, кеден территориясында арнайы әдіс-тәсілдері арқылы басқа кеден салаларының элементтерімен байланыса отырып, мемлекеттің монополиялық қызметінің құралы болып табылады.

Егемен мемлекеттің терең ойластырылған, жан-жақты қарастырылған кеден саясаты сыртқы экономикалық мүддені сенімді түрде іске асырады, экономиканы күйреуден сақтайды, оның сауығуы мен көтерілуіне жол ашады.

Белсенді сыртқы сауда саясатын жүргізумен байланысты Қазақстанның экспорттық-импорттық операцияларының көлемінің өсуі, кеден тарифтік реттеудің өсуіне әкеледі.

Қазақстанның өтпелі экономикасында сыртқы сауданы кеден тарифтік реттеудің мәні мен ерекшелігін талдау өте маңызды [73].

2010 жылдан бастап ел экономикасы тағы бір жаңа кезеңге қарай қадам басты. Ұлттық экономикалық кеңістігіміз Еуразия аумағындағы Беларусь, Ресей мемлекеттерімен бірігіп Кедендік одақ негізінде ықпалдасу сатысына көтерілді.

БР, ҚР және РФ кеден одағының бірыңғай тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы ретінде Кеден одағының комиссиясын құрылды.

Комиссияның негізгі міндеті кеден одағының жұмыс істеуі және дамуы жағдайын қамтамасыз ету болып табылады.

Комиссияның өз қызметінің нақты салаларындағы функцияларын жүзеге асыру тәртібі мен талаптары Тараптар арасындағы жекелеген халықаралық шарттармен белгіленеді. Комиссияға әрбір Тараптан қажетті өкілеттіктер берілген үкімет басшысының орынбасары немесе үкімет мүшесі болып табылатын бір өкілден кіреді. Тараптардың өкілдері Комиссияда тұрақты негізде жұмыс істейді. Орыс тілі Комиссияның жұмыс тілі болып табылады. Комиссияның орналасқан жері Мәскеу қаласы болып табылады [74].

Кедендік одақ негізінде 2010 жылдың қаңтардың 1-інен бастап Қазақстан, Ресей және Беларусь елдері арасында баж алымынсыз сауда жүргізіледі.

Осыған орай баждың өсуі азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне әсер етпейді, себебі олар негізінен Қазақстан аймағында өндіріледі немесе импорттық баж қолданылмайтын ТМД елдерінен әкелінеді.

Жоғары деңгейдегі баждың бір уақытта қолданылуы қазақстандық кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сол себептен Қазақстан үшін тауарлар бойынша Бірыңғай кедендік тарифке кезең-кезеңмен көшу құқығы сақталып отыр. Оны келесі кестеден көруге болады (кесте 10).

Кесте 10- ҚР Кедендік Одақ шеңберінде Бірыңғай кедендік тарифке көшу кезеңдері

Тауар	Көшу кезеңі	Қазақстанда әрекет етуші баж	Бірыңғай кедендік тариф
1	2	3	4
Дәрі-дәрмек құралдары	5 жыл	0%	10-15%
Медициналық құрал-жабдықтар	4 жыл	0%	10-15%
Қалайыдан жасалған жеке өнімдер (сым темірлер, тақтайлар, фитингтер)	Жарты жыл	0-5%	20%
Қалайы фольгасы	3 жыл	0%	20%
Теміржол вагоны	3 жыл	0%	10%
Химия өнеркәсібі үшін шикізат, полимерлер	4 жыл	0%	10%
Целлюлоза	4 жыл	0%	5-10%

10 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Пневматикалық құралдар	3 жыл	0%	10%
Электромагниттер және қорғауыштар	3 жыл	0%	15%
Жылыжай	3 жыл	0%	20%
Ескерту-ҚР Кедендік бақылау Комитетінің дерек көздері			

Бұл норма бізге өнім тапшылығының пайда болуына және сәйкесінше республикадағы салынып жатқан зауыттардың өндірістік қуатының толық деңгейде дайын болғанына дейін баға өсіміне жол бермейді.

Сондықтан қазіргі уақытта сәйкес өзгерістер дайындалып жатыр, себебі инвестициялық преференциялардың бір түрі кедендік баж төлеуден босату болып табылады. Аталған режимге технологиялық құрал-жабдықтарды, олардың қосалқы бөлшектерін, шикізаттарды, ұшақтарды, станоктарды және т.б. әкелу жатады. Сөйтіп, бұл норма қазақстандық кәсіпорындарға жаңарту және жабдықтау үшін жаңа технологиялық құрал-жабдықтарды, олардың қосалқы бөлшектерін, сондай-ақ өнім өндіру үшін қажетті шикізаттарды баж төлемей әкелуге мүмкіндік туғызады

Бүгінгі күні сарапшылар сауда-экономикалық байланыс, кедергісіз тауар айналымын арттыру, негізгі өнімдер арасындағы бәсекелесті пен кедендік тарифтер мәселесін қоса алғанда, жаңадан қалыптасқан кедендік одақтың экономикамызға тигізер әсері жөнінде әрқилы пікір айтуда. Кеден Одағының оң тұстарына тоқталатын болсам, ең алдымен аталған үш мемлекеттің арасында:

- кедендік бақылау;
- санитарлық-эпидемиологиялық;
- фитосанитарлық;
- ветеринарлық;
- көліктік бақылау жүзеге асырылмайды.

Яғни, алдағы уақытта Кедендік одақтың ішкі шекараларынан бақылаудың барлық осы түрлері алынып, тек шекаралық бақылау ғана қалады.

Мұның тауарларды еркін жылжыту тұрғысында айтарлықтай әсер ететіні түсінікті. Сондай-ақ, әкімшілік кедергілер азайған соң, Одаққа мүше мемлекеттер арасындағы сауда да жылдам жүрмек. Кедендік одақ аясында Біртұтас экономикалық кеңістік құру еліміз үшін шикізаттық емес экономиканы дамытуға мүмкіндік береді деп күтілуде. Ол үшін ең алдымен, сату нарығы маңызды. Өйткені, біздің экономикамыздың шикізаттық бағыты оның әлсіз жағы.

Қазіргі әлемдік дағдарыс кезеңінде Қазақстанның негізгі экспорттық ұстанымын мұнай және өзге де қазба байлықтар қалыптастырып отырғаны анық [75].

Ең бастысы, аталған Одақ көлемінде – 170 миллион адамы бар, жалпы ішкі өнімінің көлемі 2 триллион долларға жуық үлкен нарық ашылады.

Мұның өзі тұтыну нарығының айтарлықтай әлеуетке ие екенін көрсетіп тұр. Алайда, біздің ел үшін Одақтың көлеңкелі тұстары да жеткілікті.

Мәселен, Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда айналымы былтыр 20 млрд. долларға дейін өсіпті. Десе де, Ресей Қазақстанға 8 млрд. долларға жуық тауарды артық әкелетін көрінеді.

Кеден одағы жұмысын бастағанда әуелгі соққы отандық өндірушілерге тиетіні сөзсіз. Өйткені, олар Ресей мен Белоруссия елдерінің өнім өндірушілерімен ашық та, қатаң бәсекеге түседі. Мамандар бастапқыда ел экономикасының дамуы біраз баяулауы мүмкін дейді. Дегенмен, ашық нарық пен бәсекелестік екінші жағынан біздің кәсіпорындарымызға жаңа серпіліс әкелмек. Оның үстіне, Кедендік одақ аясында өнеркәсіптік әлеует 600 млрд. доллар шамасында деп бағалануда. Сол үшін де бұндай кеңістікке Еуразия құрлығында ғана емес, әлем елдерінде үлкен мән беріліп отыр. Көптеген сарапшылар қазіргі күні еліміздің салық саясаты Кедендік одақ аясындағы басқа мемлекеттермен салыстырғанда ыңғайлы әрі тиімдірек екенін айтады. Себебі, Қазақстан бұған дейін де ДСҰ-ға кіру мақсатында салық саясатына қатысты біршама шараларды атқарып, бұл бағыттағы заңнамалық құжаттарын әлемдік бағдарға ыңғайлай түскен болатын. Яғни, еліміздің өзге екі мемлекетке қарағанда салық саясаты озық. Әрине, әлемнің дамыған елдерімен салыстыратын болсақ, салық мәселесіне қатысты сауатты арттыру әлі өзекті күйінде екені рас. Сонымен бірге, Кеден одағы мен біртұтас экономикалық кеңістік көптеген мәселелерді басқаша шешуді қажет етеді.

Кедендік Одақ шеңберінде ел экономикасының деңгейін одан әрі дамыту жолында өз тарапымнан бірнеше ұсыныстар ұсынғым келеді:

Біріншіден, Қазақстанның шетелдік кәсіпорындармен бірлескен кәсіпорындар құру жолдарын жандандыру. Себебі ел бүгінгі заманғы құрылғылармен жаратқандыру үлкен шығынға түседі. Керісінше, шетелдік компаниялармен бірлескен кәсіпорындар құруды қолға алса, Қазақстан таяу жылдарда сапасы жоғары, бағасы біршама төмен және бәсекелестікке қабілетті өнімдерді көптеп шығара бастайтын болады. Бұл өнімдер шыға бастаған кезде кедендік одақ елдерінің ішкі рыногында кедендік алымсыз сатылатын болады. Бағасы біршама арзан және сапасы жоғары бұл өнімдері Кедендік Одақ шеңберінде әлдеқайда өтімді болары анық;


Екіншіден, Ресей және Белоруссия нарығында сұранысқа ие болатындай бәсекеге қабілетті өнімдерге мониторинг жүргізуді қолға алу, яғни қазақстандық брендті танытатын тауар өтімділік деңгейін жоғарлату;

Үшіншіден, Кедендік одақ Ресейде, Белоруссияда шығарылатын түрлі техника, өзге де жабдықтарды Қазақстанда құрастыратындай бірлескен кәсіпорындар құрудың жолдарын дамыту. Өйткені, осы елдерден қажетті жабдықтарды, қосалқы бөлшектерді шекарадан өткізуге кедергі жоқ.

Демек, Ресей, Беларусь елдеріндегі өзіміздің рынокқа қажетті өнімдерді Қазақстанда шығарудың бірден бір мүмкіндігі.

Кедендік Одаққа мүше елдер арасында мемлекеттік құрылымдардың өзара әрекет етуі, сонымен қатар кедендік төлемдерді, салықтардың толықтығы мен мерзімінде төленуі Кедендік Одақтың қызмет етуі мен дамуымен қатар мемлекеттік бюджет кіріс бөлігінің қалыптасуында негізгі мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасының кедендік қызметінің институционалдық дамуы маңызды еліміздің стратегиялық бағытының бірін құрай отырып, оның дамуы кедендік төлем көлемін бақылау механизмін қалыптастыруда өз көмегін береді. Әлемде болып жатқан өзгерістер ұлттық экономиканың дамуына өз әсерін білдіреді. Оны келесідей себеп-салдарлық сурет ретінде қарастыруға болады (сурет 15).



Сурет 15 - Кедендік кіріс көлемін реттеуді жетілдірудің негізгі бағыттары

Ескерту-Автормен құрастырылған

Кедендік кіріс көлемін реттеуді дамыту негізгі ұғымдарды қалыптастыру мен анықтаудан басталатындығы анық. Кедендік кіріс деп Кедендік Одақ шекарасы бойымен тауарларды өткізген кезде кедендік органдар арқылы алынатын ақша қаражаттары.

Кедендік кіріс көлемін реттеуді екі аспектіде қарастыруға болады:

- ақша қаражаттарын өндіріп алуда және мемлекеттік бюджетке аудару үшін арнайы қызмет ретінде;
- кедендік кіріс саласында кедендік саясатты жүзеге асыру процесі ретінде.

Жоғарыда аталған реттеу мақсаттары бойынша кедендік кірістер көлемін бақылауды реттеудің негізгі анықтамасы корініс табады. Яғни кедендік табыстар көлемін бақылауды реттеу дегеніміз ҚР заңнамасында көзделген тәртіптерге сәйкес кедендік және салық заңнамаларды қадағалауға бағытталған кедендік органдардың бақылау қызметі және кедендік төлемдерді мемлекеттік бюджетке мерзімінде, толық және дұрыс есептелуін реттеудің әдістері, құралдары, әдіснамасының жиынтығы.

Кедендік төлем көлемін бақылауды реттеудің тағы бір маңызды сатысы ретінде Кедендік Одақ шеңберінде реттеудің өзіндік механизмін өңдеп шығару танылады.

Кедендік төлемдерді реттеу кедендік жүйе институты ретінде өзіндік ерекшелігі бар ұйымдастырушылық-құқықтық кешенді білдіреді, ал бұл кешен өз тарапынан мемлекеттің өзара қатынасын, мемлекет арасында қалыптасқан жүйе шеңберінде кедендік төлемдерді төлеу мен есептеуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттің кедендік саясатының негізгі бағыты ретінде кедендік төлемді бақылауды реттеудің тиімділігін арттыру алғышарты келесідей болуы мүмкін:

- Кедендік Одақтың қызмет етуіне ықпал ете алатын кедендік төлемдерді өндіріп алудың мемлекеттік құқықтық-ұйымдастырушылық нысанына қол жеткізу;

- ҚР кедендік қызметі заңнамасында кедендік төлемдерді реттеу тәртібі мен нормаларын қадағалауды реттеу;

- Кедендік қатынастардың тек міндетті бағытын ғана емес, сонымен қатар икемділік бағыты бойынша дамыту.

Кедендік табыс көлемін бақылауды реттеудің мақсаты-ел экономикасының дамуын ынталандыру, сыртқы саудының жағымды жағдайларды қалыптастыру және мемлекеттік бюджетке кедендік төлемдерді түсу ретін бақылауды қамтамасыз ету. Бұл ретте реттеудің объектісі ретінде мемлекет пен заңды және жеке тұлғалардың арасында пайда болған ақшалық қарым-қатынастар болып табылады. Реттеудің пәні ретінде мемлекеттік бюджетке кедендік төлемінің түсуін қамтамасыз ететін, сонымен қатар кедендік төлем төлеу өзгерістерін икемді бола алатын қатынастар танылады.

Мемлекеттік бюджетке кедендік төлем көлемін түсуді реттеу механизмін мультимодальды кешен түрінде қарастыруды ұсынамын.

Бұл кешен бес негізгі модульден құралу керек:

- ұйымдастырушылық;

- бақылау;

- қызметті жүзеге асыру;

- құқықтық;

- Кедендік Одақ көлемінде қызметтің әрекет етуін қамтамасыз ету.

Оның ішінде: ұйымдастырушылық модуль қызметі- ҚР және Кедендік Одаққа мүше елдерінің кеден органдары қызметін жүзеге асыруға жағдай жасау; бақылау модулі- кедендік төлемдердің дұрыс есептеліп, мемлекеттік бюджетке мерзімінде, дұрыс көлемде түсуін қамтамасыз ету; қызметті жүзеге асыру модуль қызметі-кедендік төлемдерді өндіріп алу әдістері мен тәсілдерін және мемлекеттің фискалды қызметін дамытуды қамтамасыз ету; құқықтық модуль-Кедендік одақтың құқықтық-нормативті актілері, халықаралық келісімдердің жиынтығын, кедендік қатынастардың мүшелерінің қызмет ету тәртіптерін қамтамасыз ету.

Кедендік Одақ шеңберінде ең негізгі рольді бесінші модуль-одақтың кедендік қызметінің өзара әрекет етуін ұйымдастыру алады, өйткені оның негізгі міндеті ретінде ҚР кедендік шекарасында тауарларды тасымалдаудың

жағдайын және өзара тиімді әрекет етуін қамтамасыз ету болып табылады.

Автормен ұсынылған кешен бейнесі келесі суретте келесі суретте көрініс тапты (сурет 16).



Сурет 16- Мемлекеттік бюджетке кедендік төлем көлемін түсуді реттеу механизмінің мультимодальды кешені*

* Әдебиет көздерінің негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыда ұсынылған механизм тәртібі еліміз көлемінде кедендік төлемдер көлемін бақылауды реттеуді әлемде қалыптасқан жағдайларға сәйкес кедендік тәртіп пен ережелердің ықшамдалуына және елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Бұл жүйені жетілдіру кедендік төлемді өндіріп алудың әдіс-тәсілдерін дамыта отырып, кедендік кірістің мемлекеттік бюджетке мерзімінде және дұрыс көлемде төленуін қадағалауға көмектеседі. Кедендік Одақ көлемінде кедендік төлемді реттеу мәселесін шешу мақсатындағы негізгі қызмет әр мүше елдердің кедендік, салық, азаматтық заңнамалары өзара тығыз қызметін жүзеге асыруын қамтамасыз етілуіне бағытталу қажет.

Еркін сауда үшін күрес-өткен ғасыр екінші жартысындағы әлемдік экономиканың негізгі тенденциясының бірі және де соңғы жылдары жаһандану

мәніне ие болды. Жаһандану процесі еркін сауданың қозғалысын ғана емес, капиталдың, жоғары маманданған жұмыс күшінің қозғалысын білдіреді.

Әлемдік жаһандану кезіндегі интеграция маңызды процестің біріне айналды және көптеген елдердің Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру ынтасы әлемдік жаһандану тенденциясына нақты сәйкес келеді.

ДСҰ-ның негізгі мақсаты-әлемдік сауда жолдарын тарифтік әдістер арқылы, кедендік баждарды төмендету арқылы, тарифтік емес және өзге де кедергілерді жою арқылы ырықтандыру .

Алайда бұл ұйымға мүше болу реті ел экономикасы үшін гүлдену процесін әкелмеуі мүмкін, сондықтан мүшеліктің алдында келтірер жағымды және жағымсыз әсерді алдын ала саралаған жөн.

Бұл жерде Қытай елін мысалға келтіруге болады. Шығыс елі ДСҰ-ға мүшелікке бірнеше он жылдық көлемінде дайындалған еді. Нәтижесінде оң нәтижелер алынды: электроэнергия, түсті металл, қант, химиялық талшықты өндіру бойынша Қытай ірі өндірушілер санына, ал бидай, мақта, өсімдік майы, тоқыма өнімдерінің абсолютті көрсеткіштері бойынша бірінші орынға шықты.

Сауда көлемі бойынша-тоғызыншы орын, оның ішінде 85% ел экспорты өндірістік өнімге, алғашқы өңдеудегі тауарлар тек 13% құрайды.

Сонымен қатар ҚХР ДСҰ-мен өзара қатынаста көптеген сфера бойынша ұйым шарттарын қабылдаған болатын. Алайда ұзақ уақыт бойғы дайындық кезеңі ел үшін жарқын болашақты қамтамасыз етуі екі талай. Көптеген эксперттің талдауынша, ҚХР дің ДСҰ-ға кіруі соңғы бес жылда жыл сайын 1,5 млн. фермерлердің, тарифтердің төмендеуі мыңдаған автомобиль өндірісіндегі жұмысшылардың жұмыссыз қалуына себеп болады деп жорамалдайды.

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда ұйымына мүше болудың қандай оң және теріс әсерін тигізерін талдамас бұрын мүше болу процесін қарастырған жөн деп ойлаймыз.

ДСҰ құру Келісіміне сәйкес ГАТТ мүше елдерінің барлығы (128 мемлекет) ұйымды құрушы елдер қатарына еніп, Уругвай раундының келісім шарты пакетін ратификациялап, тауар мен қызмет көрсету міндеті тізімі ұсынады.

Қазіргі уақытта ДСҰ-ның толық қатысушылары болып 148 мемлекет танылады, соның ішінде 20 мемлекет жаңадан қосылған қатысушылар: Эквадор, Болгария (1996ж.), Монғолстан, Панама (1997ж.), Қарғызстан (1998ж.), Латвия, Эстония (1999ж.), Иордания, Грузия, Албания, Оман, Хорватия (2000 ж.), Литва, Молдова (2001ж.), ҚХР (желтоқсан, 2001ж.), Тайван (қаңтар, 2002ж.) и Армения (ақпан, 2003 ж.), Македония (сәуір, 2003ж.), Непал (сәуір, 2004ж), Камбоджа (қазан, 2004 ж).

Отыздан астам мемлекет ДСҰ-ның қадағалаушылар беделдігіне ие болған. Оның ішінде РФ, Сауд Арабиясы, Алжир, Украина, Қазақстан және басқа да ТМД елдері ұйымға мүше болудың әр түрлі сатыларында.

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда ұйымына мүше болу процесі 1996 жылдың 26 қаңтарында еліміздің ресми түрде мүшелікке өтініш беруінен бастау алды. Сол жылдың ақпан айында Қазақстан ұйымның қадағалаушы елі

ретінде тіркелді.

Қазақстанның мүшелікке енуін қадағалайтын Жұмыс тобы құрылып, оның құрамына қазіргі уақытта ДСҰ-ның 39 мүше елдері кіреді.

Жұмыс тобының Председателі ретінде БҰҰ және Женевадағы басқа да халықаралық ұйымдарда Финляндия Елшісі Веса Химанен тағайындалды.

1996-2003 жылдары кезеңінде ДСҰ Секретариатына көптеген ақпараттық материалдар мен міндетті құжаттар көлемі жіберілді. Сол арқылы 2003 жылы Қазақстан ақпараттық процесс кезеңін аяқтап, Жұмыс тобымен мүшелік жөніндегі шарттарды анықтау процесіне кірісті.

Қазақстан Республикасы Үкіметі көпжақты және екі жақты деңгейдегі келіссөздерді негізгі төрт бағыт бойынша жүргізеді:

- жүйелік сұрақтар бойынша келіссөздер;
- ауыл шаруашылығы сұрақтары бойынша келіссөздер;
- тауар нарығына ену мүмкіндігі бойынша келіссөздер;
- қызмет көрсету нарығына ену мүмкіндігі бойынша келіссөздер.

Қазіргі күні Қазақстанның ДСҰ-ға ену шеңберінде ДСҰ-ның 20 мүше елдерімен қазақстандық тауар мен қызмет көрсету нарығына ену мүмкіндігі бойынша екі жақты келіссөздердің аяқталуы туралы құжаттарға қол қойылды.

Ашық сауда саясаты әлемдік нарыққа енуге мүмкіндік беретін Қазақстан үшін өте маңызды. ДСҰ-ның халықаралық құқық шарттары елімізге ірі сауда әріптестерімен бәсекеге қабілеттілігі бойынша сайысқа түсуге мүмкіндік береді. Әр елдің ДСҰ-ға ену мақсаты белгілі бір артықшылықтарға иелену болып табылады. Қазақстан үшін олар келесілер болып табылады:

- Қазақстан ашық нарықтық экономикасы бар ел ретінде және оның дамуына әлемдік құрылымдар мен әлемдік шаруашылық өз әсерін тигізіп ғана қоймай, автоматты түрде ДСҰ-ның барлық мүше елдеріне қатысты ең икемді режимді пайдалана алады;

- Қазақстан өз тауарларын тасымалдауда көптеген қосымша және икемді жолдар қолдана алады. Бұл өңделетін өндірістің отандық тауарлармен сыртқы сауда үшін өте маңызды;

- ДСҰ-ға Қазақстанның мүшелік етудің қысқа және орта мерзімді перспективаларында өңделетін өндіріс пен жоғары технологиялық өндірістері бойынша инвестицияларды тарту артықшылығы басым;

- Қазақстан үшін маңызды мәнді ДСҰ режимін пайдалану, соның ішінде экспорттық тауарға қатысты антидемпингтік сауда келіспеушіліктерде, және де осы келіспеушіліктерді әділдік негізде шешуге мүмкіндік береді;

- ДСҰ-ға ену арқылы Қазақстан ұлттық көзқарастарды негізге ала отырып әлемдік нарықты реттейтін нормаларды өндеуге құқық алуға мүмкіндік алады;

- сыртқы экономикалық саясат пен үкімет көзқарасы, ДСҰ мүше елдері туралы жедел ақпарат алуға мүмкіндік ала отырып, тиімді сауда саясатын жүргізуге мүмкіндік алады;

- сыртқы нарықта жаңа технология, тауар, қызмет көрсету көлемін арттыру, халықаралық сапа стандарттарын енгізу арқылы ұлттық өнім сапасы мен бәсекеге қабілеттілік сапасын арттыру шарттарын құру;

- импорт көлемін арттыру арқылы төмен бағамен тауардың түрлі ассортиментін пайдалануға мүмкіндік алады.

Көптеген тәуелсіз эксперттер Қазақстан ұйымға мүшелік еткеннен кейін көптеген жағымсыз әсер алады деген қорытынды шығарды:

- кіші және орта бизнес иелері қазақстандық нарыққа жоғары кедендік бажсыз еркін ене алатын шетелдік өндірушілердің бәсекелесуге шыдай алмай, банкротқа ұшырауы;

- ұйымға мүше болу арзан ауыл шаруашылық өнімдердің нарыққа енуін жол береді, ал бұл өнімдермен отандық өндірушілер жақын арада бәсекелесе алмайды. Одан шығатын нәтиже елде ауыл шаруашылығының дамуы тоқтап, импорттық өндіріске байланысты болатын ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі төмендейді; Қуантарлық нәтиже ретінде импорттық тауарлар түсімінің артуын соның салдарынынан тауар түрлері артып, бағалар бірден төмендеуін айтуға болар еді. Алайда бұл баршылықпен барлық тұрғындардың қолы жетпейді: тауар түрі тек жаңа жағдайда қаржы таба алатындар ғана ие бола алады.

- Қазақстан тұрғындарының төрттен бірі кіші және орта бизнесте жұмыс жасайды, ДСҰ-ға енгеннен кейін басқа елдер тәжірибесі көрсеткендей кәсіпкерлердің көбі жұмыс жасауын тоқтатады. Ал жұмыс жасауын жалғыстыратындары жаңа технологияларды игеруді қолға алуы тиіс, бұл көптеген жұмысшылардың жұмыссыз қалуына себеп болады;

- Қазақстан мен Ресейдің ДСҰ-ға мүше болуы сапасыз қытай тауарларын әкелуді тоқтататын антидемпингтік санкциялар қолданылады. Алайда қытай тауарларымен сауда жасауға бейімделген кәсіпкерлер банкротқа ұшырап жұмыссыздық деңгейі жоғарлайды. Бұның салдары революцияны туғызуы мүмкін.

Қазақстан мамандарының көзқарасы бойынша, ДСҰ-ға енбес бұрын алдын ала жұмыстан босайтын жұмысшыларды қайта жұмысқа тұрғызу, сонымен қатар шетелдік өндірушілердің экспансиясынан қорғау мақсатында өнімдерге мүмкін жоғары тарифтер орнату мәселесін шешу керек.

ДСҰ жақтаушылары Қырғызстан үшін өтпелі кезең де түсіндіріп, бұның барлығы қырғызстандықтардың ұлттық менталитеті ерекшеліктеріне және елдің геоэкономикалық орналасуына байланыстылығымен түсіндірді.

Еліміздің ұйымға енуі экономикалық мүмкіндіктерді кешенді талдап ғана қоймай, бұл қадамдардың салдарын да талдауды қажет етеді. Алайда қазіргі уақытта елімізде экономикалық салдарды бағалайтын сәйкес база жоқтығы істі қиындатады. Бұл сандық бағалауға бағынбайтын тарифтік емес реттеу әдістерінің тым көптігі, екінші жағынан сауда ұйымына ену салдарын бағалайтын сандық баға алуға мүмкіндік беретін құралдардың жоқтығы.

ДСҰ-ға мүшелік ету отандық экономика салалары үшін қандай өзгерістер әкелетіндігі автор тарапынан зерттеліп, төмендегідей қорытындылар шығарылды.

Тарифтік кедергілердің болжамды төмендеуі сауда көлемін ұлғайтса да бюджетке кедендік баждар түсімдерін қысқартады. Егер кедендік баж үлесі

тауар бағасында аз орын алса да (шамамен 5 пайыз) көптеген тауар позициялары бойынша шетелдік жабдықтаушылар бәсекеге қабілеттілігі артады. Бұл отандық тауар өндірісінің құлауына не тауардың өзіндік құнын өндіріс шығыстарын қысқартумен не кірісті азайту арқылы төмендетуге себеп болады. Күшті фактор ретінде тенгенің айырбас бағамының нақты динамикасы болып табылады, ол екі бағытта жұмыс жасайтын болады: ұлттық валюта құнсызданатын болса отандық тауар өндірушілерді қолдау немесе тенгенің айырбас бағамы өсетін болса, шетелдік жабдықтаушыларды ынталандырады;

Екінші жағынан, ДСҰ-ға енуде тарифтік кедергілердің төмендеуі отандық тауар өндірушілерге қосымша мүмкіндік беретін паритетті бастамадан бастау керек. Алайда қазақстандық экспорт құрылымының өзіндік ерекшелігі әкелетін тауарлардың негізгі бөлігіне импорттық баж не нөлдік, не аз ғана болады;

Бұл саладан шығатын нәтиже елімізге сауда ұйымына мүшелік ету экспорт үшін тигізер әсері аз. Экспорттық бағалаулар бойынша бұдан тек қазақстандық тауар экспортының 10 пайызы ғана ұтады.

Сондықтан ДСҰ-ға ену мен кедендік баж өзгерісі тек ірі сала үшін ғана емес, сонымен қатар нақты тауар топтары мен жекелеген тауарлар үшін маңызы зор.

Сол арқылы жекелеген тауар түрлері бойынша экспорт пен импорт көлемінен тигізетін әсер де байланысты болады.

Әлемдік экспорттық құрылым талдауы дайын тауар (87 пайыз) басым үлесі алады, шикізат 13 пайызды құраса, қызмет көрсету экспорты көлемі бірден өсуде.

Қазақстанда экспорттық-импорттық құрылым тіптен басқаша. Импорттың негізгі үлесін дайын өнім мен қызмет көрсету құраса, (импорттық ағымда негізінен халық тұтынуындағы тауарлар, аз үлесте инвестициялық тауарлар) экспортта негізгі үлесті шикізат тауарлары алады: минералды өнімдер – 57%, металлургия өндірісінің өнімі – 25%, тұтыну тауарлары мен оның өндірісі үшін қажет шикізат үлесі – 7%. Үлкен көлемді өнімдер (машиналар, құрылғы, құралдар мен аппараттар) тек шамамен 2 % құрайды. Нәтижесінде, Қазақстанда өндірілетін өнімдердің 90 %-нан көбі шикізат ретінде шетелге шығарылады.

Өндірістің өндейтін саласының дамымауы салдарынан экспорттық өнім түрлерінің көбеюі байқалмайды. ТМД-дан өзге еліміздің экспорт көлемін мұнай, газ конденсаты, мыс құрайды. ТМД-ға мұнай, газ конденсаты, көмір, бидай, алюминий оксиді мен қара металл прокаты экспортталады.

ТМД-дан өзге елдерге импорт үлесін машиналар, құрылғылар, трубалар, жеңіл автокөліктер, медициналық құралдар, өнімдер, кең қолданбалы заттар алса, ТМД елдеріне минералды және мұнай өнімдерімен, табиғи газ, химиялық және металлургиялық өнімдермен, қолданбалы өнім, машина және құрылғымен жабдықтаушылар негізгі орын алады. Ресми ақпарат көздерінің пайымдауынша экспортқа қарағанда импорт көлемінің көп болу тенденциясының сақталуы негізгі құралдардың интенсивті жаңаруын байқатады. Бірақ импорттың

инвестициялық өсімі импорт көлемінің құндық өсімімен байланысты, яғни оның құрылымынды өзгеріс болмады: инвестицияның көп бөлігі өндіруші салаға ғана жұмсалуды өндірістің тепе-теңдіктің жағдайын төмендетеді. Қазіргі кезде Қазақстанның шикізат мен төменгі деңгейдегі өнім саласы ДСҰ-сыз да тұрақты нарыққа ие болады. Ұйымға кіру арқылы Қазақстан әлемдік құрылымға одан бетер тәуелді болады.

Мұнай мен газ (негізгі қазақстандық экономикасының экспорттық секторы) индустриясындағы кәсіпорындар үшін ДСҰ-ға ену проблема туғызбайды.

Еліміз үшін энергиятасушылардың отандық нарығында шетелдік бәсекелестен қауіптенбеуі керек. Екіншіден ұйымға мүше болу қазақстандық энергиятасушылардың экспортының өсіміне әсер етпесе де, шетелдік елдердің энергия үшін әкелу кедендік бажына қысқару болмайды: олар нөлге не аз көлемінде;

Қара металлургия өнімдері көп жағдайда импорттаушы елдер тарапынан көптеген тауарлық шектеулерге тап болады, сондықтан ДСҰ-ға ену бұл шектеулердің көлемін қысқартады деген үміттеміз.

ДСҰ-ға ену қазақстандық нарықта тарифтік қорғау деңгейінің төмендеуіне әкеледі, алайда металлургия саласында антидемпингтік шаралар қолданылады;

Қазақстанның алюминий өндірісі халықаралық нарық құрылымына қатты тәуелді болады, өйткені барлық дерлік өнім үлесі экспортқа кетеді. Талдау бойынша, сауда ұйымына мүше болу көп әсерін тигізе қоймайды, алайда қара металлургия саласындағы жағдай секілді шетелдік жабдықтаушылардың отандық нарықты тауардың жоғары деңгейімен жаулап алуы мүмкін.

Еліміздің ДСҰ-ға ену отандық химиялық өндіріске әсері тауар ерекшелігі сонда кейбір тауар номенклатура түрлері бойынша елде толық түрде өндірістік қуат бар және импорттық тарифтердің төмендеуі импорттық тәуелділіктің өсуіне және соған сәйкес пластмассалар, автомобиль жабдықтары, лакталған материалдар, жуу және тазалайтын құралдар, полиэтилен, полипропилен және басқа химиялық тауарлар көлемінің азаюына себеп болатындығынан көрінеді.

Бұл жерде ескеретін мәселе, саланың сезімталдығын импорттық тарифтер мен бекітілген ставкалар бойынша аздаған өзгерістің өзі лак, бояу, жекелеген материалдар бойынша бәсекенің жоғарлауы, сала бойынша маңызды проблемалар туғызуы мүмкін.

Қазақстанның ДСҰ-ға енуі алдымен бәсекеге қабілеттілігі төмен кәсіпорындар үшін жағымсыз әсер етуі мүмкін. Бұндай кәсіпорындар өндірісінде жаңа жоғарғы технологиялар қолдануды талап етеді.

Халықаралық саудаға мүше болу ішкі нарықтағы кіші тауарөндірішідердің халықаралық стандарттарға сәйкес ТНК өнімімен бәсекеге түсуі керек. Бұл жағдайда көбінесе орта бизнес өмір сүре алмай өндірістің өңдеуші салаларының жойылуына, жұмыссыздықтың өсуіне, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне себеп болады.

Өндірістің өңдейтін саласының дамымауынан экспорттық өнім номенклатурасының ұлғаюы мүмкіндігі шамалы. Бұл салаға инвестиция көлемі

де өте аз көлемде. Сондықтан да қазақстандық өңдейтін кәсіпорындардың сауда ұйымына енудің стратегиялық пайдасы ретінде толық кешенді теріс салдар болатындығын болжамданады. Негізінен бұл мемлекеттік және жекелеген құрылымдардың ДСҰ рұқсат берген қорғаныс шараларды өткізу әдістерінің әлсіздігі;

Зерттеулер бойынша Қазақстанда қайта өңдеуші өндірістердің толықтай жойылып кетуін мемлекеттік қолдау шаралары, соның ішінде отандық лизингтік компания кепілдігі мен сәйкес шетелдік мысалында импорттық баждардың өсімі сақтай алады. Бұндай әдісті ДСҰ-ға ену шарттарына қарама-қайшы келсе де, ең болмағанда бастапқы 4–5 жылда қолдану керек, олай болмаса енді көтеріліп келе жатқан өндірісті импорт ағымы қайтадан басып тастайды.

Қазақстанның ДСҰ-ға енуі қытай тауарларының қозғалысы үшін экономикалық және сауда шекараларының толық көлемде ашылуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан мен Қытайдың сауда қатынастары жаңа сипатқа ие болғанымен, отандық тауарлар одан да жоғары бәсекелестікке кезігеді. Қытай (әлемдік киім және аяқ киім өндірісінің 1/8 бөлігін бақылайды) қазақстандық нарыққа еркін мүмкіндік алғаннан кейін отандық жеңіл өнеркәсіп дамуының көтерілуіне күмән туғызады. Онымен қоса қазіргі кезде 70 пайыз құрылғы тозып, жергілікті шикізат шетелге кетіп жатыр.

Еліміздің ауыл шаруашылық саласы бойынша ДСҰ шеңберінде дотациялар мен субсидиялар көзделген;

Алайда қосылушы елдердің ең қиын келісім сөздер кезеңі осы сала бойынша жүргізіледі. Қазақстан үшін бұл экономика-құраушы салалардың бірі.

Ауылшаруашылығы дамуының болашағымен Қазақстан халқының 44% тағдыры тығыз байланысқан. Ауылда ұлттық генекор жинақталады, ауыл тұрғындары ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрлерді, рухани құндылықтарды өз бойларында сақтайды және таралады. Сондықтан ауылдың дамуы Қазақстан үкіметінің ұзақ мерзімге бағытталған әлеуметтік-экономикалық мақсаттарының бірі. Азық-түлік қауіпсіздігі сыртқы орта жағдайларын сақтай отыра, қол жеткізімді бағамен, сапасы жақсы, жеткілікті көлемде өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету. ДСҰ-да 15 елдермен ауыл шаруашылығының көпжақтылық концепциясы қабылданған, ол бұл салаға көмек көрсетуге мүмкіндік береді. ДСҰ-да бұл концепцияны Жапония, Корея, Швейцария, Норвегия, ЕК қолданылады. Мысалы, Жапония Үкіметі ауыл шаруашылығына көмек көрсетуді келесі факторлармен байланыстырады:

- әлемдік нарықты азық-түлікпен қамтамасыз ету тұрақсыз. Ауыл шаруашылығы жалпы тұрақсыз сала, оның өнімдерін тек бірнеше елдер ғана экспорттайды;
- азық-түлік жетіспеген жылдары ауқатты мемлекеттер оның барлық қорларын сатып алуы мүмкін, ал бұл әлемдік нарыққа кері әсерін тигізеді;
- өнімдерді сақтау кезінде тез бұзылатынына байланысты резервтерді тек қысқа мерзімге жасау мүмкіндігі.

Қазақстан үшін бұл саланың маңызы ерекше. Оның дамуы мемлекетке мультипликациялық әсерін тигізеді. Бір жағынан ол өзі өндіріс салаларын шикізатпен қамтамасыз ететін болса, екінші жағынан өзі ауылшаруашылық техника, құрылыс, көлік салаларының өнімдерін тұтынады. Осылайша сала басқа салалардағы жұмысбастылық деңгейін сақтай отыра, олардың өнімдеріне сұранысты қамтамасыз етеді. Қазақстанның кейбір ерекше жағдайларын ескергеніміз жөн. Астық шаруашылығының көп бөлігі тәуекелі жоғары жер өңдеу зонасында орналасқан: 2-3 жыл жағымды климат жағдайлары 1-2 жыл жағымсыз климат жағдайларымен алмасады. Малшаруашылығы да үлкен тәуекелмен дамиды. АҚШ және Европа елдеріне қарағанда, әр өндіріс үлкен территория өңдеуге, техника және адам ресурстарын тартуға мәжбүр болады.

Ауылшаруашылығына көмек көрсетуден бас тартуға болмайды, өйткені ол ел үшін көптеген тәуекелді жағдайларды тудыруы мүмкін, өнеркәсіп өндірісінде бәсекенің әсері оларды жаңартуға көмектессе, ауыл шаруашылығы импортталатын тауарлармен бәсекеге түсе алмайды да, нәтижесінде құлдырауға ұшырайды, 6 млн. адам қалалар мен көршілес мемлекеттерге миграциялауға мәжбүр болады. Онда қалаларда жұмыссыздар саны шектен тыс асып түсіп, мемлекетте кедейлік, қылмыстық өсе түседі де, тұрақсыз саяси жағдай туындайды.

Осыған байланысты көптеген дамыған мемлекеттер ауыл- шаруашылығын қорғау шараларын қолданады. ДСҰ-да ауылшаруашылығын қорғау мен көмек көрсету үш бағыт бойынша жүзеге асырылды:

- 1) Ауыл шаруашылық экспортты субсидиялау;
- 2) Ауыл шаруашылық және азық-түлік өнімдеріне тарифтер;
- 3) Ауылшаруашылығын ішкі субсидиялау.

Ауылшаруашылығына ең үлкен көмекті АҚШ, Жапония, ЕО сияқты дамыған мемлекеттер көрсетеді.

Бұл салаға қатыстаы автор тарапынынан ұсыныстар беріледі:

- Қазақстан ет пен астықты стратегиялық маңызды өнім ретінде ДСҰ-ның келісімдерінен алып тастауды талап етуі керек (Мысалы, Жапония елінің күріш жайындағы әрекеті);

- Алайда бірден ауыл шаруашылық экспортты субсидиялаудан бас тарту керек.

Бұны барлық мүше елдер талап етеді және соңғы жылдары ДСҰ-ның құрамына енген елдердің барлығы оны алып тастады. Сонымен қатар Қазақстанда субсидияларды ауылшаруашылық өнімдерді өндірушілер емес, делдалдық астық компаниялары алады. Яғни олардан бас тарту фермерлерге өзінің кері әсерін тигізбейді. Ауылшаруашылық өнімдер импортына тарифтер басқа мүше елдердің тарифтеріне қарағанда едәуір төмен-16.3%, бұл тариф дамушы елдерде-18.76%, өтпелі елдерде-13.36%, ал дамыған елдерде- 43,41 %.

Мүше елдер импорттық тарифті 6% деңгейіне дейін төмендетуді талап етуі мүмкін, ал 6 жыл ішіндегі орташа салмақтанған кедендік баждардың біртіндеп төмендетілуі тауар өндірушілерге шығарылатын өнім сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Тарифтік қойылымды арттыруға байланысты нарықтық

қауіпсіздік деңгейі артпайды, өйткені оның әсерінен кедендік әкімшіліктің әсерінен жоққа шығады. Бүгінгі таңда бұл саланы қорғалған деп атай алмаймыз, алайда ол тарифтерсіз дамып келе жатыр.

Ауылшаруашылығын ішкі субсидиялау мәселелерін шешу қиынға түседі. ДСҰ-ның ережелері бойынша ең үлкен деңгей дамыған мемлекеттер үшін

6 жыл ішінде 20%, ал дамушы елдер үшін 10 жыл ішінде 13% төмендетілуі керек.

Интеллектуалды техниканың жағдайы да қуантарлық емес. Бір жағынан жоғары белсенділік байқалады, ақпараттық компаниялар саны өсті, техникалық қызмет ету құрылымы дамып келе жатыр. Екінші жағынан компьютер және компьютерлік байланыс құрылғылары, перифериялық құрылғылары мен базалық бағдарламалар шетелден әкелінеді. Отандық есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету әлемдік бәсекеге шыдай алмайды, экспорт көлемі тым аз мөлшерде.

ДСҰ-ға толық мүше болғаннан кейін халықаралық сауда саясатының қалыптасуына, ДСҰ көлемінде әрекет ететін тәртіп шеңберінде мәселелер мен дауларды шешуге мүмкіндігі болады. Сонымен қатар, шетелдік инвестицияны тартуға жағымды климат орнап, ДСҰ-ның мүше елдері арасында қазақстандық инвесторлардың мүмкіндігі артады.

Ескерте кететін жайт, сыртқы сауда тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан ДСҰ-ға мүше болуды ұлттық көзқарастар мен артықшылықтарды ескере отырып, ұзақ мерзімді бағдарламалардағы индустриалды-инновациялық даму Стратегиясын қоса алғандағы максималды тиімді жағдайларда мақсат етуі керек.

Сондықтан Үкімет тарапынан ДСҰ-ға мүше болғаннан кейінгі қатал бәсекеге шыдай алатын отандық тауар өндірісін қалыптастыруда шаралар жүргізуде. Бұл шаралардың бірі ретінде кедендік тарифтің эскалация қағидасы пайдалану қажеттігін атап көрсеткім келеді. Бұл қағида негізі өндірістік және ауылшаруашылық тауар құрылымында ҚҚС-ның өсу деңгейіне қарай импорттық кедендік баждарын бекітуде жатады.

Сонымен қатар, индустриялық-инновациялық даму Стратегиясы экономика салалары мен шикізаттық бағытындағы қалдықтарды диверсификациялау арқылы ел дамуының тұрақтылығына қол жеткізуіне бағытталған мемлекеттік экономикалық саясатты қалыптастырады.

Онымен қоса отандық кәсіпорындарда жоғары сапалы өнімді өндіруді арттыру мен сапаның халықаралық стандарттарын енгізу шаралары көзделген. Қазақстандық заңнамамен мен ДСҰ тәртіптеріне сәйкес әділетсіз бәсекелестіктен қорғау мақсатында қорғау антидемпингтік және өтемдік баждар қолданылады.

Әр ел ДСҰ-ға мүше болу арқылы ең тиімді жағдайларға қол жеткізуді, соның ішінде тарифтің төмендеуі және ішкі нарықтың ашылуы сияқты басымдықтарды көздейді. Осы бағытта да қазақстандық келіссөздер тобы жұмыс жасайды. Олардың алдындағы негізгі мәселе Қазақстанның ДСҰ-ға мүше болу жөніндегі Жұмыс тобының Баяндамасын өңдеуге шығу мен

келессөздер процесін интенсификациялау болып табылады.

